

Б.Керімбекова, Ж.Мұқанова

# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

6

Жалпы білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған оқулық

*Казақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2018

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5 Қаз)я72  
К32

### Шартты белгілер

-  Тындаңық
-  Оқыңық
-  Жауап берейік
-  Талдайық
-  Салыстырайық
-  Багалайық
-  Жазайық

Керімбекова Б., Мұқанова Ж.

К32 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 152 б., сур.

ISBN 978-601-07-0948-5

К 4306020400—028  
404(05)—18 2(1)—18

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5 Қаз)я72

ISBN 978-601-07-0948-5

© Керімбекова Б., Мұқанова Ж.,  
2018  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
безендірілуі, 2018  
Барлық құжықтарды қоргалған  
Басылымның мұлдатқ құжықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

## МАЗМУНЫ

<b>АЛЫ СӨЗ .....</b>	4
<b>ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ .....</b>	6
<b>ЕРТЕГІ .....</b>	7
«Аяз би» ертегісі .....	8
<b>ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ .....</b>	21
«Алып Ер Тұнға» жыры .....	22
Алыш Ер Тұнғаны жоктау .....	24
<b>ИСЛАМ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ (Х–ХII ғг.) .....</b>	29
Әбу Насыр ал-Фараби .....	–
«Қашықтасын, тұған жер» өлеңі .....	31
«Тіршілікте күрыштай бол төзімді» өлеңі .....	34
<b>ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ .....</b>	37
Доспамбет жырау .....	–
«Қоғалы көлдер, ком сулар» толғауы .....	39
«Айналайын Ақжайық» толғауы .....	42
<b>АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!</b> .....	48
Абай Құнанбайұлы .....	–
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі .....	53
«Гылым таптай мактанба» өлеңі .....	56
Абайдың қарасөздері .....	60
Бірінші сез .....	61
Жетінші сез .....	63
Отыз бірінші сез .....	67
<b>МЕН БАЛАҢ ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ КУҒАН .....</b>	70
Сұлтанимахмұт Торайғыров .....	–
«Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі .....	72
«Шәкірт ойы» өлеңі .....	74
Сайын Мұратбеков .....	77
«Жусан шісі» хикаясы .....	78
Оралхан Бекей .....	97
«Тортай мінер ақ боз ат» хикаясы .....	98
Қалмакан Әблікальыров .....	107
«Қажымұкан» повесі .....	108
<b>ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҰНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ .....</b>	126
Ерлан Жүніс .....	–
«Менің атым тәуелсіздік » өлеңі .....	127
Аскар Алтай .....	131
«Прописка» әңгімесі .....	132
Расул Гамзатов .....	141
«Ана тілі» өлеңі .....	142
«Менің Дағыстаным» повесі .....	145
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	150
Электрондық ресурстар .....	151

## АЛГЫ СӨЗ

Талапшыл достарым, міне, әдебиет пәнімен алғаш танысқан 5-сыныпты артқа тастап, жаңа бір оқу жылын бастап отырмыз. 6-сыныпқа келдік, тағы бір жылға есейдік. Абайша айтсақ, «Естігенімізді ескеріп жүретін естілердің» катарына косылдық.

Достар, мектептегі әрбір пәннің орны бөлек. Біреуінен табиғат сырын ұғынсақ, келесі бірінен күнделікті өзіміз тұтынатын әрбір заттың құрамын білеміз. Барлық пән біздің білімді де білкті азамат болуымызға қызмет етеді. Сондай қызыққа толы пәндердің бірі – «Қазак әдебиеті».

Қалай ойлайсындар, ешкімнен кем емес рухани құндылықтарымыз бар халық екендігімізді дәлелдейтін не нәрсе? Ол – әдебиет.

6-сыныпқа арналған «Қазак әдебиеті» окулығы әдеттегідей таңғалдырар қызықты ертегі мен күш-жігерге толы толғаулар мен жырлардан басталады. Абайдың гибратка толы өлеңі мен қарасөздері, С.Торайғыровтың үмітке жетелейтін өлеңдері бәрімізге ой салары анық. Балалық шақтың қызық та киын күндерінен сыр шертетін С.Мұратбеков пен О.Бекей шығармалары киялымызды сан қырыға шарлатады. Ал Қ.Әбдіқадыровтың атақты палуанның женіске толы жолын суреттеген «Қажымұқан» повесі де сүйіп оқитын шығармамызға айналары сөзсіз.

Өздеріне арналған осы окулықта біз оқыған көркем шығармамызға катысты көптеген сұрақтарға жауап алып, автордың айтпак болған ойын анықтап үйренеміз. Көркем шығарма бүтін бір организм сиякты, ол да көптеген құрамдас бөлшектерден тұрады. Белгілі бір ойды жеткізуде қаламгер жай ғана айта салмай, оны көркемдеп, әсемдеп жеткізуғе тырысады. Біз автордың осындай шеберлігін танып, талдап, пікірімізді ауызша да, жазбаша да білдіруге машықтанамыз. Өздеріне ұсынылып отырған барлық тапсырмалар шығарманы түсініп, талдап, ондағы кейіпкер әрекеттерін бағалауга, салыстыруға негізделген.

Окулықтағы «Сөз сирі» айдарында ұмыт бола бастаган сөздердің мағынасын білсек, «Жас ғалымға көмек» айдарында көптеген әдеби-теориялық ұғымдармен танысамыз. «Зерттеік!» айдары зерттеушілікке баулыса, «Шығармашылық шеберхана» айдарында автор өміріне немесе шығарманың жазылу тарихына катысты құнды ақпаратқа не боламыз. Ал «Артық болмас білгенің» де сүйікті айдарларын болатынына күмәніміз жок.

Әдебиет айдынында өздеріне сәттілік тілейміз!

## ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ

Сүйем сені туган ел – атамекен,  
Абзал анам сенсін гой құшагын кен.  
Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсін,  
Сенен артық не табам, қайда кетем.

Касым Аманжолов



## ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ

Достар, халық арасында «Әркімнің тұған жері – Мысыр шаһары», «Әркімнің тұған жері – жерүйік», «Тұған жердей жер болмас, тұған елдегі ел болмас» деген қанатты сөздер жіп айтылады. Мұның бәрі тұған жердің ең қымбат казына екенін аңғартса керек.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Тұған жер» бағдарламасын колға атуды ұсынып, «Болашакка бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қазақ «Тұған жерге туынды тік» деген бекер айтtagan. Патриотизм кіндік қаның тамған жерінде, өскен сұлытыңа, қалан мен өнірінде, яғни тұған жерінде деген сүйіспенішіліктен болжалады... Бағдарлама неге «Тұған жер» деген атапады? Адам баласы – шексіз зерденің гана емес, гажайып сезімнің иесі. Тұған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жансың өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсө де жүргегінің түбінде алдынан өттейтін жан баласы болмайды. Тұған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңқарлікten атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі», – деген болатын.

«Тұған жерім – аялы алтын бесігім» атты тарауда біз:

- «Аяз би» атты шыншыл ертегіні оқып, ақылды адамның жерде қалмасына көз жеткіземіз.
- Алыш Ер Тұңғадай батырдың ерлік істері мен оны халқының қаншалыкты құрметтеп, бағалағанына куә боламыз.
- «Екінші ұстаз» атанған, бүкіл түркіге ортақ ойшыл-ғалым әл-Фарабидің тұған жерге деген сезімі суреттелетін жырларымен танысып, акындық кырына қанығамыз.
- Ел басына күн тұғанда каруымен де, жырымен де еліне қорған болған Доспамбет жыраудың толғауларынан сол заманның көріністерін кез алдымыздан өткереміз.

Тұған еліміздің асыл мұрасының иесі өзіміз екенін естен шығармайық, достар!



Р.Кұлбатыров. Тұған жер

## ЕРТЕГІ

Мұхтар Әуезов: «Ертегі» деген ат ертеде, ерте күндергі деген сөздерден туған. Кейде «ертек» деп те айттылады. Содан ертегі айтуышыны «ертегіші», «ертекші» дейді. Қазақ ертекшісі де көптен-көп ертегісін: «Ертеде бір бай болытты», «Ертеде бір хан болытты», «Ертеде бір кемпір мен шат болытты» деп бастайды», – дейді<sup>1</sup>. Қазақ ертегілерін жинап, зерттеп, жинақ болып жарық көруіне Шоқан Ұәлиханов, Илья Березин, Василий Радлов, Әбубекір Дидаев және т.б. ғалымдар үлкен үлес коскан.

### Шыншыл ертегі

Шыншыл ертегілердің киял-ғажайып және хайуанаттар жайлы ертегілерден айырмашылығы – мұндағы оқиғалар өмірлік таластартыстардан туып, шындыққа жақындау болып келеді.

Шыншыл ертегілердің мынадай негізгі түрлері бар: 1) салт ертегілер; 2) құлдіргі ертегілер; 3) аныз-ертегілер; 4) күй анызы.

**Салт ертегілердің** такырыбы, негізінен, акылды адам, пайдалы еснет, хан мен қарапайым халық, әке мен бала, аға мен іні болып келеді. Мұндай ертегілер кетарында «Аяз бі», «Білгір адам», «Үш еснет», «Алпысқа келгеннен акыл сұра», «Кесір хан мен тазша», «Қарт пен тапқыр жігіт», «Үш ауыз сез» т.б. ертегілердің айтуымызға болады. Аталған ертегілерде кебінесе акылдылық, тапқырлық, адалдық сияқты қасиеттер дәріптеді. «Ақылы асқан адамға ханнын өзі де бас исе» деген халықтың таза арман-тілегі осы ертегілерден ангарылады. «Аяз бі» ертегісін осындағы ертегінің үлгісі деуге болады.

**Құлдіргі ертегілер** бала мен үлкенге бірдей ортақ күлкіге, қызықты оқиғаларға күрылады. Мұндай ертегілердің кейіпкерлері атына заты сай, сырт келбеті ғана емес, мінез-құлыктары мен іс-әрекеттері де күлкілі, оғаш болып келеді. Мысалы: «Тогыз Тонқылдақ, бір Шінкілдек», «Шибұт, Қағанакбас, Қылкенірдек», «Ұр, токпақ», «Қанбакшал», «Екі еріншек» және т.б.

Аныз-ертегілер деп тарихта болған адамдар жайында халық шығарған көркем, жасанды әнгімелерді айтамыз. Жасанды дейтін себебіміз, мұндай ертегінің кейіпкері тарихта болғанмен, ондағы оқиғалар сол қалпында болмаған. Халық өзі қадірлекен адамын есінде сактау үшін, ол туралы осындағы аныз-ертегілер шығарған. Бұған мысал ретінде Қорқыт, Асанқайғы, Жириенше шешен, Алдар көсе, Кожанасыр жайлы әнгімелерді айтуда болады.

<sup>1</sup> Әуезов М. Шығармаларының елу томлық толық жинағы. 42-том. Алматы: Дауір, 2014.

**Күй аңызында** домбыра, көбіз, сыбызы, сырнай және т.б. аспаптармен ойналатын күйлердің шығу тарихы, күйшінің басынан өткен түрлі жағдайлар ауызша баяндалады. Мысалы, «Ақсак құлан», «Нар ишірген», «Абыл» сиякты күйлердің әрқайсының өзіне тән кызық аңызы бар.

### «АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

#### АҢДАТПА

**Достар!**

- Жақсы деген немене, жаман деген немене?
- Біз оны қалай ажыратамыз?
- Адамның жаманы бола ма?

#### Тірек сөздер:

- |         |             |
|---------|-------------|
| ✓ хан   | ✓ қоңыс     |
| ✓ уәзір | ✓ айла табу |
| ✓ жаман | ✓ шөп       |
| ✓ құс   | ✓ әділдік   |



Жоғарыдағы сұраптарға жауап тапкырыңыз келсе, «Аяз би» ертегісіне и үзінді тындаілық (1-аудио).



1. Ертегінің біз тындаған үзіндісі не туралы? Қандай оқиғалар баян даған?
2. Ханның уәзірлері құстың жаманы мен шөптің жаманына нені таңдады?
3. Не себепті Жаман олардың таңдауымен келіспеді? Жаман өзі ұсынған құс жаманы мен шөп жаманы туралы не деді? Сендер Жаманың ойымен келісесіндер ме?
4. Шөптің жаманы мен құстың жаманын хан алдында дәлелдең берген Жаман не себепті өзін жаманын деді? Оған қандай дәлел айтуды мүмкін? Өз болжамдарымызбен белісейік.
5. Сендер жаман мен жақсыны қалай ажыратса аласындар? Пікірлерімізді ортаға салайық.



1. «Адам тұа жаман болмайды, жүре жаман болады» деген пікірді топпен таразылайык. Оймызды дәлел келтіре отырып нақтылайык.

Адам тұа жаман болады.



Адам тұа жаман болмайды.



«... Енді өзіңнің жамандығынды қайдан білдің?» деген хан сұрагына Жаманың не деп жауап бергенін білу үшін, ертегінің жалғасын оқып.

...Уа, таксыр! Менің жасым елуге келді. Мен катарлылар әйел алып, бала керді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен кайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің күлшілігінде жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп, Жаман ханға караиды. Хан басын шайқап:

**Тірек сөздер:**

- ✓ *сынау*
- ✓ *тұлпар*
- ✓ *гаунар тас*
- ✓ *құрт*
- ✓ *жеті ата*
- ✓ *тамыр ұстай*
- ✓ *кіндік кесу*
- ✓ *салтына тарту*

— Апыр-ай, осы жаман болса жарап еді, — деп ойлап:

— Құстың, шөптің, өзіннің жамандығыңа да дәлел айттың. Жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересін бе? — дейді.

— Жақсы, сынап берейін, — деп, тұлпарды алыш келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

— Тұлпарыныңдан сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарап едім, — деп ханнан рұқсат сұрап алыш, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзен-нен әрі-бері өтті де, кайтып келіп:

— Таксыр! Тұлпарыныңдан басқа мін таба алмадым. Тұлпарының тек сиырға шатыс екен, — дейді.

— Апыр-ай, оны қайдан білдін? Айтқаның рас. Менің Акша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір биесін калап алдырығанмын. Бие күні жетіп, құлынды туда алмай, елер болған соң: «Бие елсе өлсін, құлын калсын», — деп, ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдін? — дейді хан таңданып.

— Тұлпарының судан әрі-бері өткенде аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсан да, судан айдағанда аузын суға малмай, артқы аяғын сілкіпей өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім, — дейді. Жұрт танғалып, бір-біrine қарасады. Хан біраз ойланып отырып:

— Енді менің бір гаунар тасым бар. Ол тастың Сүлейменнің жүзіг індей, Мұсаның асасындаи, Дәуіттің коржынындаи қасиеті бар. Сол қандай қасиет екенін тап, — деп, қазынасындағы тасты алдырып берді.

Жаман тасты алыш салмактап, байқап қарап отырды да:

— Сіздің тасының, рас, қасиетті тас екен. Бірак екі жылдан соң қасиеті біtedі. Тастың ішінде екі ак карабас құрт бар. Тасыныңдан пышак сырты калындығы калыпты. Сол құрт екі жылдан соң тесіп шығады; тесіп шықкан соң тасының пайдаға аспайды, — дейді. Жұрт не дерін білмей, бірсыптырасы: «Бәрібір екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жарапалық», — депті. Бірсыптырасы: «Жаманның сезіне



бала тастан айырылмайык», – депті. Ақырында, тасты жармакшы болады. Тасты жарып караса, ішін екі ак карабас күрт кеулең, тесуге жақындал қалған екен.

– Тастың ішінде күрт бар екенін қайдан білдін? – дейді хан.

– Тастың касиетіндегі салмағы да болу керек. Тас женилденген екен. Күрт бар екенін сонан білдім, – деп жауап береді.

– Апыр-ай, сен жаман болмадын ғой! Қайта, сен бір данышпан болып журме! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? – дейді хан.

Жаман:

– Жаксы! – деп, такта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке карап тұрып:

– Таксыр, ханым! Ақыл-оыйң ешкімнен кем емес, бірак хандық кара басында, қарадан туып хан болғансыз, атанда хандық жок, – дейді.

Жаман сезін бітірмей, хан сезін беліп:

– Жок, қате айтасын! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді койғанда да, алты атамды қайда жібересін? – деп зекіреді.

Жаман саспайды.

– Жок, таксыр! Сіздің кара басыныздан басқа тегінізде хандық жок. Сіз нағыз наубайшының баласысыз, – дейді.

Хан не дерін білмей, халықка карап:

– Апыр-ау, мына Жаман не дейді!? Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шакырындар анамды! – дейді. – Ол о дүниеге біреудін канын жүктеп барып, тәнірі алдында карабет болмасын, не де болса, шынын айтсын. Әйтпесе ашумен мына Жаманның басын кесемін! – дейді.

Шешесі келген сон, хан шешесіне Жаманның сезін айтады. Шешесі терен курсініп, сезге кіресті:

– Е, шырагым, жасым сексенге келгенде біреудін канын жүктеп не қылайын. Бір сыр бар еді, оны тәнірінің өзі билетін еді, мен билетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын. Атан сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын он тоғыз әйел алып, кілен кыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып елтірген екен. Соның үшін де «Зәрлі хан» деп халық ат койып еді. Жиырмасыншы әйел етіп мені алды. Мен де екіқабат болған сон, жалғыз жанымнан коркып, тәуіптерге қаратып едім: «Сенің ішіндегі де кыз», – деді. «Кыз тапсам мені де елтіреді ғой!» – деп қайғы жедім. Сол күндерде аспаз наубайшының әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстаташып карап едім: «Оның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Ол әйелді онаша шакырып алып, барлық мұнымды айтып, казынадан табақтап

алтын беріп: «Ақыреттік дос болайык, ұл тапсан, ұлынды маған бер, менің кызымы ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Эйел табакта алтын алып, бір жағынан мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Босанар кезімізде Зәрлі хан анда еді, екеуміздін толғагымыз бір күнде келіп, бір сағатта босанып, сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол колыммен кызымы беріп, он колыммен алған шырагым сен едін! Енді бұл күнде мына Жаманың оны біліпті. Сыр ашылуға тәнірі жазса, не шарам бар?! – деп, сөзін аяқтай алмай шешесі жылап жібереді.

**Хан:**

– Сөз тапқанға колка жок. Олай болса, мен такқа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайыкты екенсіз, – деп хан тағынан түсіп, такты Жаманға береді.

**Жаман:**

– Жоқ, тақсыр! Кешегі күні «жаман кісі керек» дегенде, ат артына мініп келген жаман едім, бүтін такқа отырмаймын. Сіздің келенкенізде жүрсем де жарап. Тағынызға мінініз, – деп болмайды. Хан такқа отырып:

– Апыр-ай, менің наубайшының баласы екенімді кайдан білдін? – дейді.

**Сонда Жаман:**

– Мен жаман-жақсы болсам да, үйінізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузынызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтынызға тарттыныз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екенінізді содан байқадым, – дейді.

Жиналған жүрт танғалады. Сол күйінше хан тағы да хандық кылды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жакты. Қырық уәзір шетте калды...



1. Оқыған үзіндіге ат кояйык. Неліктен олай атағанымыз туралы оймызды білдірейік.
2. Жаманың «*Карадан түүп хан болғансыз, атаңда хандық жоқ*» деген сөзін қалай түсінесіндер?
3. Ақыреттік дос болу деген ұтым нені білдіреді? Оны басқа сезбен қалай алмастырар едіндер?
4. «*Сөз тапқанға қолқа жоқ*» деген мәтел қандай жағдайда айтылады? Мысал келтірейік.

.. Бір күні қырық уәзір кенесіп отырып: «Бұл Жаман біздін жаман кісі іздегендеге ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақсы дос кылды; кыз әперді, бізді есепке алмай таstadtы. Қой, бүйтіп болmas! Біз бұл екеуін

**Тірек сөздер:**

- ✓ кеңесу
- ✓ азғыру
- ✓ жұмсау
- ✓ аш арыстан
- ✓ айыпты болу
- ✓ көширу

араздастырайық. Жаманның әйелін мактайык, үйіне қонакқа апарып көрсетелік. Сейтіп, екеуінін арасына от жағалық», – деседі. Үәделері бойынша Жаманның әйелін ханға мактайды.

– Таксыр, шынында, ол әйел сізге лайык әйел! – деп, ханды азғырады.

Хан Жаманның үйіне барып, ез көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маған лайык әйел екен», – деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірмен көнседі.

– Ойда жоқты ойға салған сендер едіндер. Енді әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіндер? – дейді.

Уәзірлер көнсепті:

– Жақсы, таксыр! Жаманды шакырыныз. Біз оны Барсакелмеске жүмсайык. Сонда ол өлер, ол өлген соң жесір әйелді сіз онай аласыз, – дейді.

Жаманды шакыруға хан бір жігіт жібереді...

Жігіт кеткен соң Жаман:

– Ханға барайын ба? – деп әйелімен ақылдасады.

Әйелі:

– Бар, сені Барсакелмеске жүмсарын кептен-ак сезгенмін. Риза бол, бірақ жолға жүлкүнған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ен семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып атынды сой да, етін алыш кел, соны корек қылып жата береміз, – дейді.

Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

– Мен сені бір ұзак сапарға жүмсаймын, жүмсағанда сенін ерлігіннен үміт етпеймін, ақылыннан үміт етемін. Барсан, айтамын, – дейді.

– Жақсы, барайын, – деп Жаман ризалығын көрсетеді.

Барсакелмес дейтін жерде «інжулі қой» дейтін кой бар, – деп айтады. Бір түгі – алтын, бір түгі – күміс, сойса, терісі бір адамға тон дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжулі үйрек» деген үйрек бар, қанаты – күміс, басқа жері – алтын» дейді. Соны тәж қылып кигім келеді. «Дәудін інжулі қара аргымагы бар, бір шапканда жүз шакырым шабады» дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға баراسын, – деп Жаманды хан кілен өтірікке жүмсайды.

Жаман ханың жылқысынан бір семіз атты таңдал мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шығарып салып қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып. Қаратоғай дейтін

орманға апарып атын сойып, үйінен көлік әкеліп етті тасып, тұздал алады. Төсегінің астынан адам бойы жер казып алыш, сонда жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жаманның үйіне женгесіне көnl айтуга хан келеді. Конакасы жеп болған соң, хан сез бастап:

— Адамның, шептің, құстың жаманың әкел дегенде, уәзірлерімнің алыш келген жаманы еді. Жаман болса да, ақылына риза болыш, тағымды да беріп едім. Ақылының аркасында сені де алыш еді. Сол ақылынан үміт етіп бір жұмыска жұмсай қойып едім, келер уакыты етіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма, деймін... Сені кор қылып, жалғыз тастамаспын, «Аға елсе, женге – мұра» деген, қолыма алыш бағармын, – деп үтіт айтады.

Әйел отырып:

— ...Саған қызмет етіп жаға алмаспын, әуре болма, – дейді.

Хан әйелден женіліп, үйіне кайтады. Хан шығып кеткен соң, әйел Жаманды шығып алыш:

— Бар, енді ханның жауабын өзін бер, – деп коя береді. Хан да барып тағына отырады, Жаман да сәлем беріп кіріп барады. Хан сасып қалып:

— Уа, қашан келип қалдың? Ал енді әнгіменді айта бер! – дейді.

Жаман тұрып:

— Әнгіме ұзак емес. Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен: «Барсакелмеске барып жауды мұқатқанша, мына жауды мұқатайын» – деп қылышымды суырып алыш, қуып кеттім. Өз ауылым апарып камап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордага кірді ме деп отырмын, – дейді.

Хан не дерін бітмейді, бір қызарады, бір бозарады, жерге кіріп кеткендей болады, ақырында:

— Мен айыптымын, менде бір кәте болды, шайтанның азғырганына ердім, оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді нә саған, нә маган бір қатер қылар, сен енді іргенді көтер, бетен елге көш, – дейді.

Жаман риза болыш көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болыш тұра береді.



1. Хан Жаманды не алыш келуге жұмсады?
2. Арасына от жағу, қарасы узіту, ірге көтеру деген тіркестердің мағынасын қалай түсінесіндер?
3. Қазактың ертегі, жыр-аныздарынан Жаманың әйелі сияқты қандай ақылды әйелдерді білеміз? Есімізге түсіріп, топ ішінде ой белісейік.
4. Қалай ойтайсындар, егер Жаманға әйелі ақыл айтпағанда ол не істер еді? Өз нұскамызды ұсынайык.
5. Аталған узіндіге атау берейік.



1. Төмөндегі кестені пайдаланып, оқытап үзіндігі кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Ертегі кейіпкерлері	Автордың сипаттауы	Іс-әрекеттері	Сендердің мінездемелерін
Жаман			
Жаманның әйелі			
Хан			
Ұзақтар			

2. Төмөндегі кестені пайдаланып, берілген үзіндіге өз дәлелдерінді ұсынындар.

Ертегіден үзінді	Метафоралар	Астарлы мағыналы ой
Уәзірлер шыгарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалыады. Мен: «Барсакегмеске барып жауды мұқатқанша, мына жауды мұқаттайын», – деп қытышымды сұрыптың құып кеттім.		

3. <https://www.youtube.com/watch?v=eHuVIVOP1II> «Ер Төстік» мультфильмін карап, Кенжекей мен Жаманның әйелін салыстырайық. Ақылана керкі сай қандай казак кыздарын білесіндер? Топта ой бөлісейік.

4. Азғыру сезін қалай түсінесіндер?



1. Сендердің ойтарынша Жаманның өзін жасиан деп бағалауы дұрыс па?
2. Ханның қырық уәзірінің әрекетін қалай бағалар едіндер? Ондай әрекетке олар не үшін барды деп ойлайсындар?
3. Қырық уәзірінің сезіне еріп Жаманнан құтылғысы келген Мадан ханның әрекетін қалай бағалар едіндер? Өзіміздің дәлелді пікірімізді ұсынайық. Мысалы. Мен оны ханның ақылаңтығы дер едім, ... т.б.
4. Ел билейтін адамның бойында болуы керек деген касиеттерді айтайық.

### Трек сөздер:

- ✓ ойлап табу
- ✓ күлдіреуіш
- ✓ сағыну
- ✓ шал
- ✓ кешіру
- ✓ хан көтеру
- ✓ тымақ пен тон

Күндердің күнінде хан Жаманның сезі көкейінен кетпей, шалқасынан шаныракка карап, ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келеді. Хан басын көтеріп алыш:

– Жау шапты, ел бүлінді, апат сокты. Осыны ойлап табындар! Болмаса, жазалаймын, – дейді.

Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң Жаманды іздең барып, оған ханның айтқанын айтады. Жаман қырық уәзірді күрмет етіп болған соң:

– Жаксы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі

болса керек. Сейтіп жатканда, хан ордасының күлдіреуішінің бір басы шықкан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айттар еді, сыйнаїбын», – деп сендерге айтқан гой. Барып күлдіреуішінің басын салып берсендер, ханның қызметі тамам болады, – деп кеңес береді. Уәзірлер ханға келіп:

– Таксыр! Мына бір күлдіреуішіндін бас жагы шығып кеткен еken, соны салып берейік, – деп рұксат сұрайды.

Хан рұксат берген сон, күлдіреуішінің басын салып береді. Хан күліп:

– Мұны кім үйретті сендерге? – деп сұрайды. Уәзірлер шынын айтады, хан уәзірлеріне:

– Ол жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді. Эркіннің пайдастына жарайтын еді. Сендер күнде, ақырында екеумізді айырдыңдар. Егер де ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлеңтін едіңдер. «Біреуге ор қазба, өзің тұсерсің» деген мақал бар, – дейді.

Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көнілін аудап күнде ойын-той жасап жатса да, ханның көнілі көншімейді. Жаманды сағынады. Бәрі де Жамандай бола алмайды.

Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен анға шығады. Аң ізден келе жатып, таудың етегінде кой жайып жүрген бір шалға ұшырап, сәлем беріп:

– Да, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? – деп сұрайды.

– Бір жынырма жыл болған шығар, – дейді шал.

– Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

– Он бес жыл болды.

– Бұл таудың басынан бұлақ акқалы неше жыл болды?

– Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып тағы да:

– Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, кан шығармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрайды хан. Сонда шал:

– Адамына тап болсан, айтқанынан да артық етер, – дейді. Хан шалдың сезіне қанағат етіп атының басын бұрып, үйіне қайтады. Хан үйіне келген сон, уәзірлеріне:

– Мен не дедім, шал не деді? Соны айырындар, оны айыруға бір ай уақыт берем. Айыра алмасандар, қырқын да өлесіндер, – дейді.

Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған сон, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтады. Сонда Жаман:

– Бұл онай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған еken. Жақсы, енді болмас, тағы да бір амал табайын. Сендер бір ат қалдырып,

басқа аттарынды сойындар, киімдерінді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріндер, мен мына қалған атқа мініп сендерді ханға жалаңаш айдал барам. Егер де сендер арланып, қастық етпейтін болсандар, мен сендерді хан алдында құткарып алам, – дейді.

Уәзірлер бір ауыздан:

– Ойбай, таксыр, арланбаймыз! Жанымыз калса болады, ханымыз бізге мықты өкпелеп жур. – деп, риза болып, сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін өздерінің кілімін жағып пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырган ала шолақ атқа Жаман мінеді, колына құрық алып жалаңаяқ, жалаңбас уәзірлерді ханға айдал жөнеледі.

Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады. Хан уәзірлерді ұмытып кетеді. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата береді. Бір күні уәзірлердің арасында: «Бұл хан өз кызығы өзінде жата берді. Тұнеуті сезін ұмытып кетті білем», – деген күнкіл шығады. Жаман оны естіп, уәзірлерді шакыртып алып, жылған халық алдында:

– Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп, «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» – деп сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сенін шашына ак кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ак кіргелі жиырма жыл болды», – деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сакалына ак кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», – деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ акқалы неше жыл болды?» дегені: «Көзіннен жас акқалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», – деді. Ханның: «Ата, өзің нешеусін?» дегені: «Үйінде неше жанын бар?» дегені еді... Ханның «Қырық асыранды қазым бар, сонын шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені: «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соктай женге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсан, айтқанынан асырап» дегені, оның шешуін маган жолдағаны еді. Сендер мені іздел барған соң, үстеріндегі киімдерінді алып отқа жақканым – білдірмей жұлғаным, күйдірмей пісіргенім; сендерді алдыма салып жалаңаш, жаяу айдал ханға әкелгенім қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар? – деп Жаман сезін аяктады. Хан:

— Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеумі здін арамызға от салып, қоныс аударып кешіп кетуге себеп болып еді. Сонысына ыздаланып: «Өздері әбден женілсін, кінеларын мойнына алсын!» — деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып кызық көрдім. Ендігі хандығымды мынау досыма берем. Сіз де енді тартынбаныз, такқа сіз мінуге уақыт жетті, қалған өмірде сізге кызмет етіп, сіздің хан болған қызығынызды көрейін, — деп, Жаманды қолтықтап әкеліп хан тағына отырғызды.

Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін кешіріп алады. Жаман такқа мінген сон, ешбір соғыссыз бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты дейді. Эр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп косыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат койып, сол аты өле-өлгенише қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты.

Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп койды. Кейде хандықпен көнілі ауытқып тұра жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ей, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әлінді біл, құмырска жолынды біл!» — деп көнілін басушы еді дейді.

### Сөзсүрі

**Наубайшы** – нан пісіретін адам, яғни нан пісіруді кәсіп етуші.

**Құлдіреуіш** – үш-үштен немесе төрт-төрттен айқастырылып, шаңырақ кепілдігіне бекітілген име ағаштар. Құлдіреуіш түндікті көтеріп тұрады. Шаңырақ құлдіреуіштер арқылы бақанмен көтеріледі.

### Жас ғалымға көмек


Фабула (лат. *Fabula*) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау.



- Оқыған үзіндіде хан неліктен капаланды? Ол осы көніл күйін қандай сөзben білшірді?
- Үзіндідегі хан мен аксақал арасындағы диалогті рөлге бөліп оқып, мағынасын түсінейік. Қалай ойлайсындар, осы сынды жұмбактап, астарлап сейлесу бүтінгі күнде бар ма?
- Хан уәзірлерін қалай жазалады?
- Халық не үшін Жаманды *Аяз би* деп атады? Сендер Жаманға қандай ат берер едіңдер? Ойнымызды мысал келтіре отырып дәлелдейік.
- Жаманың хан тағына дейін көтерілуіне онын қандай касиеттері көмектесті деп ойлайсындар? Өмірде осы снякты мысалдар болуы мүмкін бе?



1. Хрестоматияда берілген ертегінің толық нұсқасын оқып. Тәмендегі суреттерді оқиғаның ретіне карай орналастырып, ертегі мазмұнын күрап айтайык.



Қырық каз



Саусысқан



Аш арыстан



Хан мен қырық уәзірі



Қыргауыл




Жаманның әйелі



Кой жайып жүрген шал

2. Ертегіге композициялық талдау жасайык.



Оқиғаның шешімі

Оқиғаның шарықтау шегі

Оқиғаның шиеленісуі

Оқиғаның байланысуы

Оқиғаның басталуы

### 3. Ертегіледі Жаманның тапқырлығын үлгі-кесте арқылы көрсетейік.

№	Жаманның тапқырлығы	Қандай уәж айтты?
1	Шептін, құстың жаманын табуы	
2		
3		



1. «Аяз би» ертегісін 5-сыныпта оқыган «Керкула атты Кендебай» ертегісімен салыстырайык.

Салыстыру аймағы	Ертегінің түрі	Кейінкер ерекше-лігі: мінезі, ақылы, ерлігі т.б.	Ерекше әсер еткен тұстары	Өмірмен байтансы
«Аяз би» ертегісі				
«Керкула атты Кендебай» ертегісі				

2. «Аяз би» ертегісіндегі Жаманды өзіміз көрген мультфильм немесе керкем фильм кейінкерлерімен салыстырып көрейік.
3. Біздің ата-анамыз қандай ертегілерді тыңдал өсті? Қазіргі таңда сендер сол ертегілерді білесіндер ме? Ата-анамызбын сұхбат жасау арқылы олардың балалық шағы мен осы кезең балаларын салыстырайык.

#### Зерттеік!

Қазактың батыр-жазушысы Б.Момышұлы өзінің бір пікірінде: «Оттана да, оқтан да корықлаган Бауыржан едім. Кейінгі кездे корқынышым көбейіп барады. Бірінші, балаларға бесік жырын айттын келіндерімнің азайып бара жатқандығынан коркам. Екінші, немерелерім ертегі айтып беретін әжелердің азайып бара жатқандығынан коркам. Үшінші, дәстүрді сыйламайтын балалардың есіп келе жатқызынан коркамын.

Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдал, дәстүрді бойына сініріп еспегеннің көкірек көзі көр бола ма деп коркам. Ал көрдін колына балта берсөн шаба салады, бақыр берсөн ала салады, наиза берсөн сұта салады, намыстанбай бұға салады...» – депті.

Косымша материалдарды пайдалана отырып, бесік жыры, ертегі айтту, дәстүр сыйлаудың біріне шағын зерттеу жүргізейік.



1. Жаманың ерекше ақылдылығын танытатын эпизодтарды оқып, онын тапқырлығына баға берейік.
2. Калай ойтайсындар, Жаманың кезінде өзіне жаманшылық ойлаган кырық уәзірге көмектескені дұрыс па? Жаманың осы әрекетін дәл сипаттайтын макал-мәтеддер тауып, ойымызды түйіндейік.
3. «Адамның жаманы бола ма?» деген такырыпта пікірталас еткізейік. Екі топка белініп, төмендегі пікірлердің бірін таңдал, ойымызды накты мысалдармен дәлелдейік.

1-топ. Адам жаман болғаны үшін өзі ғана кінәлі емес. Онын сондай болуына ата-анасы мен ортасы жауапты.

2-топ. Кез келген адамның бойында жақсы да, жаман да мінез болады. Оның кайсысын дамытамын десе, адамның өз колында.



1. Бауыржан Момышұлының жоғарыдағы пікіріне топпен талқылау жасайық.

Мен пікір авторымен келісемін, ейткені ...

Мен пікір авторымен келіс- пеймін, ейткені ...

2. Б.Момышұлының пікірімен мағыналас, мазмұндас қандай нақыл сөздер білесіндер? Топка белініп айтып көрелік.



1. Аяз би неліктен хан болғанында өзінін жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мәндайшасына іліп қойды деп ойлайсындар? Аяз бидің осы әрекетін бүтінгі қоғаммен байланыстырып сыни шолу жазайық.
2. Төмендегі такырыптардың бірін таңдап, әдеби эссе жазайық.
  - Жақсылар жақсылының деп айта алмайды ...
  - Жақсылменен откізген жарты сагат ...
  - Жақсылың жақсылығын айт ...

### Достар!

- Ертегідегі Жаман, яғни Аяз би өмірде болған ба?
- Оның «Аяз, әлінді біл, құмырска жолынды біл!» деген сөзіндегі Құмырска кім?
- Бұл туралы шығармашылық шеберханадан білетін боламыз.

### Шығармашылық зертхана

Аяз би Жаманұлы (шамамен XII – XIII ғғ.) – қазақ халқының аңызға айналып кеткен ақылгөй абызы, шешен, биі. Оның «Аяз, әлінді біл, құмырска жолынды біл!» деген сөзіндегі Құмырска тағдыры, ел жағдайы, шаруа қамы жөнінде жиі-жиі ақылдасып, ой-пікір алысып отырады. Кейде дәл жауап айта алмай шалыс басқан заматта, оларға ескерту жасап, бағыт беріп жібереді екен. Бір жолы ол екеуі жарыса сөйлеп, Майқының алдын кес-кестей беріпті, сонда Майқы би оларға былай депті:

Билер, бүгін Майқының алдын кесесін,  
Ертең жүрттың тәбесін тесесің.  
Майқының да айтатын кебі бар,  
Айтуға аузының да ебі бар.  
Хан сөзінің қашанда бәрі дұрыс,  
Әзір сөзімде болмас бұрыс,

Ақылым алжыған жок,  
Ондейди болжағам жок,  
Орынсыз ауыз ашсан,  
Екі би басарсың шок,  
Аяз би, әлінді біл,  
Құмырса жолынды біл!

Ел арасында осы нақыл сөз содан қалса керек<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Тарихи тұлғалар . Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушылар: Тогысбаев Б., Сужикова А. Алматы: Алматықітап, 2009.

## Артық болмас білгенін

Ертегіде Мадан хан: «Ол тастын Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасында, Дәуіттің қоржыныңдағы каснеті бар», – дейді. Осындағы Сүлейменнің жүзігі, Мұсаның асасы, Дәуіттің қоржыны дегеннін не екендігін біле отырайык.

**Сүлейменнің жүзігі.** Сүлеймен пайғамбардың саусағында жұрттың көліндә бола бермейтін жүзік болышты. Әлгі жүзіктің кереметі мен ерекшелігі сол – пайғамбар бір нәрсеге қоңілі құлазып қатты ренжігенде не куанышы койнына сыймай кеткенде, жүзік саусағын қысып белгі береді еken. Белгі берген кезде жүзікке қараса, жүзіктен «Бәрі де өткінші!» деген жазу көрінеді еken. Сол жазуды оқыған сон Сүлеймен пайғамбар сабасына түсетін көрінеді.

**Мұсаның асасы** дегендегі аса – таяқ, жінішке таяқ. Мұсанын (Монсей) каснетті асасы болышты-мыс. Мұса ол асасымен алуан түрлі гажайыштар жасайды еken. Діни анызда Мұса асасымен Ніл дариясының суын қак беліп, сол жерден өзінін Мысырдағы қауымын алғып өтіпти-міс.

**Дәуіттің қоржыны** – діни түсінік бойынша Дәуіт пайғамбар ұстаган, ішіндегі тағамы қанша жесе де таусылмайтын каснетті ыдыс.

Мифтік таным бойынша бұл заттар ерекше каснетті болып саналады. Халық ерекше бір затқа тенеу айтқанда, осы мифологиялық түсінікпен байланыстырады.

### Кері байланыс: «Қызық. Қыны. Құнды»

Жапырак бөлімдеріне «Аяз би» ертегісін оку барысында біз үшін қызық, қыны, құнды болған тұстарды жазып, ой корытайык.



### ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ

Ежелгі түркілердің аргы тегі саналатын сактар – б.з.б. бірінші мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістанды мекен еткен ежелгі тайпалар. Сактарды көне грек тарихшылары *скифтер*, азиялық *скифтер* деп атаса, парсылардың *сақ*, *сақа* деп атағаны тарихтан белгілі. Олар туралы көптеген саяхатшы ғалымдар түрлі қызық мағлұматтар жазып калдырган. Солардың бірі ежелгі грек саяхатшысы Страбон өзінің «География» деп аталатын еңбегінде сактар турали: «*Олар малишаруашылығымен айналысады. Жейтін тағамдары: ет, сүт, көбінесе ірімішік жеп, қымыз ішеді. Бұлар нағыз ержүрек батыр, әділ жандар*», – деп жазады<sup>1</sup>.

Сақ сөзі казақ тілінде күні бүгінге дейін сакталған. Мысалы: сака (асық), сакпан, сакшы, қыпсак (қыпшак) және т.б. Сактардың

<sup>1</sup> Келібетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жалғерліктері. Алматы: Раритет, 2011.

26 әріпте нұратын жазуы болған. Олар көне түркі тілінде сөйлеген. Сактардың өз тарихын, ерлік істерін бейнелейтін көптеген дастандарының болғандығы түрлі жазбаларда айтылған. Алайда олар толық сақталмай, мазмұны қысқаша үзінділер арқылы ғана жеткен. Мұндай дастандар катарына сактардың ерлікке толы шежіресін жыр еткен «Томирис», «Шырак батыр», «Шу батыр», «Алыш Ер Тұнға» және т.б. дастандар жатады.



Қазақстан аумағын мекендеген сак тайпалары

### «АЛЫШ ЕР ТҰНҒА» ЖЫРЫ

«Алыш Ер Тұнға» – сактар тарихынан сыр шертетін қаһармандық жыр. Бүтінгі күнге «Алыш Ер Тұнға» жырының жалпы сюжеті мен жекелеген үзінділері ғана жеткен.

Жырдың басты қаһарманы Алыш Ер Тұнға – аты анызға айналған тарихи тұлға, Тұран елінің билеушісі. Сактардың әскери колбасшысы, ержүрек батыры Ер Тұнғаның есіміне *алыт* деген көне түркі сөзі косылып айтылады. *Алым* сөзі ежелгі түркілерде улken күшиесі, *ер*, *батыр* деген мағынаны білдірген. Түркілер өз батырларының атына *алыт* деген мәртебелі сөзді косып айтатын болған. Түркі қағанаты тұсында бұл сөз әскери титул мағынасында да колданылған. Мұндағы тоңға (тоңа) сөзі – жолбарыс текстес ан; яғни Тұнға – алыш ер, жолбарыс секілді күшті, қайратты, батыр адам дегенді білдіреді.

«Алыш Ер Тұнға» жырының негізгі идеясы – Тұран елін сырткы жаудан корғау, түркі жұрттын ішкі ынтымак-бірлікке үндеу, тұған жердіңabyroй-данқын арттыра тұсу. Жырдың қысқаша мазмұны:

түркілердің атамекені – Тұранға көрші отырған Иран елі қайта-қайта шабуыл жасап, тыныштық бермейді. Сол заманда Тұран елінен Ер Тұнға деген батыр шығып, Иран әскеріне карсы тұрады. Тұран мен Иран әскері кездесіп, Иран әскері ойсырай жеңіледі. Сол күннен бастап халық Ер Тұнғаны алып деп атап, Тұран патшасының тағына отырғызады.


Парсы елінің ұлы акыны Фирдоуси (940–1030) өзінің әлемге мәшінүр «Шаһнама» атты еңбегінде Алып Ер Тұнға жайындағы әфсананыздарды, тарихи деректерді, мактау өлеңдер мен жоктау жырларын аса дарынды сөз зергерлеріне тән шеберлікпен пайдалана білген. Өз дастанында акын оны *Афрасиаб* деп атаған. Көне парсы тілінде Афрасиаб сөзі *дулей қара күш несі* деген мағына білдіреді. Алып Ер Тұнға – Тұран елі үшін жағымды қаһарман, ал Иран жағы үшін басқыншы патша болып саналады. Сол себепті ұлы шайыр «Шаһнамада» Алып Ер Тұнғаны, яғни Афрасиабты, бір жағынан, жанкешті батыр, орасан күштің несі, дарынды қолбасшы етіп көрсетсе, екінші жағынан, Иран елін қаңға бөктіруге әзір тұрған залым патша ретінде бейнелейді. Десек те, Фирдоуси өз шығармасында Алып Ер Тұнғаның түркі жырындағы батырлық келбетін көп өзгертпей, сол күйінде берген.

Алып Ер Тұнғаның елімі жайлы ғалымдар екі түрлі дерек ұсынады: 1) ирандықтар оны соғыс майданында жене алмаған сон, достық пейілмен алдаш шакырып, у беріп өлтіреді; 2) Фирдоуси «Шаһнамасында» келтірілгендей, Кейхұсрау патшадан женіліп, қашып жүріп каза табады.

Алып Ер Тұнға қайтыс болғанда артындағы елі жоктау шығарған. Шығарма бүкіл түркі елінің күніренген жоктау жырымен аяқталады. Бұл жыр Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-турік» атты сөздігі арқылы бүтінгі күнге ешбір өзгеріссіз жеткен. Жоктау «Ер Тұнға» жырының ең сонғы тарауы болса керек. Аяулы адам қаза болғанда жоктау айту дәстүрі түркі халықтары арасында күні бүтінгі деңін сакталған.



Тегеран каласындағы  
Фирдоуси ескерткіші



Шаһнама  
1-диск

«Шаһнама» дастанының  
аудиоэнциклопедиясы



Махмұт Қашқарі

Орын-Кириллиця тағыз	Суроған Кириллиця	Орын-Кириллиця тағыз	Суроған Кириллиця
Ж Қ Ҳ	ж қ һ	Ә Ө Ә Ө	ә ө ә ө
Ғ Ғ Ғ	ғ ғ ғ	Җ Җ Җ	җ җ җ
Ҙ Ҙ	ҹ ҹ	җ җ җ	ҹ ҹ ҹ
Ғ Ғ	ҹ ҹ	>	ғасыл
Ҕ Ҕ	ҹ ҹ	17 0 0	күн
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	1 1 1	ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	9 9 9	р
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	Т Т	р
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	7 7 7	р
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	1	р
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	33 3 3	ш
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	к қ қ	ш
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	А А	ш
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	7 7 7 7	ш
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	Х Ҳ Ҳ Ҳ	ш
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	М	ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	Ә Ә Ә Ә	ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	3 3 3 3	ш. ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	8 8 8 8	ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	1 1 1 1	ш.
Ҕ Ҕ Ҕ	ҹ ҹ ҹ	1 1 1 1	ш.

Көне түркі жазуы

Махмұт ҚАШҚАРИ  
ТҮРІК СӨЗДІГІ



Түрік сөздігі

## Алым Ер Тұңғаны жоктау

АҢДАТПА

Достар!

- Сендер білесіндер ме? *Алым* сөзі зор деңелі адам, алапат қүш иесі, батыр дегенді ғана білдірмейді.
- Сонымен катар бұл сөз түркі-огыз заманынан бері батырлардың, хан-сұлтандардың есіміне ресми титул ретінде косылып айтылады екен. Ал жырда қай мағынада екендігін мәтінмен танысқан соң анықтайтын боламыз.



Тірек сөздер:

- ✓ опасыз дүние
- ✓ заман
- ✓ қайғы
- ✓ рең
- ✓ жара
- ✓ бектер
- ✓ көз жасы
- ✓ пәни
- ✓ сиреу
- ✓ жиду
- ✓ ізгілер



Ежелгі түркі әдебетінің алғашкы нұсқаларының бірі болып есептелетін Алым Ер Тұңға арналған жоктауды ғалым, акын, аудармашы Аскар Егеубайдын аударған нұсқасы бойынша мәнерлеп оқып.

Алым Ер Тұңға елді ме?  
Опасыз дүние калды ма?  
Заман өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар...

Бектер атын болдырып,  
Қайғы оларды солдырып,  
Менді жүзі сарғайып,  
Запыран рен сүртілер.

Бөрідегі жұрт ұлысып,  
Айқаймен жаға жыртысып,  
Оқірген үнін өшіртіп,  
Жылаған көзден жас өрер.

Көңілім ішті жандырды,  
Жазылған жара жанғырды.  
Кешкен күндер көзге ұрды,  
Күн-түн демей ізделер.

Тағдыр кезін келтірді,  
Ұры тұзағын ілдірді.  
Бектердің бегін ап кетті,  
Қашса қалай құтылар.

Тағдырдың күнін тербетер,  
Пенденің күшін мендетер.  
Пәниді жұрттан тазартар,  
Қашсан тағы артыла р.

Тербетер салты мұндай-ак,  
Бұдан да басқа сыр кеп-ак.  
Заман атса кезеп-ак,  
Таулардың басы қүрелер.

Оғын атса дәл кезеп,  
Кім тоқтатар көлбеу кеп.  
Тауды атса көздең кеп,  
Шың шатқалы қакырап.

Замана түтел қүйреді,  
Білімді жақсы сиреді.  
Жаман-жәутік түптеді<sup>1</sup>,  
Ізгі бектер шетінер.

Білімді батыр жүнжіді,  
Замана аты жаншызы.  
Ізгілер тәні жиіді<sup>2</sup>,  
Жерге тиіп сүртіл ер.

## Сөзсіры

**Запыран** – 1) ақазанда болатын абыны, сарғылт түсті сүйік; 2) у, зәр, абыны; 3) ашу, ыза, кек; 4) ерекше іісті сары гүл. **Бұл жерде:** мұн-шер, зар, қайғы, құса.

**Бек** – ежелгі түркілердегі қолбасшы дәрежесін білдірген әскери шен, атақ, жоғары басымдыққа ие тұлға.

**Пәни** – өмір, дүние, тіршілік, яғни осы жарық дүние.

**Жаман-жәутік** – 1) ескі-құскы, көне; 2) арық-тұрақ, нашар; 3) ауыспалы мағынада: төменгі топ. **Бұл жерде:** үшінші мағынада.

## Жас ғалымға көмек


**Жоқтау** – дүниеден өткен кісіні жоқтап сейлеу. Жоқтау көбінесе белгілі адамдарға айтылады. Қайтыс болған кісінің әйелі, қызы немесе келіні жылай отырып, ол адамның ерекше мінезі мен көзі тірісінде жасаған жақсы істерін, ендігі өз бастарына түскен ауыр қайғыны жыр түрінде айтқан. Жоқтауды ақындар шығарып беретін де болған. Мысалы: Шоқанды, Абайдың ұлы Әбдірахманды, Жамбылдың баласы Алғадайды жоқтау және т.б.



1. Жыр деп қандай шығарманы айтамыз? Оның қандай түрлерін білеміз?
2. Төменгі сұныпта өткен жырларды есімізге түсірейік.
3. Альш Ер Тұнға кім? Жоғарыда берілген мәліметтерді пайдалана отырып, төмендегі улті-кестеге Ер Тұнғаның жеке қасиеттерін толтырайық.

<sup>1</sup> *Түптеді* – бұл жерде: көбейді деген мағынада.

<sup>2</sup> *Жиіді* – мағынасы өте кеп. Бұл жерде: қайтыс болған адам тәнінің жер астында шіріп, топыракка сінуі айтылған.



4. Шығарма неліктен «Алыш Ер Тұнғаны жоктау» деп аталған?
5. Жоқтау деген не? Ол не үшін айтылады деп ойлайсыңдар?
6. Жырдың негізгі идеясын қандай макал-мәттелмен түйіндер едіндер?



1. Тарих сабагынан Алыш Ер Тұнға туралы естуіміз бар ма? Ол туралы тарих пәні мұғалімімен сұхбат жүргізейік. Сұхбатка сұраптар дайындаійык.
2. *Опасыз дүние, пәни, замана, тағдыр* сөздерін қандай синонимдермен алмастыруға болады? Негізгі идеяны екі-үш сөйлеммен түйіндейік.
3. Барлық акпарат көздерін пайдаланып, «Алыш Ер Тұнға» тақырыбында постер жасап, корғайык.



### Достар!

Түркі ойшылдарының бірі Жусіп Баласагұнның «Құтты бұлғұ» дастанында берілген Алыш Ер Тұнға туралы мадақ жырды оқыңыз.



Назар салсан, бұл түркінің бектері,  
Жаһаннның әз бектері, асыл тектері.  
Түркі бектері ішінде атын асырган,  
Алыш Тұнға ер еді құты тасыған.  
Білімі, данкы ұлы, көптін сарасы,  
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.  
Зерек, дана көnlі сара сері еді,  
Жұтты жалған, елге тұтқа ер еді!  
Тәжіктер оны Афрасиаб атаған.  
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Қажет білсен, білім, ақыл, дاناлық,  
 Қолға алуға дүниені қаратып.  
 Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,  
 Кітапта жок болса кімдер түсінген?!  
 Жаксы айткан кас батыр, ер кешегі,  
 Небір берік түшінді ерлер шешеді!



1. Жусіп Баласагұн туралы не билесіндер? Естігенімізді ортага салайық.
2. Мадақ сезін қалай түсінесіндер?
3. Құты тасыған, атын асырган, көптің сарасы сез тіркестеріне түсінік берейік.



1. «Небір берік түшінде!» деген жолдарда автор нені мензейді?
2. Шығармадағы негізгі мәселені аныктап, жұбымызбен бас кейіпкерге тән қасиеттерді санамалап айтайық.



1. Оқыған екі үзіндідегі ортақ ойды аныктап, екі жырды салыстыра отырып Алып Ер Тұнғала мінездеме берейік.

Жырдағы Алып  
Ер Тұнға



Ж.Баласагұнның  
сипаттауындағы  
Алып Ер Тұнға



Менің  
түсінігімдегі  
Алып Ер Тұнға

2. Қазіргі уақыттың Алып Ер Тұнғалары кімдер? Бүтінгінің Алып Ер Тұнғаларын жырдағы бейнемен салыстырайық.



1. «Алып Ер Тұнға өмірде болған адам ба, алде миғтік бейне ме?» тақырыбын дәлелдей, эссе жазайық.



Достар, «Алып Ер Тұнғаны жоктау» жырының ақын Фариза Онгарсынова аударған үлгісінен үзінді тындаіык (2-аудио).



1. Тындалған мәтіндегі «Бектердің бегін сұлатты, Қыршиң да ғұмыр қырқылды-ау!» деген жолдардағы «Бектердің бегі» дегенді қалай түсінесіндер?
2. Жырда кездесетін көркемдегіш күралшарды тауып, олардын колшаныту ерекшелігін аныктайық.
3. Жаратылыстану пәнінен алған білімдерінді пайдаланып, ертеде Тұран атанған бүтінгі Түркістанның орналасқан жері туралы айтып беріндер.



1. «Алып Ер Тұнғаны жоктау» жыры мен Жусіп Баласагұн еңбегіне енген жырды және тындаған үзіндіні салыстыра отырып, Алып Ер Тұнғаның түркі халықтарындағы орнын аныктайық.
2. Жырдағы заман келбеті мен бүтінгі заманды салыстыра отырып, әр заманның өзіне тән сипаттамасын жазайық.

Жырдағы заман бейнесі

Бүтінгі заман келбеті

3. «Алым Ер Тұнғаны жоктау» өлеңін қазактың дәстүрлі жоктауларымен салыстырып, олардың өзара ортақ тұстары мен ерекшеліктерін аныктайык.



1. Алым Ер Тұнға сынды батырлардың ерлік істері мен олардың тарихтағы рөлін бағалап, сынни хабарлама жазайык.



1. Косымша ақпарат көздерін пайдаланып, Алым Ер Тұнғаның тарихтағы орнын көрсететін далелді эссе жазайык.

### Зерттейік!

1. Қазақ халқы тарихында сакталған жоктау жырлар туралы ақпараттар жинайык. Қазақ әдебиетінде сакталған жоктаулардың ерекшелігін аныктайык.

2. Жоктау жырларының тағы кандай халықтарда кездесетіндігі туралы зерттеу жүргізейік.

### Артық болмас білгенің

Алаш ақыны Мағжан Жұмабаев:

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,  
Тұранда ер түрігім туып-өскен.  
Тұранның тарихы бар толқымалы,  
Басынан көп тамаша күндер кешкен, —

деп жырлаган Тұран туралы білеміз бе?

Тур деп аталған кешипелі бабалар ен жайлаган Тұран Түркістан елкесінің көне атауды болған. «Авеста» мен Фирдоусидін «Шаһнамасында» бұрын бір болған Иран мен Тұран елінің өзара байланысы мен тайталасы айтылады. *Тұрандықтар* деп *сақ*, *массагет*, *кушан*, *оңтустік* *эфталиттер*, *солтустік ирандық* халықтар аталған.

Мұстафа Шокай «Тұран дәулеті хакында» атты макаласында: «Біз тұрандықпаз. Біздің ортақ Отанымыз – Түркістан... Біздің барлығымыз осы атамекен – бесігіміздің империализмің бұғауынан босауды үшін күресіп журміз», – деп жазған.

### Шығармашылық зертхана

«Алым Ер Тұнға» дастаны түркі тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемі – көң өлшемінде туған. Көң өлшемі бойынша жырдың алғашқы үш жолы өзара үйқасады да, төртінші жолы келесі шумақтың төртінші жолымен үйқасып отырады. Көне түркі поэзиясының көң өлшемі *a-a-a-a; b-b-b-a; v-v-v-a* түрінде келеді. Мысалы:

Тағдыр кезін келтірді,	<i>a</i>
Ұры тұзағын ілдірді,	<i>a</i>
Бектердің бегін ап кетті,	<i>a</i>
Қашса қалай құтылар.	<i>ə</i>

Тағдырдың күнін тербетер,	<i>b</i>
Пенденің күшін мендетер,	<i>b</i>
Пәниді журттан тазартар,	<i>b</i>
Қашсан ғағылар.	<i>ə</i>

<sup>1</sup> Ен – бұл сөздің мағынасы: өте көп. Бұл жерде: еркін шелік етті, емін-еркін есіп-өнді, кен жерді алым жатты, қоныстанды деген.

### Кері байланыс: «Жер қыртысы»

«Алтын Ер Тұнға» жыры бойынша жинаған білім корымыз, тапсұрматарды орындау беркесінде кандай көніл күйде болғанымыз, топта, жұпта калай жұмыс жасағанымыз туралы ой корыттайык.



## ИСЛАМ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБІЕТ (Х–ХII ғг.)

Түркі халықтары әдебиеті тарихында ислам дәуірі ерекше орын алады. Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жерін бір кезде мекен еткен түркі халықтарының тарихында X–XII ғасырлар қоғамдық дамудын жана басқышы болды. Бұл кезде түркі қауымын әлемге танытқан әл-Фараби, ибн Сина, әл-Бируни, М.Қашқари, Ж.Баласагұн, А.Нұғінеки, А.Ясауи т.б. тарих сахнасына шықты. Фалымдар бұл дәуірдің түркі халықтарының тарихында Қайта өрлеу – Ренессанс дәуірі болғандығын айтады. Осы кезеңде ғылым, мәдениет, әдебиет саласындағы шығармалар бұрынғыдан араб тілінде емес, жергілікті халықтардың өз тілінде, яғни түркі тілінде жазыла бастады.

### ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (870–950 ж.ш.)

Көрнекті ойшыл, ғалым Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Сырдария бойындағы Отырадар каласында дүниеге келген. Отырадар каласы өз заманында үлкен мәдениеттің орталығы болған. Атақты Александриядан кейінгі кітапқа ең бай кала осы Отырадар деп айтылады екен.

Ұлы ғұламаның толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби. Арабтар Отырадарды жаулап алғаннан кейін, атын өзгертіп *Фараб* деп атаған. Осыған байланысты Әбу Насыр да өз тұған жерінің атымен Фараби, яғни *фарабтық* деп аталған. Әбу Насыр алғашкы білімін Отырада алады. Иранда, Хорасанда болып, түркі тілімен катар парсы, хорасан тілдерін үйренеді. Бұдан соң сол кезеңдегі ғылым мен мәдениеттің орталығы болған Бағдатка келип араб, грек, латын тілдерін жетік білген. Ол 70 түрлі тіл билген деседі. Бірақ сол кездегі ғылыми ортак тіл араб тілі болғандықтан, оның енбектері арабша жазылған.

Әл-Фараби астрономия, математика, медицина, философия, логика, тарих, музыка, әдебиет сияқты ғылым салаларымен шұғыл-





данған. Ежелгі грек ғалымдарының, әсіресе Аристотельдің «Поэтика», «Софистика», «Риторика» т.б. енбектеріне түсіндірме жазған. Әдебиет пен өнерге катысты «Өлең өнері туралы трактат», «Риторика туралы трактат», «Әдебиеттегі пікірталас туралы трактат», «Мемлекет билеушісінің накыл сөздері», «Ғылымдардың шығуы туралы трактат» енбектері бар. Фараби көзінің тірісінде-ақ *Бірінші ұстаз* – Аристотельден кейінгі *Екінші ұстаз* деген құрметті атка не болады.

Көптеген мәліметтерге Караганда, Фараби енбектерінің саны жүзден асады. Зерттеушілердің айтуынша, ол енбектерін белек қағаздарға жазып, кездескен шәкірттеріне бере салады екен. Сонын салдарынан енбектерінің арабша көп нұсқасы жоғалып кеткен.

Әл-Фарабидің енбектерінің кейбіреулері неміс, ағылшын, француз тілдеріне аударылған. Фарабидің мұрасы Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Орынбек Жәутіков, Әбсаттар Дербісөлін, Немат Келімбетов және т.б. ғалымдардың енбектерінде жан-жакты зерттелінді.



Оңтүстік Казахстан облысындағы Ежелгі Отырар каласының орны

Әл-Фараби – терен білімді ғалым ғана емес, парасатты ақын. Ол өлеңді араб тілінен басқа, парсыша да жазған деген деректер бар. Оның біршама өлеңдері ақын, аудармашы Аян Нысаналының аудармасымен казақ оқырманына жетті.

### «Қашықтасың, тұған жер» өлеңі

#### АНДАТТА

Достар!

- Тұған жер сезін басқа қандай сөздермен алмастыруға болады?
- Сендердің тұған жерлерін несімен ерекшеленеді?
- Тұған жерлерінен қашық кетіп көрдіндер ме? Ол уақытта қандай сезімде болдындар?

 Әл-Фарабидің «Қашықтасың, тұған жер» өлеңін ақын Аян Нысаналының аудармасы арқылы оқып.

Қашықтасың, тұған жер – қалың елім,  
Небір жүйрік болдырып жарау деген.  
Шаршадым мен, жанарым талды менін,  
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,  
Қасіреттің жасына кез жуынар.  
О. Жаратқан, кеп неткен ақымағын,  
Құм секілді тез ысып, тез суынар.

#### Тірек сөздер:

- ✓ тұған жер
- ✓ ел
- ✓ жол
- ✓ жылдар
- ✓ құм
- ✓ тіршілік
- ✓ тұңғлу

Зиялды аз біртұтам тіршілікте,  
Әкімдікке құллісі жүтіреді.  
Кекірекпен сезініп, күрсініп кеп,  
Жаным менін түршігіп, тұніледі...

#### Сезсыры

**Болдыру** – әлі құрып шаршau, титықтау.

**Жарау** – мағынасы өте көп. *Бұл жерде*: абын тери алынып, іші тартылған, ұзақ журіс-ке жарамады ат.

**Шаңыт жол** – шаң, тозан. *Бұл жерде*: шаңдатып, шаң борап тұрған жол.

**Көз жуынар** – бұл жерде: ауыспалы мағынада көзіне жас алар, яғни жылау.

**Біртұтам** – бұл жерде: аз, азғантай, келте деген мағынада.

**Құллі** – барлық, бүкіл, тұтас, бүтін, бәрі. *Бұл жерде*: көпшілігі, көбісі деген.

#### Артық болмас білгенің

**Трактат** (лат. *tractatus*) – белгілі бір ғылым саласы бойынша жазылған түбекейлі зерттеу жұмысы, ғылыми шығарма.

**Риторика** – грек тілінен аударғанда шешеншік өнер дегенді билдіреді. Сөйлеу теориясы, сөйлеу өнері, сөйлеу шеберлігі сиякты білімдерді қарастырады.

## Жас ғалымға көмек

**Өлең өлшемі.** Бірауыз өлең дегеніміз – бір шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады.


**Тармақ** дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады.

**Бунақ** дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқласының арасы. Бунақ ішінде буын болады.

**Буын** – қазақ өлең өлшемінде буын санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. Мысалы, қазақ жыр үлгісінің тармақтары көбіне 7 не 8 буынды болып келеді, сондай-ақ б буынды өлең өлшемі қолданылады. Ең көп тараған өлшемнің бірі – 11 буынды.



1. Ақынның тұған жерге деген сезімін әрі қарай жалғастырып, ез сезімізben айтып берейік.
2. Төменде берілген «Әл-Фараби кім?», «Әл-Фарабидін еңбектері» атты үлгі-сызбаны толтырайық. Білетін акпараттарымыз негізінде оған тән касиеттерді анықтайык.



3. Әл-Фарабидің әдебиетке кітаптың кандай еңбектерін білеміз?
4. Әл-Фарабидің «Қашықтасың, тұган жер» өлеңі не турали? Өлеңдегі негізгі ойды анықтап, мақал-мәтілмен түйіндейік.



1. «О, Жаратқан, көп неткен ақымагың, Құм секілді тез ысып, тез суынар» деген жолдардағы «Құм секілді тез ысып, тез суыну» тіркесінің мағынасын ез сезімізben талдап, түсіндірейік.
2. «Жас ғалымға көмек» айдарын пайдалана отырып, өлең өлшемін анықтайык.
3. Әл-Фарабидің «Қашықтасың, тұган жер» өлеңін акын М.Макатаевтың «Апыр-ай, тұган жер-ай!» өлеңімен салыстырып, ондағы автор бейнесін анықтайык.

Апыр-ай,  
 Тұган жер-ай!  
 Тенессер кім,  
 Бұл жерге сен болмасан, келмес едім.  
 Кіндігімді байлаған, казығым-ай,  
 Сен болмасан, бұл манды көрмес едім...

4. Эл-Фарабидін «Кашықтасын, тұған жер» өлеңіндегі негізгі ойды аныктап, мақал-мәтелдермен түйіндейік.



1. Эл-Фараби өлеңіндегі ақынның тұған жерге деген сезімін бүтінгі күн тұрғысынан бағалап, өз елінен жырақта жүрген баланын (адамнын) атынан бір-екі шумак өлең жазайык.

### Зерттеік!

Эл-Фарабидін тұған каласы – Отырар туралы жазылған әдеби шығармаларға шолу жасайык. Отырардың калай суреттелетіндігіне зерттеу жүргізейік.



1. Отырардан шыккан атакты тұлғалар: ғалымдар, ақын-жазушылар мен қоғам кайраткерлері жайында мәліметтер жинақтап, «Отырарда тұған ұл» атты әдеби эссе жазайык.

**Достар, Отырарда болған атакты кітапхана жайында білесіндер ме? Білімімізді толықтыра отырайык.**

### Артық болмас білгенін

«...б.з. 100–178 жылшары өмір сүрген грек ғалымы Клавдий Птолемей Отырарда кітап коры жағынан ете бай, Александрия кітапханасынан кейін екінші орын алатын кітапхана бар деп жазып кетіпти», – дейді белгілі ғалым Ақжан Машанип. Профессор Еренгайып Омаров мынаңай қызықты мәліметтерді көлтіреді: «Көшпенділер де кітап жазған. Кепшілігі отырықшы болған, қалаларда тұрған. Бұрын қышқа жазып күйіріп сактаған. Одан кейін теріге жазуды үйренген... Біздін дәүіріміздің басында Таразда қағазды ойлап тапкан. Шамасы қағазды әлемдегі ең ірі кітапхана орналаскан Отырар каласына жақындау жерде дайындаған болар». Кітаптар, негізінен, Жібек жолының көмегімен жиналған. Бұл жерде «әлемдегі ең ірі кітапхана» дегенді Александрия кітапханасының 391 жылы өртенип кеткенімен негіздейді. Александрия кітапханасы екі рет өртеннен. Ал Отырар кітапханасы 1220 жылы Шыңғыс хан шабуылында жойылғаны белгілі.

<http://alashainasy.kz>

### Шығармашылық зертхана

«Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты еңбегінде әл-Фараби ақындар жайына арнайы тоқталып, оларды үш топқа бөледі:

1) табиғи дарыны бар, өлеңді жазуға және нақышына келтіріп оқуға, сөз ойнатуға бейім ақындар. Олар өлең өнерінің қағидаларымен жете таныс болмағанмен, тамаша табиғи таланттының арқасында айтқысы келген ойын шебер жеткізе білетіндер;

2) поэзия зандылықтарымен жақсы таныс, көркемдік құралдарды шебер қолдана білетін, бейнелі сөздер ойлап табуға бейім ақындар;

3) еліктеушілер. Өздерінің сөз қолданыстарында алғашқы екі топқа еліктегенмен, олардың табиғи дарыны да, өлең қағидаларынан хабары да жоқ, сондықтан жиекшелік жіберіп алатындар.

**АҢДАТТАПА****Достар!**

- Төзімді сөзі тек кана адамға гана қатысты колданылады ма?
- Сендер өздерінді төзімді адамдар катарына коса аласындар ма?
- Төзімді болудың пайдасы мен зияны туралы не айтасындар?



Достар. Әбу Насыр ал-Фарабидің төменде берілген өлеңін мәнерлеп оқып, жаттап алайык.

**«Тіршіліктे құрыштай бол төзімді» өлеңі**

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,  
Сан мәрте алдаса да өзінді.

Тағдырыңды еш уакытта жазғырма,  
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,  
Танда адал дос өз теңіннің ішінен.  
Жүргендер көп достық атын малданып,  
Алайда тек қалма оған алданып...

**Жас ғалымға көмек**

**Өлең үйқасы** – өлең тармақтарындағы сөз соңының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас естілуі. Үйқас өлең сөздің ырғағын күшетуге себін тигізеді, өлеңнің әуезділігін арттырады. «Қазақ поэзиясында үйқастардың түрі көп, – деп жазды академик Қ.Жұмалиев, – бірақ ең негізгісі және көп қолданылатындары мыналар:

- |                             |   |
|-----------------------------|---|
| 1) қара өлең үйқасы (ааба); | 5) шалыс үйқас (абаб);                  |
| 2) шұбыртпалы үйқас (аааа); | 6) егіз үйқас (аabb);                   |
| 3) ерікті үйқас (абвгб);    | 7) аралас үйқас (aabbbbbb);             |
| 4) кезекті үйқас (абвб);    | 8) осы күнгі ерікті үйқастар (абабвгд). |

Қазақ тілінде өлеңдерде жиі кездесетіндері – қара өлең үйқасы, кезекті үйқас және шалыс үйқастар. Мысалы, шалыс үйқас:

Ана тілің – арың бұл, а      Өзге тілдің бәрін біл, а  
Ұятың бол түр бетте. б      Өз тілінді құрметте! б

**Сөзсүрү**

**Құрыши** – жылтыр сүр түсті, темір және басқа бекіткіштердің ерітіндісінен тұратын болаттың берік түрі. Ал мұнда сол болаттай шымыр, мықты, күшті бол деген.

**Әзәзіл** – діни сөз: 1) шайтан, ібіліс тәрізді қаскей рух; 2) ауыспалы мағынада: рухани азған, әзәзілдің азғыруына ерген адам; 3) азғыруышы.

**Тең** – 1) түйеге арту үшін салмағын бірдей етіп буып-түйген жүк; 2) бірдей, пар-пар, қатар. Бұл жерде: лайық, сай, яғни қатарың, құрбың деген.

**Малдану** – 1) иелену, меншіктену; 2) ауыспалы мағынада мақтану, сену, іш тарту, арқа сүйеу. Бұл жерде: атын жамылу, ұқсай деген мағынада.



1. Өлең деп кандай шығарманды айтамыз?
2. Осы өлең арқылы ақын не айтпак болды деп ойлайсындар?
3. Құрыштай болу, өрге жүзу, достық атын маңдану тіркестерінің мағынасын түсініп, сөйлем құрайык.
4. Әзәзіл сөзінің синонимін тауып айтайык.



1. Әл-Фараби айткан жағындағы және жағымсыз касиеттерді санамалап көрсетей к.

Әл-Фараби қан-  
дай бол дейді?

Кандай болма  
дейді?

2. Өлеңде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, олардың өлеңде кандай қызмет атқарып тұрғандығын аныктайык.
3. Әл-Фараби бейнесінің төл тенгемізге салынуына себеп болған негізгі мәселені айтып көрелік.



1. Ақынның екі өлеңін салыстырып, оларға тән ортақ ойлар мен ерекшеліктер турауды дағелді пікірлер айтайык.

Қашықтасын.  
тұган жер

Тіршілікте құрыш-  
тай бол тезімді

2. Ақын өлеңінің негізгі мағынасымен үқсас келетін тағы кандай ақындардың өлеңдерін білесіндер?



1. Әл-Фарабидің өзіміз бағалайтын ерекше касиеттерін санамалап айтайык.  
*Улғи:* 1) ізденимпаздығы; 2) ... ...
2. Бір адамның бойында бірнеше өнердің түрлі касиеттің болуы неге байланысты деп ойлайсындар? Осы тақырып турауды сынып ішінде ой белісейік.
3. Адат дос пен амат дос турауды пікірімізді түйіндеп, оймызызды тианақтайык.
4. Әл-Фарабидің «Тәгдышыңды еш уақытта жазғырма» деген пікірімен келісесіндер ме? Келіссендер не себепті?

- «Әл-Фараби ХХI ғасырда өмір сүрсө немен айналысад еді?» деген тақырыпта сынни шолу жазайык.
- Бүтінгі көғамда орын алтып жатқан мәселелерді айттып, әл-Фарабиге кенес сұрау хатын жа зайык.

### Зерттеік!

Қазақстанда әл-Фараби есімімен байланысты қандай аудан, оку орны, гимараттар, орталыктар бар екендігіне зерттеу жүргізейік.

## Шығармашылық зертхана

Орта ғасырларда өмір сүрген араб тарихшылары әл-Фарабидің өте қарапайым, аса қанағатшыл, жұпның ғана киініп, той-думаннан бойын барынша аулақ ұстаған адам болғанын жазады. Күндіз ол, кебінесе қаладағы бақшада күзетшілік қызмет атқарып, одан тапқан ақшасына сатып алған шырактың жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған.

Фараби өмірінің соңғы жылдарын Сирияның Халаб қаласында өткізеді. Сол жердің әміршісі Сайф ад-Дауланың (945–967) сарайында тұрып, оның дәрігері болғанға ұқсайды. Ибн Халликан шежіресінде Әбу Насырдың осы әміршімен қалай танысқандығы туралы мынадай қызық дерек келтіріледі:

«Мысырдан қайтып оралған бетінде әл-Фараби Сайф ад-Дауланың мәжілісі үстіне келеді. Ол кіріп келген сәтте Сайф ад-Даула оған: «Отыр!» – деп бұйрық береді. Әл-Фараби: «Қай жерге отырайын? Сіз отырған жерге ме, әлде өзім тұрған жерге ме?» – дейді. Әл-Фараби Сайф ад-Дауланың қасына келіп, оны орнынан ығыстырыңқырап қасына жайғасады. Сонда Сайф ад-Даула өзі мен өзінің бірнеше нөкерлері ғана білетін құпия сарай тілімен: «Мен мына кісіге бірер сұрақ қоямын, егер лайықты жауап айта алмаса, жазаландар», – дейді. Сонда әл-Фараби іле-шала Сайф ад-Дауланың өзі жаңа ғана сөйлеген құпия тілде: «О, әміршім! Сәл сабыр етіңіз. Әр істің артын баққан жөн болар!» – деп жауап береді. Бұған қайран қалған әмірші: «Апыр-ай, сіз бұл тілді қайдан білесіз?» – деп сұрайды. Сонда әл-Фараби: «Мен жетпіске жуық тіл білемін», – деген екен»<sup>1</sup>.

### Кері байланыс: «Бес саусақ»

Ақ паракка алақанымызды койып, жиегін айналдырып бастырайык.  
Салыған саусактарға төмендегі сұрқартар бойынша жауап жазайык.

Бас бармак – басты мәселе. Такырып бойынша ең күнды мәселе қандай болды?

**Балап үйрек** – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

**Ортан терек** – ойлану. Мен қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шұмек** – шынайылық. Маған шығарма ұнады ма? Неліктен?

**Кішкентай бөбек** – көніл күй ахуалы. Мен осы такырыпты оку барысында өзімді қалай сезіндім?



<sup>1</sup> Дербісалиев Ә. Әл-Фарабидің эстетикасы. Алматы: Издание КазГУ, 1980.

## ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Жырау деген кім? Жыраута кандай касиеттер тән?

Жырау – өмірдің түрлі мәселелеріне арнап өз жанынан жыр, толғау шығаралының халық поэзиясының екілі. М.Магаун: «Жыраудың жыраулығының басты белгісі – акындық, яғни өз жанынан өлең шығарғыштық кабілетінің болуы. Жырау деген атаудың өзінің жыр сөзінен шықкандығы күмән туғызбайды», – дейді<sup>1</sup>. Ш.Уәлиханов кезінде жырдың белгілі бір аспашен сүйемелденіп орындалғанын айтады.

Сонымен катар жырау өз заманының акылгейі, көсемі, ықпалды адамдарының бірі болған. Хандар мен басқа да ел билеушілері күнкыстау кезеңде жыраулармен кенесіп, пікірімен санастып отыратын болған.

Жыраудың негізгі жанры – толғау. Толғау сөзі, атынан ангарылып тұргандай, толғану, толғаныс деген мағына береді. Галымдар жыраулардың толғауларының көбінесе нақыл, тақпак, афоризм түрінде келіп, олардың сөздерінің біразы макал-мәтелге айналып кеткендігін айта ды.

### ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ (1490–1523)

Доспамбет – XVI ғасырдың орга тұсында өмір сүрген жырау, колбасшы, батыр. Туған жері – Дон бойындағы Азов шаһары (Азау, Азаулы). Зерттеушілердің айтуынша, жыраудың бізге жеткен жырлары кеп емес, бар болғаны 160 жолдың шамасында.

Доспамбет жырау казак халкының қалыптасу кезеңінде өмір сурді. Кіші Ногай ордасында әскери колбасшы болып, Қырым ханының жағында көптеген әскери жорыктарға қатысқан. Дешті Қыпшакты кеп аралаған, Бакшасарайда, Стамбулда болған. Бұған Доспамбет жыраудың өзі туралы айткан:



Т.Ордабеков.  
Доспамбет жырау

<sup>1</sup> Магаун М. Ғасырлар бедере. Алматы: Жазушы, 1991.

Айнала бұлак, басы Тен.  
 Азаулының Ыстамбұлдан несі кем?  
 Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағанын  
 Хан ұлына бәсі жок.  
 Би ұлынан несі кем? –

деген жолдары дағел. Толғаудың «Айнала бұлак, басы Тен» деп басталуы бекер емес. Зерттеушілердің айтудынша, Тен, Тан, Тана, Ден, Дон – бәрі бір өзен. Ал жыраудың Азаулыны Ыстамбұлмен салыстыра жырлауына келсек, ол кезде Азаулы түрк патшасына бағынышты қала еді. Қырым тарапында қала, ұлыс, ру басшыларын аға деп ұлықтаған. Сол себепті Доспамбет өзін хан ұлы, би ұлымен тен санай сейлейді. Доспамбет өз есіміне Аймадет деген сөзді қосып айтады. Бұл жөнінде ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин: «Аймадет жыраудың руының не тайпасының аты болса керек», – дейді.

Доспамбет жырларының басты тақырыбы – туған жерге деген ыстық сезімі және сол жерін корғаудағы азаматтық парзы. Жырау толғауларында айтылатын ойлар қазақ макал-мәтедерімен үндесіп жатады. Өз заманының бейнесін айшықты, көркем тілмен суреттеу – Доспамбет жырларына тән ерекшеліктің бірі.

Жыраудың бізге жеткен жырлары: «Айнала бұлак, басы Тен», «Азау, азау дегенін», «Тогай, тогай, тогай су», «Арғымакка ок тиді», «Қоғалы көлдер, қом судар», «Айналайын Ақжайық» және т.б. Аталған жырларында Доспамбет жырау өзінін елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін, соны сактаудағы ерлік істерін, ішкі арман-тілегін жырлаған. Оның жырларының көбі жорық үстінде, ұрыс майданында туса керек.

Доспамбеттің Есакай және Қосай деген екі ұлы болған. Одар кейін Азаулы жұртын басқарған деседі.

Доспамбет жырау шамамен 1523 жылдың бас кезінде Астрахан түбінде кайтыс болады.

Доспамбет шығармалары Макаш Бекмұхамедовтің 1908 жылы Қазан каласынан шыккан «Жаксы үгіт», Ғұмар Қарашевтың 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Шайыр, яки казақ ақындарының басты жырлары» кітаптарында жарияланған. Сондай-ақ жыраудың жыр-толғаулары «Ертедегі әдебиет нұскалары» (1967), «Алласпан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1989) атты жинақтарға енген.

#### АНДАТТА

Достар, суретті сейлетіп көрейік.

Қазақ тарихында акын болып сөз бастаган әрі батыр болып кол бастаган тұлғалар аз емес. Осындаид адамдар қатарына кімдерді жатқызуға болады?



Д.Қастеев. Ұрыс алдында



Доспамбет жыраудың толғауын мәнерлеп оқып.

### «Қоғалы көлдер, ком сулар» толғауы

Қоғалы көлдер, ком<sup>1</sup> сулар  
 Коныстар конған өкінбес.  
 Арыстандай екі бұтын алшайтып,  
 Арғымак мінген өкінбес.  
 Кілең бұздай кілшейтіп,  
 Қөбелер күген өкінбес.  
 Жұпарын кардай боратып,  
 Арулар күшкан өкінбес.  
 Торы төбел ат мініп,  
 Той тойлаған өкінбес.  
 Құрама шапшақ кеп кымыз  
 Құйып ішкен өкінбес.  
 Екі арыстан жау шапса,  
 Оқ кылқандай шашылса,  
 Қан жусандай егілсе,  
 Аққан судай тәгілсе,  
 Бетегелі Сарыарқанын бойында  
 Соғысып өлген өкінбес!

#### Тірек сөздер:

- ✓ қоғалы
- ✓ арғымак
- ✓ ару
- ✓ өкініш
- ✓ соғыс
- ✓ жау

<sup>1</sup> Ком – 1) түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота тұсы; 2) түйеге жүк арту үшін оның жотасына салынған кабат-кабат кіз. Бұл жерде: жайылған, мол, адам мен мәлға пайдалы сулар деген мағынада.

**Сөзсүрү**

**Бұздай** – жергілікті (диалект) сөз. Мұздай деген мағынада.

**Көбе** – бүкіл кеудені жауып тұратын, батырлардың соғыста киген қорғаныш киімі.

**Шапшақ** – зат. Үлкендігі темір шелектей ағаш ыдыс. Шелектен аласалау, жуандай келеді. Оған айран, ашыған көже, қатық құяды.

**Бетеге** – 1) малға жұғымды алса шөп; 2) астық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер түсі; 3) ауру түрі. Бұл жерде: бетегелі сөзі сын есім. Бетегесі қалың, мол, яғни шөпті жер деген.

**Жас ғалымға көмек**

**Аллитерация** (лат. Allittera – дыбыстас) – дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Мысалы:

Жағама қолдың тигенін,  
Жалғыздық сенен көремін.

Жамаулы киім кигенім,  
Жарлылық сенен көремін.

(Ақтамберді жырау)

**Ассонанс** (франц. assonance, лат. assono – үйлесім) – өлеңсөзде дауысты дыбыстардың үндесе қайталануы. Ассонанс сөздің интонация-музыка мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын күштейтіп, ерекше елеулі тұстарды дыбыстан-дырып, ой-сезімнің әсерлілігін арттырады. Мысалы:

Ассалаумағалайқум,  
Алдияр тақсыр ханымыз!

Алдыңа келді қарашаң  
Арызды қабыл алыңыз.

(Жанкісі би)



- Толғау не туралы?
- Онда қандай мәселе көтерілген?
- Шығарма кімнің атынан баяндалады?
- Жырау қандай іс жасаган адамның өкінбейтіндігін айтады?
- Адам өкінбейтіндей болу үшін жасау керек негізгі бес нәрсени атап айтайық. Оймызызы өмірмен байланыстыра отырып дәлелдейік.  
*Улғи:* Адам өкінбеу үшін, ең алдымен, білім атуы керек деп ойлаймын. Себебі ... т.б.



- Өлеңнен дыбыстық қайталауларға мысалдар келтірейік. Ақынның дыбыстық қайталаулар жасаудағы мақсатын анықтап айтайық.
- Шығармадағы автор бейнесінің калай көрінетінін мысал келтіре отырып айтайық.



Достар, әнші Бекболат Тілеуханның орындауында Доспамбет жыраудың «Айнала бұлак, басы Тен» толғауын тыңдайық.  
<https://www.youtube.com/watch?v=qihwtTSGyGE>



- Толғауды тыңдағанда қандай сезімде болдындар? Ой белісейік.
- Өлең жолдарынан қандай күндылықтарды байқадындар? Бұл күндылықтардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі манызы қандай?
- Доспамбет тұған жерін қандай елдермен салыстырып отыр? Неліктен?
- Өлең жолдарындағы Тен, Азат казіргі кай жер екендігін картадан көрсетіп, топ ішінде білетін акпаратымызбен белісейік.



1. Тындаған толғау мен жоғарыда оқыған жырдан ортақ мәселелерді тауып, салыстырайык.
2. Төмөндегі сурет пен Доспамбет толғауларындағы ойды байланыстырып адеби эссе жазайык.



Оңтүстік Казакстан өнірі

### Шығармашылық зертхана

XV–XVI ғасыр жыраулардың өлең-толғауларында: «Қоғалы көлдер, қом сулар, Кімдерге қоныс болмаған», (Шалқиіз); «Қоғалы көлдер, қом сулар, Қоныстар қонған өкінбес» (Доспамбет) деген жолдардағы Қоғалы көл, Қом сулардың не екенін білеміз бе?

XV–XVIII ғасырлардағы ақын-жыраулар мұралары жарияланған басылымдардың барлығында дерлік бұл өлең тармағы қоғалы көлдер, құм сулар болып жазылған. Дұрысы қом сулар болуы керек. Қом сезінің қазірде біз білетін мағыналары: 1) түйе өркештерінің түп жағында тұтаса біткен жота майы; 2) түйеге жук арту үшін оның қос өркеші мен жотасын (қомын) орай салынған қабат-қабат киіз. Алтай тілінде қом сезі толқын деген ұғымды береді екен. Толқын тұрды дегенді қом кірді дейді. Сонда мағынасы қоғалы көлдер, қом сулар деген бейнелі тұрақты тіркес болып сақталып қалған деуге болады. Қоғалы көл – тыныш кішкене көлдер, ал толқынды сулар – үлкен өзендер мен теңіздер болмак<sup>1</sup>.

### Артық болмас білгенін

Азаулы қаласының аты еңбектерін жаңаша жыл қайыруымыздың I ғасырында жазған Страбонда кездеседі. Қара теніз жағалауын монголдар меншіктеген кезде Азаулы өзіне келип құятын Тана өзенінің атымен Тана аталды. Ол Алтын Орданың «он қанатының» астанасы болды. Византия, Генуя, Венеция саудагерлері Алтын Ордамен осы Тана арқылы сауда жасады. Мәскеу князьдігі Азаулыда елшілік және сауда-саттық өкілеттігін ұстады.

<sup>1</sup> Сыздықова Р. Сөздер сейлейді. Алматы: Арыс, 2004.

## «Айналайын Ақжайық» толғауы



«Айналайын Ақжайық» толғауын мәнерлелп оқып.



Жайық өзенінің жалпы ұзындығы 2428 шакырымды құрайды.  
Ал Қазақстан аумағындағы ұзындығы – 1082 шакырым

### Тірек сөздер:

- ✓ күн
- ✓ кіреуке
- ✓ боз орда
- ✓ найза
- ✓ садақ
- ✓ кеңес
- ✓ шалғын

Айналайын Ақжайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?!  
Еңсесі биік боз орда  
Еңкеймей кірер күн қайда?!  
Кара бұлан<sup>1</sup> терісін  
Етік кылар күн қайда?!  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке киер күн қайда?!  
Күмбір, күмбір кісінетіп,  
Күренді мінер күн қайда?!  
Толғамалы ақ балта<sup>2</sup>  
Толғап ұстар күн қайда?!  
Алты құлаш ақ найза  
Ұсынып шашшар күн қайда?!  
Садақ толған сайгел оқ<sup>3</sup>  
Масағынан<sup>4</sup> өткеріп,

<sup>1</sup> Бұлан – үлкен мүйізді, ашатұяқты, бұғы текстес ірі ан.

<sup>2</sup> Ақ балта – ақ түсті болаттан жасалған, сабына күміс жалатқан айбалтанның түрі; ұрыс, соғыс каруы.

<sup>3</sup> Сайгел оқ – сайгел деген топ-тобымен ұшатын күс. Бұл жерде: сол күска ұксас кеп оқ деген мағынада.

<sup>4</sup> Масақ – 1) дақылдардың атында қалған дәнді басы. Бұл жерде: 2) көне зат; садақ оғының ұшы, ұшқір жағы.

Басын колға жеткөріп,  
Созып тартар күн қайда?!  
Кетбұғадай билерден  
Кенес сұрап күн қайда?!  
Еділдің бойын ел жайлап,  
Шалғынга бие біз байладап,  
Орындықтай кара сабадан  
Бозбаламен күліп-ойнап,  
Қымыз ішер күн қайда?!

**Сөзсіры**

**Күдері** – жұмсақ етіп ерекше тәсілмен өндөлген тері түрі. Күдерінің өте жоғары сапалысын мақпал күдері немесе күдері мақпал деп атаған.

**Кіреуке** – пішімі қысқа женді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт. Қазақ тілінде кіреуке сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіреді.

**Шалғын** – қалың өскен көгорай биік шөп, шабындық.

**Саба** – бұл жерде: ескі зат, жүнін қырқып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған қымыз ашытатын ыдыс.

**Жас ғалымға кемек**

**Толғау** – көне дәүірлерде қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі. Толғау қазақтың жыр tolғau, tolғan айту деген сезінен алынған. Қазақ, қарақалпақ, ногай халықтарының жыраулық поэзиясында кең тараған жанр. Толғауда ірі қоғамдық, алеуметтік, саяси, философиялық тақырып ерекше орын алады. Сондай-ақ адам өміріне тікелей қатысты үлгі-есиет, насхат мағынасындағы ойлар айтылады.



1. Жырды манерлеп оқып, ондағы негізгі ойды макал-мателмен түйиндейік.
2. Жырда кездесетін түсініксіз сөздердің мағынасын ашып, оларға мысал келтірейік.
3. Төмендегі диаграмма негізінде «Айналын Аюқайып» жырында жыраудың қандай сезімдері басым көрініс табатындығын анықтайық.




- сағынышы
- арманы
- кайғысы
- қорқынышы

4. Жырда кездесетін жер-су аттарына байланысты қандай өлең-жыр, толғау, ан болетінімізді есімізге түсірейік. Бар мәліметтермен сынып ішінде белісейік.
5. Екі толғауда кездесетін көркемдегіш күрашарды тауып, төмендегі кестеге толтырайық.


Көркемдегіш күралдар	тенеу	эпитет	гипербола	литота
Қоғалы көлдер, ком сулар				
Айналайын Ақжайық				

### «Доспамбет» атты сөзжұмбакты шешейік

- Жырау кай өзеннің бойында дүниеге келген?
- Доспамбет жырлары 1912 жылы кай қалада жарық көрген?
- ... .... жырлайды (жинақтың аты).
- Құрмет, борыш сөзінің синонимі.
- Жыраулар мұрасын зерттеуші галым-жазушы.
- Жырау жырында кездесетін кала аты.
- Араб тілінен аударғанда сөз асыты дегенді білдіретін оқулыктың аты.
- Жырау ұлдарынын бірі.
- Жыраулық поэзияға тән жанр түрі.



1. Венн диаграммасы арқылы екі жырды салыстырып, оларға тән ұксастықтар мен ерекшеліктерді көрсетейік.



1. Доспамбет жыраудың өлең жолшарындағы көтерітін мәселелерді «Күндылыктар ошағы» сыйбасына орналастырайық.



1. Доспамбет жыраудың екі жырындагы арман, өкініштеріне бүтінгі күн тұрсынан баға беріп, шығын сынни хабарлама жазайық.

Күндылыктар ошағы



### Зерттейік!

- Жайық өнірінен шықкан қандай белгілі тұлғалар барына шығын зерттеу жүргізейік.
- Ұстазымыздың көмегімен жыр, толғау, терме жанрларының ерекшелігін анықтап, осыларды орындастырын өнерпаздар туралы ақыраптармен танысадайық.
- Жайық өзеннің неге Ақжайық деп атаған? Оз бетімізше ізденіп көрейік.

## Шығармашылық зертхана

Ғалым Мұхамедрахым Жармұхамедов өз шығармаларында Доспамбетті Үмбетей, Жиембет, Тәтіқара, Ақтамберді, Бұқар жыраулармен үндес әрі олардың поэзиясына дастур жалғастығы негізінде асер еткен «алдыңғы толқын үстаз» ретінде қарастырады. Ал ғалым Ханғали Сүйіншәлиев: «Доспамбет жырларының игілікті әсері, тіпті кейінректе шыққан Бұқар, Махамбет шығармашылықтарынан да айқын аңғарылады. Сонымен бірге ескіден қалған мол мұра – эпикалық жырлардан да Доспамбеттің жыр сарынын байқаймыз», – дейді.

### Артық болмас білгенін

**Кетбұға** – казак тарихында нақты болған тұлға. Ол Шыңғыс хан дәуіріндегі ірі күйші, домбырашы. Атакты әскери кайраткер, ірі колбасшы әрі қайсар батыр ретінде танылған.

Кетбұға би шамамен 1194–1195 жылдары Ханғай тауының етегінде дүниеге келген. Домбауыл бидін екінші ұлы. 1205 сінір жылы Бұқтырма езенінің Ертіске күяр сағасында болған қанды ұрыста бүкіл Монгол үстіртіне танымал Найман хандығының кесемдері, мындаған сарбаздар мерт болып, он екі жасар Кетбұға тұтқынға түседі. Осы жылдан бастап ол Шыңғыс колынын сапында болады. 1218 жылы Жошы Дешті Қыпшақты шеленгеннен кейін, ол әскербасы, кенесші, би дәрежесіне дейін көтеріледі.

1227 жылы Жошы кенеттен қайтыс болғанда, Шыңғыс ханға мұны естиртуге ешкімнін батылы жетпейді. Өйткені Шыңғыс хан «Жаман хабар айтқанын көмейіне ерітіп корғасын құмымын» деп жарлық салған еді. Осы кезде күйші Кетбұға қаһарлы Шыңғыс ханнын алдына барып, «Аксак құлан» атты күйін шертеді. Шыңғыс хан күйді тыңдал: «Еh, Жошы өлген екен гой», – деп катты курсінеді...

<http://anatili.kazgazeta.kz>



Б.Қышқаш. Күй – аныз

## Кері байланыс: «Сана түннелі»




Доспамбет жыраудын «Қоғалы көлдер, ком сұлар» және «Айналайын Ақжайық» толғауларын оқып, талдағанинан кейін сендерде қандай мәселе туындалы? Берілген жүйе бойынша мәселениң шешімін тауып, жаңа идея ұсынайык.

# АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,  
Абайды оқы, танырқа, басың шайқа.  
Ақындықтың қуаты есінді алып,  
Бас алмастан оқырсың қайта-кайта...

*Сұлтанмахмұт Торайғыров*



## АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!



*Абай – біздің ұлттық ұранымыз балық керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Менің балаларым мен ертеңгі үргагыма Абайдан артық. Абайдан ұты, Абайдан киелі ұғым болынға тиіс.*

Н.Ә.Назарбаев

Достар, сіздер адамға ен пайдалы әрі ен зиян нәрсенің не екендігін білесіндер ме? Сендер қандай адамның ғалым болатындығы туралы ойланып көрдіндер ме?

- Міне, «Абайды оқы, таңырқа!» атты тарау Абай өлеңдері арқылы бізге осындай өткір сұраптардың жауабын айтады.
- Абайдың қарасөздерінде «Әкесінің баласы – адамның дүшпаны. Адамның баласы – бауырын» деп адам болу жолын көрсетеді.
- «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбак. Онан басқа нәрсеменен оздым той демектің бәрі де акымақтық» деп бізді ақылды болуға, көркем мінезді болуға шакырады.
- Тіпті естіген нәрсемізді қалаі ұмытпауға болатынын да Абай атамыздың қарас өзде рінен білетін боламыз.

### АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)



Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – казақ халқының бас ақыны, казақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, философ, аудармашы, сазгер.

Ол 1845 жылы 10 тамызда Семей өнірі, Шыңғыстау баураїында дүниеге келген. Азан шакырып койған аты – Ибраһим. Әкесі Құнанбайдың түсінде Әнет баба аян беріп, Ибраһим пайғамбардың атын атап, содан Құнанбай сәбідің атын Ибраһим деп койыпты деседі. Әжесі Зере немересін Абай деп еркелеткендіктен, ел арасына Абай атаныпты.

**Абайдың ескен ортасы.** Абайдың арғы аталары Өскембай мен Ыргызбай өз заманына белгілі батыр әрі би болған кісілер екен. Абайдың әкесі Құнанбай – кара кылды қақ жарған би, небір шежірелерді жатқа білетін ақылды, өте беделді адам болған. Жүрт оны сол кездे-ак «карадан шықкан хан» атаган. Құнанбай 1849 жылы Қарқаралыда мешіт салғызыған.



Абайдын әкесі Құнанбай қажы кіші әйелі Нұрғаныммен.  
Сурет Семейдегі Абай мұражайында сактаулы

Жасы үлгайған кезде Құнанбай қажылықка сапар шегеді. Бұл тұрасында ғалым-жазушы Тұрсын Жұртбай былай дейді: «Меккеге барған сон ондағы жалпы жағдаймен танысады. Ол Меккеге барған қазақ байларының басын қосып: – «Біз осында құдай жолы деп келдік, бәріміз де нашар емеспіз, жететін каражатымыз бар. Ал осында каражаты жок, кемтар келсе, қайда жатпак? ...Күр қажы болып кеткенге мәз болмай, халыққа жәрдемі тиетін іс істеп қайтканымыз жөн емес пе?» – дейді. Осыны айткан сон, қазақ қажылары орталарынан акша жинап, бұл істі орындауды Құнанбайға тапсырады. Құнанбай ағаштан үлкен жатақ салдырады»<sup>1</sup>.



Семейдегі Ахмет Риза медресесі

<sup>1</sup> Жұртбай Т. Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға). Алматы: Алаш, 2004.

Құнанбайдың бейнесі Абайдың ұлы Әбдірахманды жоктаған «Арғы атасы қажы еді» өлеңінен анық көрінеді.

Абайдың анасы Ұлжан өте үстамды, мейрімді, дана кісі болған. Абайдың өнер-білімге құмарлығының ерте оянуына себепкөр болған негізгі тұлға – әжесі Зере.

**Абайдың білім алуы және оның зиялды достары.** Ауыл молдасынан хат таныған Абай он жасқа келгенде, әкесі оны Семей қаласына окута берген. Семейде алғаш Габдулжаппар деген татар молдадан, кейіннен Ахмет Риза деген молдадан білім алды. Сонда жүріп араб, иран, шағатай тілінде жазылған өртегі, дастан-қисса сияқты әдеби мұраларды, әсіресе Низами, Сағди, Хожа Хафіз, Науан, Физули сияқты Шығыс ақындарын сүйіп оқиды.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта мұсылманша оқумен катар Семейдегі «Приходская школа» түсіп, орысша білім алды. Семейде жүрген күндерінің бірінде Абай кітапханада орыс зиялдысы Михаэлиспен танысады. Оның Михаэлис, Долгополовтармен достығы орыс, Батыс әдебиетімен, философиясымен, атап айтқанда, Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов, Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов, Гете, Байрон т.б. шығармашылығымен танысуға ықпал етеді.

**Абай шығармашылығы.** М.Әуезовтің пікіріне сүйеніп айттар болсак, Абай нәр алған мынадай үш рухани арна бар. Олар:

- 1) өз халқының мәдени мұрасы;
- 2) Шығыс әдебиеті;
- 3) Батыс елдерінің рухани қазынасы.

Ақынның шығармашылықпен еркін араласуы 1860 жылдар болды. Абай алғашында өлендерін Кекбайдың атынан жариялаған, тек 1886 жылы «Жаз» өлеңінен бастап өз атынан жариялай бастайды.

**Абай лирикасы.** Абай өлендерінің такырыбы жан-жакты әрі кен. Солардың ішінде Абайдың ерекше мән бергені – адамның адам болып калуы, яғни өз уақытын босқа өткізбей өнер-білім үйренуі, енбек етуі. Ақын:

Тамагы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық,  
Аздырап адам баласын, –

деп казактың мактаншактық, еріншектік, жағымпаздық сияқты кейбір нашар қызықтарын сынайды.

Үш-ак нәрсе адамның каснеті,  
Ыстық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

деген Абай қайратты, ақылды, мейрімді болуга үндейді. Осылайша «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» ешкімді бөліп-жармайтын

үлкен жүректі жан болуга шакырады. «Атаның баласы болма, Адамның баласы» бол дейді.

**Табиғат лирикасы:** «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры», «Күз», «Жаздың шілде болғанда», «Қараша, желтоксан мен сол бір екі ай» т.б.

**Философиялық лирикасы.** «Әсемпаз болма әрнеге», «Қартайдық, кайғы ойладық, ұлғайды арман», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Өлсе елер табиғат, адам елмес» және т.б.

**Саяси-әлеуметтік лирикасы.** «Болыс болдым, мінекей», «Қалын елім, қазағым, қайран жұртый», «Бір сұлу кыз тұрыпты хан колында», «Интернатта оқып жүр» т.б.

**Көніл құй лирикасы.** «Ем таба алмай», «Әбдірахманға», «Көнілім қайтты достан да, душпаннан да», «Өзгеге, көнілім, тоярсын т.б.

**Махаббат лирикасы.** «Жарқ етпес қара көнілім не қылса да», «Есінде бар ма жас күнін», «Көзімнің қарасы», «Ғашықтын тілі – тілсіз тіл» т.б.

**Поэмалары.** Абайдың «Ескендір», «Масғұт» және аяқталмай калған «Әзім әнгімесі» деген поэмалары бар.

**Карасөздері.** Абайдың карасөздері 1890–1898 жылдардың арасында жазылған. Ақын өлеңмен айтпак болған сөздерінің біразын қарасөз түрінде берген. Қарасөзінің жалпы саны – 45. Абай карасөздері арқылы оқушыға ғибрат беруді максат еткен. Ақынның қарасөздері орыс, түрік, парсы, қытай, корей, ағылшын, француз т.б. көптеген тілге аударылды.

**Абайдың аудармалары.** Абай И.А.Крыловтың бірнеше мысалдарын, М.Ю.Лермонтовтың «Шайтан», «Дуга», «Қанжар», «Жалау», «Теректің сыйы» т.б. өлеңдерін, А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» дастанының сегіз үзіндісін казакы ұғымға жакын етіп аударды.

**Абайдың музикалық мұрасы.** Абай әрі акын, әрі композитор. Оның әндері казақ даласына кең тараган. Абайдың «Сегіза яқ»,



Кекбай  
Жанатайұлы



Шәкәрім  
Кұдайбердіұлы



Ақылбай  
Абайұлы



Магауия  
Абайұлы

«Көзімнің карасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қаранғы түнде тау калғып», «Айттым сәлем, қалам қас» сынды бірнеше әндере бар. «Май тұні», «Торы жорға», «Абай желдірмесі» сиякты күйлері бар.

**Абайдың ақын шәкірттері.** Абайдың тікелей тәрбиесін алғып, жаңында жүріп ақыл-кенесін тындаған ақын, өнерпаз шәкірттері ете көп болған. Мұхтар Өуезов солардың ішіндегі толық мағыналы шәкірттері деп Абайдың өз балалары: Ақылбай мен Мағауияны және Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Көкбай Жанатайұлын атап көрсетеді.

«Көкбай – 1880 жылдан бастап Абайдың жолдасы, досы болған адам. Абай істеген іс пен мінездің барлығын құттаган, мақұлдаған адам. Өзі атқамінерлігімен қатар жасында ақын, әнші болса да, бері келе молдалық та қылған », – дейді М. Өуезов.

Шәкәрім – Абайдың ең талантты, мол мұра қалдырған шәкірті.

Ақылбай – Абайдың Ділда атты бәйбішесінен 1861 жылы туған тұнғыш баласы.

Мағауия Абайұлы (1870–1904) – Абайдың бәйбішесі Ділдадан туған көнже баласы.

**Абайдың зерттелуі.** Абай мұрасын танып бағалауда және оны насиҳаттауда Ә. Бекейхан, А. Байтұрсынулы, М. Өуезов, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншөлиев, М. Мырзахметов, Р. Сыздыкова т.б. көптеген ғалымдар үлкен еңбек сінірді.



1. Абай нәр алған үш рухани арнаны атайды.
2. Абайдың музикалық мұрасы туралы не білеміз?
3. Алғаш елеңдерін Абай кімнің атынан жариялатп отырды?
4. Абайдың шәкірттері кімдер?
5. Абайдың әжесі Зере мен анасы Үлжан жайлы естігендерін бар ма?
6. Абайды зерттеушілер кімдер?
7. Абай кімдердің шығармаларын аударды?
8. Берілген үлгіні пайдаланып, жоғарыда көлтірілген деректерді колданып менталды карта жа сайык.



9. Тамагы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырап адам батасын . –  
деген жолдармен сендер қашалыкты келісесіндер? Бүтінгі когамда осы мәселе өзекті ме?
10. Абай Құнанбайұлы есімімен байланысты қандай мәдени орындар бар?  
Сынып болып пікір алысайык.

## «Мен жазбаймын өлеңді өрмек үшін» өлеңі

### АНДАТТА

- Ақын өлеңді не үшін жазды?
- Абайдың өлең жазудагы мақсаты не?
- Ол өлеңді қандай адамдарға ариап жазды?
- Абайдың сезін қандай адам ұғады? Бұл жөнінде ақынның «Мен жазбаймын өлеңді өрмек үшін» өлеңін оқыған соң түсінетін боламыз.

### Тірек сөздер:

- ✓ өлең
- ✓ жастар
- ✓ үлгі
- ✓ өлеңсөз



Осы сұрақтың жауабын біту үшін Абай өлеңінін үзіндісін тындастырыңыз (3-аудио).



1. Тындаған үзіндіде не туралы айтылады?
2. Ақынның айтпақ болған ойын екі-үш сөйлеммен түйіндейік.
3. Абайдың осы өлеңді жазудағы мақсатын анықтайык.
4. Өлеңді түсіну үшін адамға қандай касиеттер керектігін айтайык.
5. *Көңілінің көзі ашиқ, көкірегі сезімді, тілі орамды* деген сез тіркестерінін мағынасын түсініп, баламасын табайык.



1. Берілген үзіндіден автор бейнесі калай көрінеді? Жүппен талқылайык.
2. Абайдың ақындығын танытатын көркемдегіш күралдарын тауып, олардың қызметін анықтайык.



1. Осы өлеңінде ақын қандай оқырманды жоғары бағалайды? Біз өзімізді қандай тындаушының катарына жатқызамыз? Себебін ашып айтайык.
2. Өз тарағымыздан оқырманға қандай талап кояр едік?



1. Төмендегі үлгіні пайдаланып, «Бурніме» әдісі арқылы төрт жол өлең күрастырып көрейік.

..... келмей,

..... кермей,

..... үкрай,

..... бермей.



Абайдың ақын шәкіртеріне қандай ақыл-кенес, наспіхат айтқандығын білгіміз келсе, өлеңнін жалғасын оқыык.

...Сез айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,  
Мұнда жок алтын иек, сары ала қыз.  
Кәрілікті жамандап, елім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
Әсірекызыл емес деп жиренбеніз,  
Түбі терен сез артық, бір байқарсыз .

Батырдан барымтасы туар даңгой,  
 Қызыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.  
 Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,  
 Елірмелі маскунем байкалған ғой.  
 Бес-алты мисыз бәнгі күлсө мәз болп,  
 Қинамай қызыл тілім, кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге  
 Жалынамын, мұндай сез айтпа бізге.  
 Өзге түтіл өзіне пайдасы жок,  
 Есіл өнер қор болып кетер түзге...

### Сөзсүры

**Тасыр** – топас, дөкір, сезімсіз, ақымақ, даңғой, надан, талапсыз.

**Шүү дегенде** – ә дегенде, әуел баста, о баста.

**Барымтта** – 1) көне сез. Жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алып, кек қайтаруы; 2) саяси мағынада: құзыретті орындардың малды күш қолданып тартып алуы.

**Елірме** – әңгүдік, әулекі, желекпе.

**Бәңгі** – жынды, есалан, нақұрыс, есірткіге тәуелді, яғни нашақор адам.

### Жас ғалымға көмек

**Дамыту** (градация) – алдыңғы сезден соңғы сездің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстар екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, есіп отыры. Бұл көркемдік тәсіл құрылымы, жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне кең өріс ашады.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Ұш, көңілім, кекке, кергі енді!», «Өрбі, сезім, өрбі енді!» деген шумақ аралық жолдар дамытуға құрылған. Сондай-ақ ақынның Отыз жетінші қарасөзінде: «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...» немесе Бесінші қарасөзіндегі «Кекірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сез болып ағады» деген жолдар да дамыту әдісіне жатады.

! ? 1. Өлең мазмұнын ескере отырып, үзіндіге атая берейік. Не себепті олай атаганымызды түсіншірейік.

2. Сәнкөй, даңгой, керім, кербез сездеріне мағыналас сездер тауып, өлең мазмұнына жақын ұш сөйлем құрайық.

3. Автор өлең жолдарында оқырманға қандай ақыл-кенес берген?

1. Абайдың кейінкір бейнесін жасауда қандай көркемдегіш құралдарды колданғанын тауып, мысалдар көлтірейік.

2. Өлең жолдарынан Абайдың қандай көніл күйін байқауга болады? Дәлелдер көлтіріп, талқылайық.

3. Өлең жолдарынын мазмұнын аштын сұраптар құрастырайык. Мысалы:
- Неліктен.....? Кандай.....?
  - Қалай.....? Не үшін.....?



1. Шығармадагы ақын айткан өлеңді түсінетін және өлеңді түсінбейтін кейіпкерлерді өзара салыстырып, улғи-кестені толтырайык.

Өлеңді түсінетін  
адамның сипаты

Талапты

Өлеңді түсінбейтін  
адамның сипаты

Талапсыз



1. Абай өзінін Отыз екінші қарасөзінде: «Адамның көңілі шын мейрленсе, білім-ғылымның өзі де адамга мейрленіп, тезірек қолға туседі ». – дейді. Ақын сезін негізге алыш, өзіміздің күнделикті өмірдегі іс-әрекетімізге баға беріп көрейік. Біз білім алуда шын мейрленіп журміз бе?



1. Ақын ойын негізге ала отырып, өлең жазып жүрген құрбы-құрдастарымызға өлеңге қандај талап койылатындығын айтап, сыни хабартама жазайык.

#### Артық болмас білгенін

Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі 1884 жылы жазылған. Бұл кезде Абайдың ұлы әрі шәкірті Ақылбай 28 жаста, ақындық өнерге бой ұрған кезі екен. Абай Ақылбайдың «Дағыстан» атты поэмасындағы:

*Ер сөзін еріккеннен ермек еттім,  
Осыны жазғаным жоқ, өнер қысын,* –

деген жолдарын сынаған.

Галым М.Әуезов Абайдың осы өлецинде өзінің ақын шәкіртеріне айткан әдеби сыны бар екендігін айтады. Яғни, бұл өлеңін Абай өзі тәрбиелеп жүрген шәкірт ақындар тобына арнағандай<sup>1</sup>.

#### Шығармашылық зертхана

М.Әуезовтің мәлімдеуінше, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңіндегі «Сөз айттым, Әзірет Әлі, айдаңарсыз» деген өлең жолы Кекбай шығармашылығына байланысты айтылған. Себебі Абай Кекбайдың осы тұста қиссашил ақындар сарынымен шығыстық діни қисса-дастан жазуға тым ауестігін сынға алған.

Абай ақындық тілге жат поэзиялық қолданысты да сынға алған. Ақын шәкіртерінің бірі Эріп Тәнірбергенұлының «Зияда-Шамұрат» деген дастанында сұлу қызды:

*Інжу тіс, нәзік белді, гауһар сүйек,  
Сұмбіл шаш, лағыл мойын, алтын иек,* –

<sup>1</sup> Мырзахметұлы М. Абайтану. Астана: Деловой мир, 2010.

деп тым әсіре суреттеуін «Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз», – деп сынайды. Жылтыр сөзге көп үйір болмағанын қалайды. Ал енді «Кәрілікті жамандап, өлім тілеп» деген жолдарында Шәкәрім Құдайбердіұлының кәрілікті жағымсыз етіп суреттегенін сынаған. Бұл өлеңі алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургда жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты жинақта жарияланды.

## «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі

### АНДАТПА



Достар, ғылым деген не? Ғалым деген кім? Ғылымдың кайдан табамыз? Қайтсек ғалым боламыз? Осы сұрақтың жауабын Абай өлеңінің үзіндісін оқысак табамыз.

### Тірек сөздер:

- ✓ ғнер
- ✓ білім
- ✓ ғылым
- ✓ ғалым
- ✓ бес асыл іс
- ✓ бес дүшпан

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуте.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол –  
Адам болам десеніз.

Тілеуін, өмірің алдында,  
Оған кайғы жесеніз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпак –  
Бес дүшпаның, білсеніз.  
Талап, енбек, терен ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеніз.  
Жамандық көрсөн нәфрәтлі,  
Сұтып көніл тыйсаныз.  
Жаксылық көрсөн гибрәтлі,  
Оны ойға жисаныз.  
Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаныз.  
Болмасан да ұқсап бак,  
Бір ғалымды көрсөніз.  
Ондей болмақ кайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеніз,  
Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеніз?  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көніл бөлсеніз.  
Білгендердің сезіне  
Махаббатпен ерсеніз.  
Ақыл сенбей, сенбеніз,  
Бір іске кез келсеніз...



1. Өлеңде қандай мәселе көтерілген?
2. Ақынның өлеңі кімге арналған деп ойлайсындар?
3. Кайғы жеу, мал шашу, ұқсап бағу, жанбай жатып сөну тіркестерінің синонимдерін тауып, олардың өлеңде қандай қызмет атқарып тұрғандығын айттайық.
4. Ұстазымыздың көмегімен адам, кісі, пенде, жарты адам, есті адам, толық адам, кемел адам ұғымдарының мағынасын ашайық.
5. Адам болуды қалай түсінеміз? Абай адам болу үшін не істей керек дейді?
6. Адам, кісі, пенде сөздерін пайдаланып, адамның касиеттерін білдіретін сөз тіркестерін тауып, олардың мағынасын ашайық. Мысалы: адамгершілік, кісілік + ... +

7. Абай «Галым болмай немене, Балалықты қисаңыз» дейді. Қалай ойлайсындар, кандай адам ғалым болады? Балалықты кио деген не? Жұбымызыңбен осы сұрак төнірегінде сұхбаттасайык.
8. Өзімізге ұнаган шумактарды жаттап алайык.



1. Өлеңде Абай айтқан бес дүшпанды аныктайык.
2. Сынып ішінде бес топка бөлініп, осы бес ұғымның әркайсысына жеке-жеке тоқталайык. Мысалдар келтіре отырып, олардың зиянын дәлелдейік. *Улғи : 1-top*. Өсек деген не?

  - 2-top. Өтірікті кім айтады?
  - 3-top. Мактану мен мактаншақтық бір ме?
  - 4-top. Еріншектің ертеңі біте ме?
  - 5-top. Бекер мал шашу; мактану ма, ақымактық па?

3. Абай асық бол деген бес асыл істі аныктайык. Осы касиеттердің қайсысы бүтінгі күні қазақ халқынан көбірек көрінеді деп ойлайсындар?



4. Адамның бес асыл ісі *талақ, еңбек, терең ой, қанагат, рақым* ұғымдарына байланысты билетін макал-мәтеп мен канатты сөздерді есімізге түсіріп, сыннып ішінде белісейік.
5. Абай айтқан бес асыл іске өз тараپымыздан тағы не қосар едік? Не үшін олай ойтайтынымызды «Мениң ойымша ...», «Себебі ...», «... деп ойтаймын» деген тіркестерді пайдалана отырып түсіншрейік.



- 1. Талап, Еңбек, Терең ой, Қанагат, Рақым** болып рөлдерге бөлініп, әркайсысымыз адамға не үшін керек екенімізді дәлелдең, шағын пікірталас жасайык. *Улғи :*

— *Талап*. Сендерге бір сұрақ койғым келеді. Қалай ойлайсындар, неліктен Абай ақын мені бірінші атады? Егер мен бас көтеріп, бір істі бастауга ниеттенбесем, еш нәрсе де болмас еді. Сондыктан бесеуміздің ішіміздегі ең керектісі мен деп ойтаймын.

— *Еңбек*. Талапты ерге нұр жауар деген» атам қазақ. Бірақ «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарнын тіленбей» дегенді де естен шығармассын. Менсіз адамның күні не болмак?



- 1. Абайдың «Ғылым таппай мактанба»** өлеңі мен төменде берілген ақынның шәкірті Әріп Тәнірбергенұлының «Ғылым туралы» атты өлеңинің үзіндісін салыстыра оқынык.

Теніздің тереңінде садап<sup>1</sup> пән дур.

Тілімді алсан, қанағат кыл, әдеппен жүр.

<sup>1</sup> *Садап*, яғни сәдел – араб сөзі. Теніз түбінен альнатын дүрдін, маржанның кабығы.

Ғылым – дана, өмірде кор болмайсын,  
Жаманменен жолдас болма, жақсымен жур.

Кісінің, менше балам, хакын жеме,  
Түбінде жарымайды жегіш неме.  
Тірі күнде құтылым карызынан  
Артымнан «әкем айтпай кетті» деме.

2. Екі өленнен қандай ой байқадындар? Ойнызды кестені пайдалана отырып нақтылай айтайык.

Абай

- Ғылым туралы не дейді?
- Өлең кімге арналған?
- Неге үтіттейді?

Әріп ақын

- Ғылым туралы не айтты?
- Өлең кімге арнаған?
- Нені ен жаман қасиет дейді?



«Ғылым таппай мактанба» өлеңінің жалғасын тындайык (4-аудио).



1. Тындаған үзіндіде қандай ой айтылады?
2. Үзіндіге өз тарағымыздан қандай атау берер едік?
3. Ұстазымыздың көмегімен түсініксіз сөздерді тауып, мағынасын ашайык.
4. Өлеңдегі қанатты сез, макал-мәтеддер мен сирек кездесетін тіркестерді теріп жазып, ақынның бұларды қандай мәселелерге қатысты колданғанын түсіндірейік.



1. Тындаған үзіндідегі:

Өзің үшін үйренсен,  
Жамандыктан жиленсен.  
Ашыларсың жылма-жыл.  
Біреу үшін үйренсен,

Біреу білмес, сен білсен.  
Білгеніннің бәрі – тұл.  
Сөзіне карай кісіні ал,  
Кісіге карап сез алма,

деген жолдарды қалай түсінеміз? Эпизодтағы ақын ойын өз көзкарасымыз тұрғысынан дамытып, топ болып төмендегі сұраптарға жауап берейік.

Өзің үшін үйренсен  
не болады?Біреу үшін үйренсен  
не болады?Менің түсінгенім  
бойынша

• Ақын пікірі

• Ақын пікірі

• Оқырман пікірі

2. «Екіжакты қүнделік» кестесін пайдаланып, өзімізге әсер еткен шумакты аныктайык. Ол шумактың неліктен өзімізге әсер еткені туралы топ ішінде баяндайык.

Осы өлеңнің маған әсер еткен шумағы	Неліктен ол маған әсер етті?

3. Өлөнді толығымен түсініп, теменде берілген үлгі бойынша сатылай кешенді талдау жасайык.
- **Авторы.** Автор (лат. autor – жаратушы, негізін калаушы) – туынды жа-саушы, шыгармашылық тұлға.
  - **Такырыбы.** Такырып – әдеби шыгармада сөз болатын басты мәселе, шыгарма мазмұнының негізгі арқауы.
  - **Шумак.** Шумак – өлең-жырларда, дастан-поэмаларда өлең тармактарының (жолдарының) белгілі реттеп топтасуы.
  - **Буын.** Буын саны сөздің құрамындағы дауысты дыбыстардың санына байланысты. Ен жіңі қолданылатындар: жеті-сегіз буынды, он бір буынды.
  - **Үйкас.** Үйкас – өлең-жырларда тармактың сонындағы бірнеше буынның келесі тармактағы сәйкес буындармен үйлесуі.
  - **Әдеби-теориялық ұғымдар.** Троп түрлері, көркемдегіш құралдар: тенеу, метафора, метонимия, эпитет, шенdestіру, кайталау, риторикалық сұрау және т.б.

### Зерттеік

1. «Сіз таныған Абай кандай?» – такырыбында мектепшілік сұхбат жүргізейік. Замандастарымыздың Абайды каншалыкты білетіндігіне шағын зерттеу жасайык.

2. Қосымша акпарат құралдарын пайдаланып, Абайдың мұражай-үйі мен мәдени-тарихи және әдеби-мемориалдық мұражайы туралы акпарат жинақтап, сынның ішінде белсендік.

Абай мұражайы 1944–1967 жылдары Әндиш Молдабаевтың үйінде жұмыс істеген. Себебі, Абай 1875–1904 жылдары Семейге келгенде осы үйге түсіп жүрген екен.



Абайдың мәдени-тарихи және әдеби-мемориалдық мұражайы



- Ақынның айтар ойын сактап бүтінгі күнмен байланыстыра отырып, «Ақыл сенбей сенбеніз...» деген тақырыпта сынни хабарлама жазайык.
- «Ғылым тапсам...» деген айдармен әдеби эссе жазайык. Эсседе өзіннің кай салада жаналық ашқын келетінін, онын өз отбасына, коршаған ортаға кандай пайдасы болатынын айтуды ұмытпайык.

## Шығармашылық зертхана

Абайдың: Мұны жазған білген құл –  
Ғұламаһи Дауани,  
Солай депті ол шыншыл, –

деген жолдарындағы Ғұламаһи Дауани – XI ғасырдағы ғалымдардың бірі, ресми аты – Жалаладдин Мұхаммед ибн Асхад ад-Дауани, яғни бұл Мұхаммед Асхад баласы Дауан қыстағынан (Иранның Шираз деген қаласының маңында) шыққан оқымысты дегенді білдіреді.

Англияның Британия мұражайы 1922 жылы шығарған парсы тіліндегі еңбектердің библиографиясында Ғұламаһи Дауанидің оннан астам еңбектерінің аты аталады.

Ғұламаһи Дауанидің кітаптары 1880, 1881 жылдары Калькутта қаласында, ал 1889 жылы Лондонда басылғаны анықталып отыр. Шамасы Абай қолына Ғ. Дауанидің кітаптары осы басылымдары арқылы жеткен болуы керек<sup>1</sup>.

### Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.  
Жасыл түс – толық түсінік пен белсенділік.  
Сары түс – кішіндік пен толқыныс.  
Кызыл түс – түсініксіздік пен аландардаштырылыш.



## АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ



Ә.Қастеев. Абай суреті  
емес. Стиль, мазмұн жағынан  
өзі тапқан көркемсөздің бір түрі.

Абайдың 1890–1898 жылдар ара-  
лығында жазылған біралуан шығар-  
масы қарасөздер деп аталацы. Олардың  
жалпы саны – кырық бес. Абай  
өлендерінде айтылатын ойдан үнемі  
окырманға түсінікті бола бермесін  
ескеріп, біршама ойларын қарасөз  
турінде берген. М.Әуезовтің сезімен  
айтсақ, Абайдың қарасөздері сюjet-  
ті шығармалар емес. Бұрынғы жазу-  
шылар қолданған естелік, мемуар да  
алғанда, осы шығармалар – Абайдың

<sup>1</sup> Мырзахметұлы М. Абайтану. I-кітап. Астана: Деловой мир, 2010.

Қарасөздерде ақын өмір сүрген кезеңінің ғана емес, жалпы адамзатка тән түрлі мәселелер сөз болады. Ақынның қарасөздері тындаушымен әңгімелесіп отыргандай, кейде ақынның өзімен-өзі сырласып, сұхбаттасып отыргандай әсер етеді.

### Достар!

Казак халқының танымында қара сөзі тек қана түр, түс атауын ғана білдірмейді. Қара шаңырақ, қара халық, қара орман, қара шат, қара бала, қара қызы деген сөздердегі қара сөзі – қасиет пен киенін символы.

Карасөз казіргі орфографияда бірге жазылып, әдебиет термині ретінде оқытылады.



Ал Абайдың қарасөздері деген қандай сөз? Оларда не туралы айтылады? Осы сұраптардың жауабын ақын қарасөздерін оқығаннан соң білетін боламыз.

### Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы еткіздік пе, жаман еткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді еткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі коршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жок, елге бағым жок. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан көнілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді қудай сактасын!

Мал бағу? Жок, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді картайғанда қызығын өзін түтел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған азгана өмірімді кор қылар жайым жок.

Ғылым бағу? Жок, ғылым бағарға да ғылым сөзін сейлесер адам жок. Білгенінді кімге үйретерсін, білмегенінді кімнен сұрарсын? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, колына кезін алып отырганың не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысадар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез картайтатұғын күйік.

Сопылық қылып, дін бағу? Жок, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көнілде, не көрген күнінде бір тыныштық жок, осы елде, осы жерде не қылған сопылық?

Балаларды бағу? Жок, баға алмаймын. Бағар едім, калайша бағудын мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай қарекетке қосай ын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінін, білімінін пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным

жок, кайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жок десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған бел байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жок.

### Сөзсүрі

**Тілемсек** – біреуге емінген, сұрамсак, сұраншақ, тіленшек адам деген мағынада.

**Күйік** – мағынасы өте көп: Бұл жерде: қайғы, мұңға бату, жалғызырау.

### Жас ғалымға көмек

**Жанр** (франц. genre, лат. generis – түр, тек) – өнердің барлық түрлерінде қалыптасқан іштей жіктелім жүйесі. Мысалы, музыкада: ән, күй, роман, симфония сияқты жанрлар бар болса, бейнелеу өнерінде: *натюрморт, пейзаж, портрет* сияқты жанрлар болады.

**Әдебиеттегі жанр** – белгілі бір дауірде қалыптасқан, ортақ белгілері бар көркем шығармалар түрлерінің жүйесі. Әдебиетте *айтыс, жыр, әңгіме, роман, эпопея* т.б. жанрлар бар.




1. Абай өз шығармаларын неліктен қарасөз деп атады деп ойлайсындар?
2. Карасөз қандай жанрга тән?
3. Ақынның Бірінші карасөзінде қандай мәселелер көтерілген?
4. Ақынның осы карасөзді жазудағы максатын калай түсінесіндер?



1. Карасөздегі негізгі ойды анықтап, жұбымызбен талдайык.
2. Бес топқа белініп, төмендегі сұрақтарға жауап беріп, осындағы автор бейнесінің қалай көрінетіндігін аныктайык.
  - 1-топ. Ел бағу дегенді қалай түсінесіндер? Абайдың көзкарасы қандай?
  - 2-топ. Ақын неліктен мал баға алмаймын дейді?
  - 3-топ. Ғылым бағу деген ие? Абай ғылым бағумен келіседі ме?
  - 4-топ. Абай не үшін сопылық қылыш, дін бағу үшін тыныштық керек дейді? Дін бағуды қалай түсіндірер едіндер?
  - 5-топ. Бала бағу туралы ақын не дейді?

3. Темендерге сызба-үлгіге қараң, Бірінші карасөздегі көркем ауыстыруларға мысал келтірейік. Аталған көркемдегіш күралдарды ақын не үшін колданды деп ойлайсындар?





1. Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі ғылым туралы айтылатын пікір кезкарастарын салыстырайык. Қандай алшактық немесе ұқсастық байқаганымызды айтайык.
2. «Абай шығармаларының өміршендігі неде?» тақырыбында сауалнама жүргізіп, корытындысының салыстырмалы анализін жасайык.



1. Хакім Абайдың «*Ғылым багарға да ғылым сезін сейтесер адам жоқ*» деген пікіріне бүтінгі күн тұрғысынан жауап жазайык.
2. <http://biliwind.kz> сайтын пайдаланып, Абайдың осы қарасөзін аудио нұскада тыңдайык. Ерекше ұнаган тұстарына катасты өз пікірмізді екі-үш сейлеммен түйнідең жазып койык.
3. «РАФТ» әдісі бойынша хат жазайык.

Рол – Абай;

Аудитория – жасөспірімдер;

Форма – хат;

Тақырып: «*Бес нәрседен қашық бол*».

### Артық болмас білгенің...

Достар, акын Мағжан Жұмабаевтың Абайта арнаган:

Шын хакім, сезін асыл – баға жетпес,  
Бір сезің мын жыл журсе, дәмі кетпес.  
Карадан хакім болған сендей жанды  
Дүние колын жайып енді күтпес, –

деген өлең жолдарындағы хакім сезінің магынасын білеміз бе?

Хакім – араб тілінен енген сез, *даныштан*, *дана адам*, әкім деген ұғымдарды білдіреді. Хакім тек пайдалы іліммен шұғылшынып, ізгі істер жасайтын, әр күбылыстың астарындағы құдірет сырды көре білетін ерекше жан. Оттың сезізінші қарасөзінде хакім сезін әлденеше рет көлданған Абай «*Әрбір гатым – хакім емес, әрбір хакім – гатым*» деген екен.

### Жетінші сез

#### АНДАТАПА

• «Тегінде, адам баласы адам баласынан акыл, ғылым, мінез, ар деген нәрселермен озады. Бұдан өзге нәрсеменен оздым той демектің бәрі де акымақшылық» деген Абай атамызы Он сезізінші қарасөзінде. Мінез деген не нәрсе? Адам тутанда қандай мінезден туады?



Абайдың Жетінші қарасөзінде жоғарыдағы мәселелер туралы айтылады. Олай болса, Жетінші қарасөзден үзінді тыңдашық (5-аудио).

#### Тірек сөздер:

- ✓ мінез
- ✓ тән
- ✓ жан
- ✓ дүние сырьы
- ✓ құмарлық
- ✓ адамдық



1. Тыңдаған үзіндіде не туралы айтылады?
2. Акын бала анадан тутанда қандай мінезден туады дейсі? Сендер мінездің қандай түрін білесіндер?
3. Дүние сырьы дегенді қалай түсінесіндер?
4. Тыңдалым барысында қандай сездер есімізде ерекше сакталды?



1. Төмөндегі кестені пайдаланып, тән құмары мен жан құмары деген не екенин аныктайык.

Тән құмары деген не?

ішсем-жесем...

...

Жан құмары деген не?

корсем-білсем...

...

2. Бізде тән құмары мен жан құмарының қайсысы басым болу керектігі турасында ойнымызды айтайык.




1. «Адамның мінезі түа қалыптасады немесе жүре қалыптасады» деген пікірге көзкарасымызды білдірейік.



1. Абай осы карасөзінде: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгет деп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаңы болмай, хайуан жаны болады», – дейді. ВENN диаграммасы арқылы Абай айткан адам жаңы мен хайуан жаңы деген үғымдарды салыстырып, өз ойнымызды айтайык.

Адам жаңы

Хайуан жаңы



2. Элихан Бекейханның «Ұттына, жұрттына қызымет ету – білімнен емес, мінезден» деген пікірін Абайдың карасөзімен қалай байланыстырадар едіндер? Топта талқылайык.



Достар, хакім Абайдың Жетінші карасөзінің жалғасын оқыңыз.

...Әзелде Құдай Тағала хайуанның жаңынан адамның жаңын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол куат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күнде «Бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, үйкі, тамак та есімізден шығып кететүғын құмарымызды ержеткен сон, ақыл кіргенде орнын тауып ізденип, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жіған казынамызды көбейтсек керек, бұл жаңын тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызыса керек еді. Жок, біз олай қылмадық, ұзактай шулап, карғадай барқылдаң, ауылдағы боктықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен сон, күш енген сон оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғызыдық, еш нәрсеге көнілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көніл айтып тұрса,



Б.Бәймен. Абай шығармаларына топтама

сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ак тойдық. Сырын қалай болады деп көнілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, үқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіне, өз білгенім – өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылымен жарлы бол», – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса үқпаймыз.

Көкіректе сәуле жок, көнілде сенім жок. Құр көзбенен көрген біздің хайуан маддан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы еkenбіз. Білсек те, білмесек те, «білсек еken» деген адамның баласы еkenбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз.

### Сөз сиралының мағынасы

**Әзелде** – әзел – ескі сез. ғазиз, қымбат, қимас; ал әзелде – әуелде, о баста, баяғыда, бұрында деген.

**Ұзақ** – үсті қара, басы бозғылт, қарға тұқымдас кішкентай жыл құсы.

**Күретамыр** – 1) қан жүретін үлкен тамырлар, негізгі қан жолы; 2) ауыспалы мағынада негізгі тетік, өзек. Бұл жерде: адырайтып етістігімен қосылып қызыранадады, қызбалыққа салынды деген.



1. Абай Жетінші карасөзінде не деп ақыл айтады?
2. Абай атап кеткен құмарлық туралы не ойлайсындар?

3. Жанның тамагы дегенді калай түсінесіндер? Мысал келтірейік.
4. Ақын адамның бойындағы жаман әдеттерді неге тенейді? Оқыған карасөзден мысал келтіре отырып ойымызды нактытайык.



1. Осы карасөздегі Абай бейнесін сипаттайык. Ақынға қандай мінездеме берер едіндер?
2. Оқыған үзіндіден көркемдегіш күралдарды тауып, оларды ақын не үшін қолданғанын аныктайык.
3. Темендең кесте бойынша талдау жасайык.

Құдай Тағала адам жаңын  
хайуан жаңынан артық  
жаратқан дейді?

Бала күнімізде жақсы едік  
дейді?

Неге автор...

Біз тұқ білмейміз, білмесек  
те таласамыз дейді?

Хайуан маддан неміз артық  
дейді?



1. «Көкіректе сәулө жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан маддан неміз артық?» деген жолдардағы ақынның айтпак ойын өмірден алынған мысалдармен жинектайык.
2. «Үйқы, тамақ та есімізден шығып кететүгін құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, гылым тапқандардың жолтына неге салмайды екенбіз?» деген Абайдың сұрағына жауап беріп көрейік.
3. «Жанды тәнге бас ұргыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық?» деген жолдарда Абай неге аландарлы? Казіргі таңда Абай айтқан осы мәселе өзекті ме? Өз бағамызды берейік.



1. Абай ақын бір өлеңінде:

Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса.  
Тіршіліктің несі сән,  
Теренге бет қоймаса? –


дейді. Қалай ойлайсындар, осы шумақтағы ой мен тындаған үзіндінін арасында байланыс бар ма? Ойымызды түйіндең шағын сынни хабарлама жазайык.

### Жас ғалымға көмек

**Қарасөз немесе ғақлия** – қарасөздің мағынасын белгілі ғалым F. Есім былай дейді: «...Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қарасөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзіне лайықты форма тапқан. Кептеген философтар ойларын формаға бағындырып немесе жүйе құрып әуре болғанын білеміз. Абай болса, ондай істермен айналыспаған, өзінің айтқысы келген ойларын еркін білдірген...»

## Отыз бірінші сөз

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көнілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып калса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойынши-кулқішлік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге күмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер.



Жидебайдағы Абай  
ескерткіші



1. Арамызда көріп жүрген ұмытшак адамдарға Абайны осы карасөзі негізінде ақыл-кенес ұсынайык. Төрт түрлі себепті төрт топка беліне отырып түсіндірейік.
  - 1-top. – көкірегі байлаулы берік болмақ керек.
  - 2-top. – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көнілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек.
  - 3-top. – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көнілге бекіту керек.
  - 4-top. – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.
2. Берілген кестені пайдаланып, Абай айтқан ой кеселдеріне өз анықтамағызды ұсынайык.

	Ой кеселдері	Мениң түсінгенім
1	Уайымсыз салғырттық	
2	Ойынши-кулқішлік	
3	Қайғыға салыну	
4	Бір нәрсеге күмарлық	



1. Абай карасөздерінен қандай өмірлік ұстаным шыгарута болады деп ойтайсындар? Өз өмірлеріне, іс-әрекеттеріне септігін тигізетін корыньының жасай алғындар ма? Сараптама жасайык.
  2. Абай қандай құндылыктарды сөз етеді? Бұл құндылыктардың адамзат үшін маңызы қандай? Накты дәлелдер келтірейік.
- 
1. Абай айтқан ой кеселдерінен құтылудың жолын көрсетіп сыни хабарлама жазайык.
  2. Абай ізімен ақын өмір сүрген заманды қазіргі коғаммен салыстыра отырып, көркемдегіш күралдарды пайдаланып күнделік формасында (күнін, уақытын, орнын көрсете отырып) түйніді ойлар жазайык.
- 67
- \*Книга представлена исключительно в образовательных целях  
согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

## Шығармашылық зертхана

Абай екі шешесінің төл баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағына анқау, нанғыш және тентектеу бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде-ақ өзге балалардан ерекшелігі – үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тындайды екен.

Окуға өзімен бірге оқыған үлкен-кіші балалардың барлығынан неғұрлым зейінді, ұғынтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітаптан молдасының бір оқып берген сөздерін екінші ретте кітапқа қарамай, өзі жатқа айтып шыға алатын-дай зерек болған деседі. Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын окуға жұмысған. Өз бетімен оқитын кітаптары – араб, парсы, түркі жүрттарының ақындары. Одан соң сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты нәрселер.

Сол бала күнінде жаттаған кей сөздері үлгайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған. Абайдың баласы Тұрағұлдың айтуынша, балалары оқып жүрген кітаптардың ішіндегі кейбір сөздерді, пәлен кітаптың пәлен бетінде деп жаңылмай, жатқа айтып отырушы еді дейді<sup>1</sup>.

### Кері байланыс: «Зерде»

А.Құнанбайұлының карасөздерін оку барысында алған акпараттарымызды тұжырымдап, өз жетістігімізге баға берейік.

**Білім** – такырып бойынша алған акпараттарым.

**Эмоция** – сабактағы көңіл күйім.

**Баға** – жетістігіме беретін бағам.

**Сын** – өз бойымда нені дамытуым керек?

**Идея** – маған келтген жана ой.




<sup>1</sup> Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997.

## МЕН БАЛАҢ ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚҰҒАН...

«Күннен де, – деген сөз бар, – ғылым жарық»,  
Жас күнде калған жақсы білім алып.  
Ұлгайған сон түспей қап уысына,  
Өкініп журме, балам, капы қалыш.  
Талаптан, жас күнінде ғылым ізде,  
Елірме, еріншектік тілге наныш.

*Әріт Тәнірбергенов*



## МЕН БАЛАҢ ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚҰҒАН...

«Мен балан жарық күнде сәуле құған» деп аталатын тарауда біз:

- Қысқа ғана ғұмырында «Шығамын тірі болсам адам болып» деп алдына үлкен максат койып, соған жетуде еш киындыққа мойымаған С.Торайғыров жырларын оқимыз.

- Достар, балалық шак адамның ең бакытты кезі дейміз. Алайда барлық баланың балалық шағы бакытты бола бере ме? С.Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасы мен О.Бекейдің «Тортай мінер ак боз ат» шығармасынан осындай күн тағдырлы құрдастарымыздың басынан кешкен түрлі оқиғаларын білеміз.

- Ал қазак палуаны Қажымұқанның жалпылықтан әлемге әйгілі палуанға айналу жолы суреттелген К.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінде спорт деген сиқырдың сан қырымен танысамыз.

Әдебиет атты мелдір әлемде ең ойлы оқырман өзіміз боламыз деп сенеміз!

### СҰЛТАНМАХМУТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893–1920)



Сұлтанмахмұт Торайғыров – ақын, публицист, ағартушы, қоғам қайраткері. Ол 1893 жылдың 28 қазан күні казіргі Солтүстік Қазакстан облысы, Ш.Уәлиханов ауданында дүниеге келген. Жастай анасынан айырылған зерек баласын әкесі Шокып алты жасынан хат танытып, 1902–1907 жылдары ауыл молдасына оқуға берген. 1908–1910 жылдары Сұлтанмахмұт Баянауылдағы медреседе білім алады. Оның әдебиетке қызығушылығын оятып, рухани, саяси білімін арттыруға көмектескен Нұрғали деген ұстазы болады.

**Сұлтанмахмұт – ағартушы ақын.** С.Торайғыров өлең жазуын шамамен он үш жастан бастаған. Ауыл молдасынан оқып жургенде жазған «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» атты өлеңінде ол өзінін оқығысы келетінін, ақын болғысы келетінін айткан. Бар арманы оку-білім болған С.Торайғыров 1912 жылы Троицк қаласындағы медресеге оқуға туседі. Алайда ақын денсаулығының нашарлауы себепті окуын жалғастыра алмай, амалсыздан еліне қайтады. Жаздай елінде бала оқытып, күзде Троицкіге қайта оралады. Ақынның осы кездері жазылған «Окудағы максат не?», «Анау-мынау», «Зарлау», «Дін», «Оку» және т.б. сынды өлеңдері өнер-білімге үндеуге арналса, «Бір адамға», «Байлық», «Кедейлік» сияқты өлеңдері әлеуметтік тенсіздік мәселесін көтерген.

**Сұлтанмахмұт – публицист.** 1913 жылдың күзінде Троицкіге қайткан ақын «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасады. Осы журнал бетіндегі «Өлең һәм айтушылар», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» және т.б. мақалалары жарияланады.

**Сұлтанмахмұт – эпик ақын.** Ақын өмірден көрген түрлі аділетсіздіктер мен әлеуметтік тенсіздікке арналған көпеген поэмалар мен романдар жазды. Атап айтсақ, «Қамар сұлу» (1913), «Кім жазықты?» (1915) романдары, «Адасқан өмір» (1918), «Кедей», «Айтыс» (1919) поэмалары және т.б.

Сұлтанмахмұт 1914 жылы жазда тутан елі Баянауылға оралып, ел ішінде мәдени-агарту жұмысын жургізеп «Шон серіктігі» деген үйим ашпак болады. Алайда ол ісі жүзеге аспаған соң, орысша оку іздел Семейге барады. Онда ойлаған окуына түс алмай, Қатонкарағайда жалданып бала оқытады. 1916 жылдары Томскіде орысша оқыды әрі емделеді. Каржысы таусылыш кеп кындық көрсө де «...бір тыным калғанша оқимын. Содан соң тұрмыс кандай жүк салса да көтерем. Бірак көнілім окуда болмак» деп қайсарлық танытқан ақын осылайша Томскіде 5–6 ай оқиды.

**С.Торайғыров – Алаш ақыны.** Ол 1917 жылы құрылған «Алаш» партиясының жұмыстарына катын асып:

Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сенбейміз.

Енді ешкімнін Алашты  
Корлығына бермейміз. –

деп жыр лаған ақын алғашқылардың бірі болып Алаш идеясын қолдайды. Ақынның бұл «Алаш ұраны» өлеңі алашордашылардың әнұранына айналды.

Мен казак, казақпын деп мактанамын,  
Ұранға «Алаш» деген атты аламын.  
Сүйгенім – казак өмірі, өзім – казак,  
Мен неге қазақтықтан сақтанамын! –

деп жырлған ақын Алаш көсемдерін халыққа таныстыру мақсатында «Таныстыру» (1918) атты поэмасын жазды.

Аталған поэмасында ақын: «Дулатов, Байтұрсынов, Бекейханов... Бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым», – деп Алаш зиялыштарына баға береді.



С.Торайғыров (сол жағында) және П.Әбуталипов. Троицк, 1913.

Семейде окуи оқытады. Оның оқытудағы көңілімдерінде Алаштың идеясын қолдайды. Ақынның бұл «Алаш ұраны» өлеңі алашордашылардың әнұранына айналды.

1914 жылы жазған «Жаксылыш көрсем өзімнен» өлеңінде:

Жаксылыш көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
Тағдыр күлді деулерді.  
Шығарамын сөзімнен.  
Өзім күлдым деулерді.  
Таса кытман кезімнен, —

деп жырл аған оптимист акын 1920 жылдың 21 мамыр күні кекірек ауруынан қайтыс болады. «Тым болмаса екі жыл тұрмадым, іштегіні түтел жарыққа шығара алмай кетіп барамын» деп бастаған еңбектерін аяқтай алмағанына өкініш білдіріпті. Бұл кезде ол небәрі 27 жаста еді. Ақынның ғұмыры келте болғанымен, кейінгі ұрпаққа қалдырган еңбектерінің ғұмыры ұзак болды. «Неге жасаймын?» өлеңінде:

... Жасамаймын: «Еңбектін  
Жемісін көзбен көрем», — деп.  
Жасаймын: «Бір қолғабыс  
Кейін гіге берем», — деп, —

деген Сұлтанмахмұт ақынның арманы да осы болса керек.

### «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі

**АНДАТПА**

**Достар!**

- *Tірі болу мен адам болу деген ұғымдарды қалай түсінесіндер?*
- *Қалай ойлайсындар, жаман адам мен надан адамның айырмашылығы бар ма?*



«Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңін оқыңыз.

**Тірек сөздер:**

- ✓ *адам*
- ✓ *жаман*
- ✓ *надан*
- ✓ *жұлдыз*
- ✓ *серт*

Шығамын тірі болсам адам болып,  
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.  
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Мен балаң, жарық күнде сәуле күған,  
Алуга күнді барып белді бутған.  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып тұған.

Бұл сөзім асып айткан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес.  
Тебем деп тірі болсам надандықты,  
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.




1. Өлең жолдарынан ақынның негізгі идеясын аныктайык.
2. Тірек сөздерді пайдалана отырып, өлең мазмұнын ашатындаі макал-мәтеддер, канатты сөздер айтайык.



- «Мен балаң жарық күнде сәулө құган. Атуга күнді барып белді буган» деген үзіндіні жүппен талқылайык. Автор жарық күн, сәулө деп неңі айтып отыр?
- «Кезбе шолу» стратегиясы арқылы бір-бірімізбен пікірлесейік. Үзгі : Пікірлесу барысында төмендегі кестені пайдаланайык.

Тірек сөздерді атайык	Өлең мазмұнын түсіндірейік	Өз тараپымыздан түйин, шешім ойластырайык

- Өлең жолының мазмұнын аштыңдай тірек сөздің бірін таңдал, төмендегі күн пішіні графикалық органайзерге жазайык. «Неліктен?» сұрағына жауап беретіндегі етіп жүлдізша пішінін толтырайык. Үзгі :



- Серт беру легенді қалай түсінеміз? Қалай ойлайсындар, акын сертінде түрлі ма? Өзіндік тұжырым жасайык.
- С.Торайғыровтың көтерген мәселесі қазіргі таңда өзекті ме? Осы мәселенің шешілтуіне қатысты өз бағамызды беріп көрейік.
- Төменде берілген уш тақырыптың бірін таңдал, эссе жазайык : 1) «Мениң үлкен арманым...»; 2) «Максат коя білеміз бе?»; 3) «Мен елімнің жүлдізы боламын!»



### Артық болмас білгенің

Сұлтанмахмұт Торайғыров Абай мұрасын алғаш зерттегендердің бірі болды. Бұл туралы академик Зәки Ахметов: «Сұлтанмахмұт – Абай дәстүрін дамыта түсушілердің бірегейі әрі акын мұрасының алеуметтік тамырын теренірек танығандардың бірі. С.Торайғыров – Абайдың акындық дәстүрін дамытушы өнерпаз», – дейді. «Абай ұстаз да, сез ұтатын ынталы талантты жастардың бәрі – шәкірт» (М.Әуезов) деген токтаммен С.Торайғыров та екінші топтагы шәкірт, яғни ынталы талантты сез ұтатын Абай шәкірті деп қараш ұсынылған.



Өзін ұлы Абайдың шәкірті санаған Сұлтанмахмұттың шәкірт ретіндегі ой-арманын білу үшін, олеңін мұқият оқып.

## «Шәкірт ойы» өлеңі

Қаранғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қаранғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүргегін,  
Жылтытуға мен кірермін!

Енбек, бейнет тарауы  
Ракатқа сарқылар.

Қыздырып күннің қарауы  
Надандық тенізі тартылар.

Орны отайып көгерер,  
Қызығын жайлап ел көрер.

Тұрмыс, тағдыр – бірі де  
Бұл максұттан бұра алмас.  
Қаһарман Рұстем, Әлі де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.

Сыланған жардын күлсі,  
Алдандырmas бір ісі.



1. С.Торайғыров қандай мәселені көтеріп отыр?
2. Өлең жолдарына негіз болып тұрған сөздерді табайык.
3. Өлең мазмұнын түсініп оқып, жаттап алайык.



1. *Қаранғылықтың кегі, мұздаған елдің жүргегі, надандық тенізі сөздерін қандай сөздермен алмастырап едік? Не себепті?*
2. *Қаранғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қаранғылықтың кегіне,  
Күн болмағанда, кім болам ?  
Мұздаған елдің жүргегін,  
Жылтытуға мен кірермін ! –*  
деген Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлең жолдарын «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңімен салыстыра отырып талдандар. Өз талдаударынды төмөндегі кестеге салындар.

Ақын өмір сүрген кезеңдегі шәкірт ойы	Бүтінгі шәкірттердің ойы


3. Өлең жолдарының негізгі идеясын басшылыққа алып, еліне, халқына қызмет ететін тұлғаның моделін жасайык. Оны топ алдында корғайык.



1. М.Әуезовтің «Хатықты хатықпен, адамды адаммен тәңестіретін нәрсе – білім » деген сөзі бар. Осы пікір мен өлең жолдарында байланыс бар ма? Жұбымызбен талқылайык.
2. Өз еліміздің «күні» болып жарқырау үшін не істеу керек деп ойлайындар? Шағын таныстырылым жазып, топ ішінде корғайык.
3. «Жарқын болашақ негізі неде?» такырыбы төнірегінде сауалнама жүргізейік. Сауалнама негізінде диаграмма күрастырайык. Ілgi :
  - Сендердің ойларынша жарқын болашақ деген не?
  - а) Бакытты болашак
  - б) Еліміздің өркендеуі
  - с) Мениң ойымша,

2. Болашағын жаркын болуы үшін кандай әрекеттер жасап журсін?
  - а) Сабагымды жақсы оқып журмін
  - б) Ата-анамның кенесін үнемі тыңдаймын
  - с) Мен әлі ештеңе жасап жаткан жоклын
3. Біздің еліміздің өркендеуі сениң жаркын болашағыңа әсер етеді мебе?
  - а) Елімінің өркендеуі менің болашағыма өз әсерін тигізеді
  - б) Өз дамуым өзімек әсер етеді
  - с) Мен оны әлі карастырмадым

### «Жаркын болашақ негізі нелде?» сұалнамасының корытындысы



#### Сөзсүры

**Жиһан** – бүкіл дүниежүзі, әлем.

**Асылық** – астамшылық, күпірлік, артықкетушілік, кесірлік.

**Егес** – негізі дау-шар, ерегіс, жанжал, керіс, қақтығыс, ұрыс, талас-тартыс. Бұл жерде: «өз-өзіме еткем егес» деп поэтикалық қолданысқа еніп, өзімек серт бердім деген мағына беріп тұр.

#### Жас ғалымға көмек

**Қаһарман** – әдеби шығармадағы жағымды қасиеттерге ие немесе мінезінен жағымды қасиеттер басым байқалатын, авторлық идеалға сай келетін әрекет етуші тұлға, көркем бейне.

**Әдеби қаһарман** – қатардағы кейіпкерлерге, персонаждарға қарағанда жанжақты сомдалған, толыққанды образ болып саналады. Көркем шығармадағы әрбір қаһарман кейіпкер бола алады, алайда әрбір кейіпкер қаһарман бола алмайды. Қаһарман өзге кейіпкерлерден, ең алдымен, сюжет дамытудағы маңыздылығымен ерекшеленеді, оның қатысусының ешқандай сюжеттік оқиғалар болмайды.

**Кейіпкер** – көркем шығармадағы оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ.



1. Өлеңдегі қаһарманды анықтап, оған тән қасиеттерді жиңіктап көрсетейік.

2. Ақын колданған көркемдегіш күралдарды тауып, түрлерін анықтайык.



«Алашұлы» тобының орындауда «Алаш ұраны» әнін тыңдайық. <https://www.youtube.com/watch?v=h7oYLPTW5KY>.




- Өлеңді тындағанда қандай сезімде болдындар?
- Бұт өлең жолдарының шығу тарихы туралы не айта аламыз? Үстазымыздың көмегімен осы жайты мәліметтер біліп, сұнныпта ой белісейік.



- Теменде берілген өлең жолдарын жұбымызбен талқылайык. Сендер автордың қандай қасиеттерін жоғары бағалар едіңдер?

*Алаш туы астында,  
Өлсек бірге өлдік біз.  
Не жақсытық, не қайғы,  
Көрсек бірге көрдік біз!  
Ішкі жсанжат таласты.  
Күншілдікпен қарасты,  
Мына жерге көмдік біз!*

- Теменде гі сызбаны пайдаланып, ақын бейнесін анықтайык.



- «Алаш туы астында, күн сөнгенине сөнбейміз!» такырыбында келешек үрпакка үндеухат жазайык.

### Зерттейік!

<http://toraygirov.pavlodarlibrary.kz> сайтын немесе өзге де ғаламтор көздерін пайдаланып, Сұлтанмахмұт Торайғыровка арналған көркем шығармалар туралы акпараттар жинайык.

## Шығармашылық зертхана

...1920 жылдың жазында М.Әуезов Әскеменнен Семейге жүргелі кемеге отырар кезде оған өте өнді бүлдіршіндей бір келіншек келіп, өзін жедел таныстырып, аманат ретінде «Мына өлеңдерімді Сұлтанмахмұттың қолына ұстасанызы» деп, көз жасын бір сүртіп кетіп қалыпты. Өкінішке қарай, ол кезде Сұлтанмахмұт дүниеде жоқ болатын. Мұхаң оны білетін еді, бірақ асығыс айелге ештеңе айта алмай қалады. Бұл Сұлтанмахмұт ұнатқан Бағила деген қыз еді. (Қыз да ақынды ұнатқанымен, әкесі Ережеп болыстың айтқанынан шыға алмай, бір байға ұзатылып кете барған екен). Мұхаң Бағиланың өлеңдерін оқып көріп қатты ұнатады да, пиджагының қалтасына салып қояды. Біраздан соң қараса, ілулі тұрған пиджагы жоқ болып шығады. Оны кемедегі жылпостардың бірі жымқырып кеткенін білген Мұхаң: «Пиджагымды қойши, Бағиланың Сұлтанмахмұтқа жазған өлеңдерінен айрылып қалғанымды қараши. Қап, бәле-ай!» – деп қатты өкініпти<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Казбатинов, Т. Сұлтанмахмұт өмірінен бір үзік сыр. Кітапта: Асау жүрек. Құраст. Құдабаев А. Павлодар: Сылтана, 2010.

### Артық болмас білгенін

Сұлтанмахмұт еш уақытта өз айтканынан басқаға көнгісі келмейтін. Мен бала кезімде Сұлтанмахмұтты екі рет жолықтырдым. Ұзын бойлы, ақ күбаша келген жігіт еді. Ауылға келгенде өзін басқадан жекелеп, ылғи ойға батумен, бір мәселелерді іздеумен уақытын алатын. Сұлтанмахмұтта ешбір женилтектік, бос сөзге үйір болу деген жок еді. Ол оқымаған жай халықтың арасында отырса да, ылғи мәдениет туралы әнгіме айтып отыратын.

Ол ауылда жүргендеге дүйім адамның мінезін, психологиясын сыйнап, көніліне жаклаған адамдар туралы отырған жерінде бір-екі ауыз өлең жазып қалдырып отыратын. Сұлтанмахмұттың бұл тәрізді жазған өлеңдерінін көбі жинактарына кірметен снякты<sup>1</sup>.

### Кері байланыс: «Жер қыртысы»

С.Торайғыров өлеңдері бойынша жинаған білім корымыз, тапсырмаларды орындау беріккінде кандай көніл күйде болғанымыз, топта, жұпта қалай жұмыс жасағанымыз туралы ой корытайык.



### САЙЫН МУРАТБЕКОВ (1936–2007)

С.Мұратбеков 1936 жылы 15 казанда бүрынғы Алматы облысы, Қапал ауданына қарасты Коныр деген ауылда дүниеге келген.

Жазушының алғашқы шығармалары 1950 жылдардың аяғына таман жариялана бастаған. 1961 жылы «Менің қарындасым» атты алғашқы әнгімелер жинағы, одан кейін «Ауыл оты» (1964), «Көкорай» (1967), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздел журмін» (1973) атты кітаптары жарық көрген. 1989 жылы «Қалын кар», 1995 жылы «Өліара» повестері кітап бол шықты.

Жазушының бірқатар шығармалары өзбек, татар, украин, белорус, әзіrbайжан тілдеріне аударылған. С.Мұратбеков өзі де аударма саласында біршама енбек еткен. Ә.Әлімжановтың «Жаушы» романын, «Көгілдір таулар», «Отырардан жеткен сый» повестерін, Алекс ла Гуманың «Тас ғалам» романын қазақ тіліне аударған.

Жазушыға 1998 жылы Қазақстан Республикасының енбек сінірген кайраткері атағы берілген. Ал 2006 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.



<sup>1</sup> Әлкей Марғұланың естегінен . Кітапта: Дүние деңгелегі айналады. Халықаралық Абай клубы. Алматы: Комплекс, 2009.

## «ЖУСАН НІСІ» ХИКАЯСЫ



Достар, жат елде жүріп сұлтан атапан Бейбарыс бабамыз тұган жерін сағынғанда Дешті Қыпшақ даласынан өтетін саудагерлерге жусан ала келулерін тапсырады екен. Осылайша жусанды ніскең, алғыстағы елін есіне алып, сағынышын басатын көрінеді. Жусан нісі бұл әнгімен калай көрінеді екен, оқып көрейік.



Кара жусан



Тыкkyр жусан



Дермене жусан

Жусан Қазакстанның барлық жеріндегі – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өседі. Онын 81 түрі бар.

Жусан – құнарлы малазығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, дәруменді, эфир майлы өсімдік. Дәрілік түрлеріне: аши жусан, дермене жусан, кара жусан жатады. Жусанның улы түрі де (таврий) кездеседі<sup>1</sup>.

### Кекілді бала – Аян немесе алғашқы кездесу

#### Тірек сөздер:

- ✓ жетім бала
- ✓ ертегі
- ✓ балалық шақ
- ✓ соғыс
- ✓ жусан
- ✓ қоштасу

Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан: жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүрете жүгіретін, шілбіген арық, ақсак кара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсақ-ак: шұылдаған балалардың ең сонында сол аяғын жер сызығандай көлденен сүретіп, ес калмай далбақтай жүгіріп келе жаткан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен:

«Ей, токтандаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естімін.

Әуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгеміз жок. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен, тек бұзаулы коныр сиыры бар еді. Аянның әкесі майданға аттанып, тұган анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын төркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек.

<sup>1</sup> Казакстан ұлттық энциклопедиясы. 4-том. Алматы, 2002.

...Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырак орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз. Ары өтіп, бері өткен кемпір-шал: «Жел кең киылғырлар-ай, соғыс аздай, бұл атысып ойнады дегенді кайдан шығарды осылар, басқа ойын аз бай!..» – деп ұрсып-ұрсып куып тастайды. Бірақ олар кетісімен қайта жиналады. Қайта атысамыз. Желсіз тымырсық күнде бұрқылдаған майтопырак тұманша қалқып, шанытып тұрып алады. Жуық арада сейіле қоймайды. Сонын арасында тұншыға жүріп, кезіміз ғана жылтырап, бір-бірімізге «уралап» ұмтылады. Ойыннын осындай бір қызу шағында біздің «атаман» – Садық кілт токтай қап:

– Эй, анау кім-ей? – деген.

Бәріміз сол нұсқаған жакқа карадық. Анадай жерде: шолақжен ақ жейде, тізеден жоғары қыска кара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлдекандай боп кейкип, екі колын қалтасына сап шіреніп койды.

Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырлай жүгіріп әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, коршалай, тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі кара, кімдікі ақ екенін біліп болмайды, баттасқан шан-топырак. Шетімізден ит талағандай алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кім-ей? Қайдан келген-ей?» деп бірімізді-біріміз түртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шүкшія қарап шықтық. Ол да сынағандай әркайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көnlі толмаған сиякты шолақ танауын тыржитып койды. Конырқай жүзі тершіп, мандайындағы біркелкі етіп киылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жок бізге оның сол қылышының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара-ей, өзінін, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есіkbай. Біз күлкіміз келмесе де, оның сезіне қошемет білдіріп сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызаңдаш теріс айналып кетті.

– Э... Мен білдім, – деді Садық мактана дауыстап. Онан сон әлгі баланың алдын орай өтіп: – Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіндер гой, ә? Коныр сиырларың бар гой, ә? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала оның сезіне күлімсіреп. – Коныр сиырымыз бар.

– Атын кім?

– Аян.

Біз, бәріміз, тегіс ұмытып қалмайық дегендей: «Аян, Аян...» – деп күбірлесе қайталап койдық.

– Жүр, жолдас боламыз, – деді Садық оның аппак білегінен қап-қара қолымен ұстай алғып. Аян оның қолына қарады да қызаңдаш тұрып, ақырындаш білегін босатты.

— Сендер жақ ыстық екен. Суга түспей калай шыдайсындар? — деді.

— Тұсеміз. Анау арада тоспа бар. Жүр, түсейік. Суы во!.. — деп Садық ауылдың жоғарғы жағындағы шұнқыр-тоспаны жерге сыйғызыбай мактай жөнелді.

Аян бізге косылып солай қарай жүрді.

Ауылға жана бір баланың келуі біз үшін нағыз мереке болатын. Эркайсымыз оның көзіне түсіп қалуга тырысуши едік. Соңдықтан бірімізден-біріміз артық көрінбек боп, әй кеп мактанатынбыз.

— Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын... — деп бесті Садық.

— Менің де мынадай ак көйлегім бар. Үлкен сандықта жатыр, апам кигізбейді, — деді кеп үндемейтін Қосым тырнауық та.

Қосым тәбелескенде ылғи баж етіп кеп бетті тырнайтын, сондықтан тырнауық дейтінбіз, өзінен кеп балалар корқатын. Оған тек Есіkbай ғана тік келуші еді. Қазір де ол:

— Ой, кетші ары, тырнауық мысық. Сенін үйінде алтын барын да білеміз, — деп ентелеп келе жатқан Қосымды көкірегінен итеріп жіберді.

Есіkbай сидан бойлы, кол-аяғы қара қайыстай катқан ұзын, жүгіргенде алдына жан салмайтын, өзі тәбелескор, соткар бала еді. Кейде қараптан-қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Әлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса басынан тоқай алып жылатып жіберетін.

Қазір де ол Аянның алдында қыр көрсеткісі кеп:

— Тырнағын қайсы-ей, мысық? — деп, Қосымды аяғынан шалып қалды. Қосым жалғып үшіп түсті де, терісі сыдырылған тізесін ұстаган күйі, көзі жасаурап қайта тұрды. Біраз жургеннен кейін Есіkbай оның басынан түйе тоқай ала бастады. Жылап жіберген Қосым тырнамақ боп ызакорлана ұмтылған, Есіkbай оны ұзын колымен тұмсықтата салып жіберді. Қосымның мұрнынан кан дірдектеп, бакырып үйіне кетті.

Сол күні біз суга түсіп, күнге қакталып, кешке дейін тоспа басында ойна дық. Аян бұрыннан таныс адамдай етene боп кетті...



1. Аяды алғаш көрген кезде балалар қандай ойын ойнап жүр еді? Ол ойынды не үшін үлкендер жактырмайтын?
2. Балаларға Аян қандай әсер қалдырылды?
3. «Ауылға жана бір баланың келуі біз үшін нағыз мереке болатын», — дейді баяндаушы. Қазір қалай?



1. Ауыл балалары Сызык, Қосым, Есіkbайға мінездеме берейік. Олардын лақап аттарының сыртқы кескін-келбеттеріне, яки мінездеріне қатысы бар жоғын аныктайык.



1. Ұзіндідегі ауыл балалары мен Аянның сырт көлбеттерін салыстыра отырып, өзімізге ұнған кейіпкердің суретін салайык.



Аянның қандай бала екендігін және оның басынан қандай оқиғалар өтетінін білу үшін хикаядан үзінді тыңдаібы (6-аудио).



1. Тыңдаған үзіндіде қандай оқиға сез болады?
2. Оқиға кімдердің арасында өрбіді?
3. Аянның ең жаксы касиеті қандай еді?
4. Кейіпкерлердің іс-әрекетін суреттептін етістіктерді атайык.
5. Төбелесті алғаш бастаған кім? Әлімжеттік сезін басқа сездермен баламадап, ұтымға өз анықтамамызыды ұсынайык.
6. Қазіргі таңда осындағы әлімжеттік көрсету орын ала ма?



1. Хикаяттагы диалогтерден кейіпкерлер мінезін аныктайык.
2. Сендер үзіндідегі кай кейіпкердің әрекетін қолдар еліндер? Неге? Оларға қыскаша сипаттама берейік.
3. Тыңдалған мәтінге сай атау берейік.



1. Аян мен Есіkbай әрекеттерін салыстыра отырып баға берейік.
2. Салынатын сурет.

Жаз мезгілі. Шаны шығып жатқан ауыл бейнесі. Көше бойында екі топқа жарылып бір топ бала ойнап жүр. Қолдарындағы кағазға оралған топыракты бір-біріне атып ойнап жатыр (артқы фон). Осы ойнап жаткан балаларды қызықтап (бергі фонда) орта бойлы, арықтау, шолақжек ак жейде, кара шалбар кіген бала қарап тұр. Оның жанында бойы ұзын, арық келген, кара торы, соткар, жұпымның кінгін екінші бала тұр.



Аянның басынан тағы қандай оқиғалар өтетінін білу үшін, повестін жалғасын оқылык.

...Күзде оку басталып, жеті мен он жастың аралығындағы өншең бірөңкей балалар бірінші класқа бардық. Бізді Иманжанов деген шашы аппақ кудай, қолы-басы тонған адамша дірілдей қалышылдаپ, көзі қып-қызыл бол жасаурап отыратын карт кісі оқытты. Бұл кісі денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген кағазды бір-бір парактан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.

Аян екеуміз бір партага отырғанбыз. Бірінші күннен-ак ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тактага жазған әріптерін айна-катесіз кағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бірекі әріптен ғана өткенімізге көnlі толмай:

— Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, агама хат жазар едім, — деп күнкілдейтін.

Әрине, майдандағы әке-агамызға хат жазу бәріміздің де кекей-міздегі асыл арман еді. Сонымызды сезгендей Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сейтіп, бас-аяғы бірер



айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап жаза алатындаи халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей: «Аса жаинан артық көретін аға...» – деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның куанышында шек жок еді. Күнде сабактан кейін үйіне келісімен тेң алдына етпетінен түсіп, сиялы карындасты тілімен жалап койып, бет-аузын сия-сия ғып ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін.

Біз – басқа балалар әлі де сөйлем құрастырып жаза алмайтынбыз. Сондыктан Аяңға кеп:

– Хат жазуды үйретші, – деп жата жабысатынбыз.

Аян бәлденбейтін. Жымың-жымың етіп қүлетін де:

– Мә, мына мениң хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағанның атын жаз, – деп коятын.

Сейте-сейте хат жазуды бәріміз де үйрендік. Енді біздің ауылдан күніне майданға сезі де, мазмұны да, кейде, тіпті кісі аттары бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды.

Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ак екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, тесек тартып жатып қалды. Бір кол, бір аяғынан паралич болған. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша біздің окуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді.

Бірде Аян ерістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің касқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мәнкіп-мәнкіп жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайып, бір айдай үйінде ауырып жатты. Осыдан кейін-ак Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, иә секірсе тобығы тайып кететін де, Аян:

– Ойбай, ойбай, аяғым-ай... аяғым-ай... – деп жанұшыра бакырып жата калатын.

Бірте-бірте ол алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай, шеттеп, бар кызыққа тек анадайдан сырттай қызыға карап тұратын болды.

Тобығы үшінші рет тайғанда, ол үйінде бұрынғыдан да ұзағырақ жатты.

Бұл кезде қыс түсіп, кар жаутан. Біз болсақ сырғанақтын қызығына кіріскеңбіз ...



1. Аян неліктен барлық әрітерді тезірек үйреніп алғысы келді?
2. Сол кездегі балалардың арманы не болды?
3. Ал біздің арманымыз не? Өз арманымыз туралы ой белсейік.
4. Окушылар не үшін әрі қарай оки алмады?
5. Тобығы таю легенді білеміз бе?
6. Осы үзіндіге қандай ат қоюға болады деп ойлайсындар? Өз нұсқамызды ұсынайык.



1. Үзіндідегі Аян әрекеттерін сарапап, оған мінездеме берейік.



Достар, Аянның зеректігімен коса тағы қандай қабілеті барын білгіміз келе ме? Олай болса, шығарманың жалғасын бірге оқынык.

### «Ертеде бір жетім бала болышты...»

...Бұтін де сырғанақтағы ойынның сондай бір қызған шағы еді. Күннің көзі канталағандай боп ерекше қызырып ұясына конуга таянған. Сірескен ак кардың бетінде бір сәтке жұқалан қызылт кілегей тұрды. Күні бойы Ешкіелместің күнгейінде жайылған мал ешкім қайырмаса да, бір ізben шұбырып ауылға кайткан. Кенет бүкіл ауылды шұлыға шыққан ашы дауыстар селт еткізді. Тебе күйканды шымырлатып жоктау айткан дауыстар. Аянның үйінен шығып жатыр. Мұндайда балалар еліккіш келеді ғой. Сырғанақты тастай бере дәл бірденеден құр қалатындаі бәріміз бірдей дүрліге дүркіресіп, Аянның үйіне қарай лап койдык. Артымыз жетпей жатып, алдымыз не боп қалғанын естіп те үлгердік. «Аянның әжесі өліп қапты», – деген сыйырды алқына тұрып сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік.

Жарғақ сары тон кіген Аян күлімдеп тұратын кара көзі шарасынан шыға жаутандап, еңі боп-боз есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолан әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан боп жатканмен, ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сейлескеніміз болмаса, оған үн катқамыз жок. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге кез салды. Тонғанин ба, танауын жиі-жі тартып, дір-дір етеді.

Күн ұясына еніп бара жатыр. Аян болса, сол мелшиген күйде жалтак-жалтак етіп, ауылдың әр түсінан «әжетайлап» дауыс койып

келіп жатқан үлкен адамдарға қарайды. Бірақ олардың бірі де бұтан назар аударап емес. Біз болсак, «енді кайтер екен» деп қызықтағандай одан кез айырмасстан ортага ап, коршалай тұрмыз. Өзара сыбырласқан бол, оған да естірте: «Әжесі өлгенге неге жыламайды-ей?» – деп коямыз. Аян естісе де, естімеген адамша міз бакпайды. Тек әлдебір уақытта, бас жок, аяқ жок:

– Ертегі тындастындар ма? – деді. Онан соң біздін жауабымызды күтпестен өзі бастап үйдін бұрышын айналды. – Журіндер, үйдін сыртына отырайык.

Біз оның сонынан ердік. Үйдін сырт жағына кеп шаналарымызды каз-қатар тіздік те, өзіміз жайғаса отырып, енді не дер екен дегендей Аянның аузына қарадык. Ол со тұнжыраған калпында бәріміздін жүзімізді бір сүзіп өтті де:

– Күлкілісін айтайын ба? – деді.

Біз үн-түнсіз бас изестік. Аян тонының омырауына тұмсығын тығып сәл күрсініп койды да, ойға шомған күйде сыбырлағандай дауыспен:

– Ертеде бір жетім бала болты... – деп ертегісін бастады.

Сол күні оның ертегісі тұннің жарымында бір-ак аяқталды. Әуелде тұнжыраған күймен жабырқау басталса да, келе-келе ертегінің күлкілі оқиғасы көбейіп, Аян да бауырын жазып, бәріміз көңілді күлкіге батып қарық бол қалдык. Тіпті Аянның әжесінің өлгениң де ұмытып кетіппіз. Сықылықтап күлісіп мәз-мейрам бол:

– Ей, тағы да айтшы.

– Тағы да айтшы... – деп жан-жақтан шулап қоя бердік.

– Жок, ертең айтайын, бүтінге осымен бітті, – деді ол салмақты үнмен. Басын көтеріп аспанға қарады. – Е, жұлдыздың нұы жиі екен, ертең де күн ашық болады, – деп койды үлкен кісіше.

Бәріміз жапа-тармагай аспанға қарадык. Шынында да, жұлдыздар жайшылықтағыдан әлдекайда көп еді. Баттиып-баттиып, балқыған корғасынша сорғалап ағып түсердей бол жарқырайды.

Біз Аянның ертенгі күннің ашық болатынын жұлдызға қарап айтқанына іштей сүйсіне танырқасып койдык. Менің қасымда отырған Садық:

– Қалай біледі-ей! – деп, танырқауын жасыра алмады.

Енді бірде менің құлағымға сыбырлап:

– «Нұы» деген не-ей? – деп сұрады.

– Білмеймін, – дедім мен де.

Бірақ бұл сездін мағынасын сұрап алуға батпадык.

Ертеніне Аянның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан қайтканда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ен сонынан шошайып

жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутандап біраз қарап тұрды да, біруыс топыракты іліп ап: «Топырагың женіл болсын, әже!» – деп шашып жіберді. Онан соң қып-қызыл боп тонған екі қолын аузымен кезек-кезек үрлеп койып, ауылға кайтты.

Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдын үйіне көшті...



1. Оқыған үзіндігі басты оқығаны анықтайык.
2. Оқыға кай елді мекенде өрбиді? Ол Қазақстанның кай өңірінде?
3. Неліктен Аянның ертегілері «Ертеде бір жетім бата бопты» деп басталады деп ойлайсындар?
4. «Жұлдыздың нұы жиі екен, ертең де күн ашық болады», – дейді Аян. Ал біз ше, табиғатка қарап күн райын болжай аламыз ба?
5. Үлкендердің көмегімен дауыс қою, жоқтау, көрісу деген ұтымдардың мағынасын түсініп, қазақ тұрмысындағы орын біліп алайык.



1. Осы үзіндінің басқаша калай атар едіндер? Атау ұсынып, ойымызды мысалмен дәлелдейік.
2. Аянның әрекеттері арқылы оған сипаттама берейік.
3. Оқыған үзіндінің негізге ала отырып, сол сәттегі Аянның портретін жасайык.



1. Әжесі кайтыс болған кездегі Аянның көзіне жас алмау себебін калай түсіндіресіндер? Оның осы әрекеті дұрыс па?



1. Аянның көңіл күйі мен сол сәттегі табиғат құбылысын салыстырайык.
2. Қалай ойлайсындар, екеуінің арасында қандай да бір байланыс бар ма?
3. Мұғалімнің көмегімен адам сезімі мен табиғаттың катар суреттеудің калай аталаудың біліп алайык.



Достар, Бапай шалдын үйіне барған Аянның жағдайы калай болады деп ойлайсындар? Ол енің ертегі айта ма? Болжам жасап көрелік. Қайсымъзың болжамымыз жакын шыкканын білу үшін, повестің жалғасын оқыык.

### Ағамның иісі...

.. Ымырт сәулесі ыдырап қарангылық үйіріле бастаган кезде, басынан тымағын алыш желініне токтаған Аян:

– Жүріндер, бүгін мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деді.

Біз опыр-топыр болып шуылдасып, Аянның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келдік. Аянды ортаға алыш, енді жайғасып отыра бергенімізде, есік ашылып сыртқа Бапайдың кемпірі шықты да:

– Үйбай, бетім-ай, бұз дубірлеген не десем, мыналар екен гой. Аулак жүріндер әрі, өй, өншең топырлаған немелер! Онысы несі-ай, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! – деп куып жіберді.

Енді қайттік дегендей көшеде антарылып тұрғанымызда Садық:  
 – Мен таптым қай жерге отыруға болатынын, – деді. Бәріміз  
 соган қарай қалдық.

Анау ат кораның тәбесіне шығайық та, шөпке белуардан кіріп  
 ап отырайық...

Бәріміз алқа-котан жайғасқаннан кейін ортамыздағы Аян тісінің  
 арасынан сызылта шырт дегізіп түкіріп койып, көтеріле түсіп,  
 астына шөп жұмарлап, басқамыздан орнын биіктеу ғып отырды.  
 Онан соң қабағын шытып, ойға батқан күйде төмендегі үніреке  
 карауытып жатқан терен құзға көз жіберді. Біз де еріксіз енді солай  
 қарай жалтақтадық. Құз іші қоркынышты.

– Ертеде бір жетім бала болты... – деп Аян екінші ертегісін  
 бастады.

Сыбырлай шыққан даусында өз айтқанына қалайда қалтқысыз  
 сендеретіндегі керемет бір күш бар. Біз тым-тырыс болтына қалдық.  
 Бір сәтке дәл астымыздан – кораның ішінен жылқылардың күтір-  
 күтір шөп жеп тұрғаны, пыскырганы, тарпығандары, касынғандары  
 естілді. Бірақ біртіндеп Аянның ертегісі қызған сайын, әлгі  
 дыбыстардың бәрі құлақтан шет калып, төніректі – бүкіл Ешкіелмес  
 баурайын, төмендегі терен құзды ғажайып бір тыныштық басты.  
 Бұл дүние – ертегі киял дүниесіне, сиқырлы дүниеге айналып, біз  
 езіміздің бар-жоғымызды да ұмыткандаі болдық.

Сол күннен бастап күнде кешкісін ат кораның тәбесіне жиналады  
 әдетке айналдырық...

Ғажап ертегілер еді... Дүниедегі жаксылық атаулының бәр-бәрі:  
 ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен акылдылық та, әйтеуір, адамға тән  
 небір асыл қасиеттің барлығы сол Аянның ертегілерінде болушы  
 еді. Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз – алым-жұлым  
 киінген кара борбай балалар, бір сәтке жадау калпымызды ұмытып,



шетімізден: көк семсерді жарқ-жүрк еткізіп, ат ойнектатып жауга карсы арыстанша ақыра шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді. Өмірімізде қосауыз мылтықтан өзге ештеңені көрмесек те, жарқ-жүрк еткен көк семсер тұрганда зенбірек, пулемет дегендер айттар сөзге, көнілге олқы түсіп, ойынышық сиякты бол қалатын. Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып шланатынымыз соңша, оны кару біткеннің құдайы көретінбіз.

— Ух, шіркін, сондай семсерім бол, мен де соғыска барсам, фашистерді тұра бауша кияр едім, — деп тістенетін Есікбай.

— Ал мен бар той тек бастарынан ғана шабар едім, — дейтін Садык арман еткендегі даусын соза сөйлеп, құшырланып. Көк семсерді жарқ-жүрк еткізіп келе жатқанымда, алдынан көкем шыға келсе... Ой, керемет болар еді-ау, ә?

Мұнан әрі соғыска баруды, фашистерді қыруды, сейтіп, әке-ағаларымызды тауып алуды әрқайсымыз өзімізше сөз етіп, тәтті арманға шоматынбыз...

Өзі жетім болған сон ба, кім білсін, Аянның ертегілері көбіне жетім бала туралы болушы еді. Жетім баланың тағдырына байланысты үрейлі ертегіні бастаған кезде, ауылдың шетіндегі сайсаланы, жыра-құзды тегіс: Жалмауыз кемпірлер, жестырнақтар, жалғыз көзді дәулер, дию-перілер жайлап кеткендегі болушы еді.

Төнірек тегіс үрейге толатын. Құз жактан соқкан сұық желдің ызыны неше түрлі бол құбылып естілетін. Бірде сынсып, бірде ұлығандай үн келетін күлакқа... Біз әр дыбысты калт жіберместен үрпісіп, біреу «а» десе, «ойбай», «аттанға» бірдей салып тымтырақай зытуға дайын отыратынбыз.

Фажап ертегілер!.. Бірак Аянның ертегісі таусылмай ешкім тырп етпеуші еді. Танауымызды кос-косынан тартып қойып, шөп куысына тығыла түсетінбіз.

Ертегі біткен кезде ғана «үй» деп еркін тыныстап, құрыстап қалған бойымызды жазып, керіліп-созылып, жетім баланың бакытқа кенелгеніне шын жүректен куанатынбыз...

Кей күні Аян сирек тістерін көрсете отырып, жымын-жымын құліп қойып көнілді, күлдіргі ертегілерді бастайтын. Ондайда біз қыстың сай-сүйектен етіп дірдектеткен ызгарлы сұығын ұмытып, ішекті түйнеген күлкіден қиқылдасып-шиқылдасып, көзіміз бен мұрнымыздан сорамыз бірдей ағып, әрқайсымыз әр жакқа ішімізді басып домалайтынбыз да қалатынбыз. Ол күні біз бұ дүниеде соғыс дегеннің бар екенін, әрқайсымыздың әке-ағаларымыздың алыста – сонау батыста жауган оқтың астында жургенін де естен шығаратынбыз.

— Аян, тағы да. Енді осылай тағы бір ертегі айтшы, — деп тұстұстан жалынатынбыз оған.

Бірак Аян бір түнде бір ертегіден артық қалай жалынсан да айтпайтын. Орынан тұрып, үстін қағып:

— Тұн ортасы боп қалды ғой, жетер енді, — дейтін салмактана сейлеп. — Сендер кызыксындар, бір күннің ішінде екі ертегіні ойлап шығару онай дейсіндер ме?! — деп қоятын онан соң.

Біз ертегілердің бәрін Аянның өзі күнделікті ойлап шығаратынын білсек те, оған пәлендей мән бермеуші едік. Бар білетініміз: Аян күнде неше түрлі ертегілерді ойлап кеп, кешкілік бізге айтып беруі керек, ал біз үйіп отырып тындағанды ғана білеміз. Ертегі ойлап шығару онай ма, киын ба, ол жағында еш шаруамыз жок. Тіпті ол жағын сөз ете қалғаның өзінде де, «Аян ғой күн сайын бір жана ертегі ойлап шығарады, ендеше ертегі шығару киын да емес шығар, тек басқамыз ертегіні қалай құрастырудың әдісін білмейтін болармыз», — деп түйетінбіз. Ал ол нендей әдіс, ол жағын казбалап ойлай тұсуге не өреміз жетпейтін де, не мойнымыз жар бермейтін. Таң атканнан күн батқанша салп-сұлп етіп, көшениң аяғынан басына дейін шана сүйретіп сырғанак ойнауды ғана білетінбіз. Кешкісін тесік пималарымыз берілгенде шарықтарымыз зілдей боп, шылқылдан су еткеніне карамастан, ат қораның тәбесіне тартатынбыз...

...Бір күні күн бүлттанып, онынан баяу ғана ызғырық жел соғып тұрды. Қарангылық ерте түскен. Біз де дағды бойынша, ауыл үйлері шам жаға бастаған кезде ат қораның тәбесіне жинала қалдық. Аян бұл күні ете-мөте көнілді еді...

— Эй, мен сендерге бір кызық айтайын ба, — деді ол сүйінші сұрағандай куанышты үнмен. — Мен бүтін таң алдында тусімде ағамды көрдім. Рас айтам. Тұнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін шісін шіскеп жаткам. Ағамның шісі сініп қапты. Біртурлі жусанның шісі сияқты жақсы шіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да, ұзак-ұзак шіскедім... Әжем ылғи: «Ағанды анау Жусандытебенің үстінде, мал кайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын», — дейтін... Менің ағамда жусанның шісі содан калған... Сейтіп жатып ұйыктап едім, тұсіме кірді...

— Мен де ылғи кекемнің пальтосын жамылдып жатамын. Менің кекемнің пальтосынан да жусанның шісі шығып тұрады, — деді бір бала.

Сейткенше болған жок, тұс-тұстан жамырай дуылдап соғыста жүрген әкелеріміздің, ағаларымыздың үйде қалған кімдерін еске алып, олардан шығатын шісті сөз етіп кеттік. Және бір кызығы — көшшілігіміз ол шісті жусанның — дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның шісіндей дестік. Онан бір кезде Аян:

— Менен де жусанның ісі шығып тұрады, ағама тартқанмын. Міне, піскеп көріндерші, — деп өз омырауына тұмсығын тықты. Біз дереу кезектесіп оның омырауын піскеуге кірестік. Өзі айтқаннан ба, әлде шынымен солай ма, әйтеуір, Аянның омырауынан бұркырап жусанның ісі шығып тұргандай көрінді бізге.

- Рас-ей, жусанның ісі шығады.
- Қандай сүйкімді-ей, жусанның ісі... — дестік бірауыздан. Онан соң әрқайсымыз өз омырауымызға тұмсығымызды тығып, өзіміздің пісімізді өзіміз піскеп, жаңалық ашқандай:
- Эй, менен де жусанның ісі шығады-ей.
- Менен де... Міне, піскеп көрші... тұра жаздығұнг і Жусанды-төбенің пісіндей... — десіп жан-жактан шулап кеттік...




1. Аянның ертегісіндегі кейіпкерлер кімдер еді?
2. Ұзіндідегі балалар «Аян ғой күн сайын бір жаңа ертегі ойлат шығарады, ендеше ертегі шыгару қын да емес шыгар, тек басқамыз ертегіні қалай құрастырудың әдісін білемейтін болармыз» деп туїтейін. Қалай ойтайсындар, ертегі ойлат шыгару онай ма, қын ба? Ертегі шығарып көргендерін бар ма, ой бөлісейік.
3. Аян қандай тұс көрді?



1. Ұзіндіден автор колданған көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қандай қызмет аткарып тұргандығын зынктайык.



1. Әдеттегі ауыл балалары мен ертегі тыңдаған кездегі балалардың сезімдерін салыстыра суреттеп, көніл күйлеріндегі өзгерістерге баға берейік.



### Жас ғалымға көмек

**Тип** дегеніміз – бірнеше адамға тән қасиеттерді бір адамның басына жинақтап, нанымды етіп көрсету. Жазушы шығармасында өзіне белгілі бір адамның ғана сипатын көрсетіп қоймайды, сол адамның өмір сүрген кезеңіне, өскен ортасына дәл келетін көп адамдарға тән іс-әрекет, мінез-құлық, наным-сенімінің ең керектілерін теріп алғып, бір адамға тән сипат етіп көрсетеді және солай болуы мүмкін екендігіне оқушыны сендіреді. Демек, типтеу дегеніміз – бірнеше адамның бойында болатын накты бір қасиетті бір тұлғаның бойына жинақтау. Мысалы, біз шектен шыққан сараң адамды көргенде, «Мынауың Шықбермес Шығайбай ғой» деп, өтірікті шындаған етіп айттындарды «Судыр Ахметтің өзі» деп жатамыз. Ақылына көркі сай қыздарымызды «Бүгінгінің Қызы Жібектері» деп дәріптейміз. Демек, қаламгер бір сұлудың типтік бейнесін жасау үшін сол сияқты он сұлуды зерттейтіні анық.

**Сөзсүрү**

**Жамағайын** – туыстық жағынан онша жақын емес, алыс, аталас ағайын-жұрт.

**Түйе тоқай** – басты керпіп, яғни ауыртып ойнайтын дөрекі ойын түрі.

**Ымырт** – күн батқаннан оның қызылы тарағанға дейінгі аралық, акшам мезгілі, яғни кешкүрим уақыт.

**Алқа-қотан** – айнала, дөңгелене, қоршай деген.

**Соккыра жығылған Аян**

...Бұл күні Аян жалғыз көзді дәу туралы ертегісін бастады. Бұл оның бұрынғы ертегілерінен де әлдекайда қызықты еді. Тұнергендегі аспан, ат қоранын іргесінен әрі қарай үніретіп жатқан коркынышты терен құз, бәр-бәрі күннің ерекше бір нұры құйылып жарқырағандай бол, басқа бір дүниеге – ертедегі күлкіге толы қызық дүниеге айналды.

«...Біраз жер жүргеннен кейін жетім баланың қотыр тайына тіл бітіпті, – дейді Аян. – Қотыр тай тұрып оған: «Мынау алда тұрған аскар таудан күндіз құс ұшып өте алмайды, қанаты күнге күйіп калады. Тек түнде ғана ұшып өтеді. Сондыктан біз де түнді күтуіміз керек. Түнде маған да қанат бітеді. Сен тек жығылып калмай, кезінді тарс жұмып, менің жалымнан мықтап ұстап отыр. Мен: «Кезінді аш!» – дегенде бір-ак аш. Сонда, мына аскар таудың аргы жағында мұнан гөрі аласа, шошайған коныр тау тұрады. Ол – жалғыз көзді дәудін мекені», – дейді. Жетім бала қотыр тайын айтқанын түгел орындаиды. Түнде қотыр тайға қанат бітіп, аскар таудан ұшып өтеді... Бір кезде қотыр тай: «Енді кезінді аш!» – дегенде, жетім бала көзін ашса, дәл алдында акырын тенселе козғалып шошайған коныр тау тұр екен...»

Осы тұста Аян көзі шарасынан шығып, бізді жана ғана көргендей бәрімізге бір-бір қарап өтті. Жалғыз көзді дәу естіп қоймасын дегендей даусын бәсендетіп сыйырлай сейлейді. Біз болсак шөп қуысына тығыла түсіп, төнірекке жалтақтай береміз. Тұн қарангылығында шошак беріккө ұксап қарауытып тұрған Ешкіелмес шоқысы енді бірде жалғыз көзді әулие мекен еткен үнгір таута ұксап кетті. Дәл казіргі сәтте сол үнгіртаудың ішінде жалғыз көзді дәу коркырап үйкіда жатқан секілді. Оның коркырай алған демінен шошак тау түндігін жел шайқаған киіз үйдегі көтеріліп-басылып желпілден, бірде ары-бері тенселип, козғалып тұрған сияқты көрінді. Демімізді ішімізге тартып, қарангыда тенселгендей бол тұрған Ешкіелмес шоқысына көз тігіп қарай беруге дәтіміз шыдамай Аянға қараймыз. Қарангыда бозарып көрінген жүдеу өні сол өзі айтып отырған

киялдағы дүниені көріп отырғандай дірілдей шытынып, көзі жалт-жұлт етеді...

Ыңғырық жел онан сайын сұтынып, қар ұшқындаі бастады. Тұтасқан қап-қара аспан тұншықтыра салардай боп ауыл үстін тұмшалап тұр. Ит үрді. Тура жалғыз көзді дәудің иті құсан ұлып үрді. «Апыр-ай, жалғыз көзді дәу оянып кетер мә екен», – деп зәре-күтіміз калмайды...

Өстіп ертегі қызығына беріліп отырғанымызда, шеттегі бір бала:  
– Ойбай, ерт! – деді.

Шептің арт жағын ала, ыңғырық желдін өтінде лауылдан от жанып жатыр. Бұл ат кораның тәбесі күзде ғана сабанмен жа-былған.

Жанып жаткан сол сабан екен... Жел өтінде лезде лапылдан кетеріліп кетті. Не істерімізді білмей сасқалактап, корадан секіріп-секіріп түсіп, тым-тырақай қаша жөнелдік. Балалардың ең соңын ала секіріп түскен Аян:

– Ойбай, ая-ғым!.. – деп жан даусы шыға айқайладап жіберді де, шонқаң етіп жата кетті. Бірақ біздің оған қарайтайтындаі шама-мыз жок.

Ауыл жақтан: «Аттан! Аттан!» – деп жер-көкті басына көтере айқайладап, шолақ қол бригадир Тұржан да жетті. Армия катарынан жақында ғана қайткан, сол колын білегінен оқ жұлып кеткен, бірақ өзі аса катығез, мейірімсіз адам еді. Келген күні-ак: «Қан көріп, қаным бұзылып келді...» – деп, үйіне жиналған қатын-қалаш, кемпір-шалдың зәресін алған. Бригадир боп тағайындалғанинан кейін, жұмсағанда тілін қайырған талай әйелдер мен жасөспірім балаларды әлімжеттік етіп сабаған. Қазір сол Тұржан жүтіріп жеткен бойда, кораның артында төрт бүктеліп шырқырап жаткан Аянды дәу табан көрзі етігімен теуіп кеп жіберді. Аян калпақша қалқып барып анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы камшымен тулакты сабағандай көміп-көміп алды да, тағы да тепті-ай кеп. Бас демей, көз демей былшылдатып тебе берді. Әуелде құлындаған даусы шығып шырқырап «ағатайлап» шынғырған Аянның біраздан кейін үні өшті. Көрзі етіктің астында жансыз заттай иллектеніп жата берді.

Ауылдағы жұрт дүркірәй жинальып кеп ертті сөндірді. Әлдекім келіп, былқ-сылқ етіп жаткан Аянды көтеріп алды. Қарт адамның даусы:

– Иттін баласы, пәшиске берген қолынның құнын осы қаршадай жетім баладан алайын деп пе ен. Ой, есіркі... – деп ақырды Тұржанға...

Танертен ояна кетсем, апам жана сауып әкелген сүтін күрсаулы банкіге құйып отыр екен. Менің оянғанымды көріп:

— Тұрағой. Мына жарты күрешкедей сүтті пешке кояйын, піскен соң алыш іш. Ал мына сүтті әлгі Аянға апарып берейін. Байғұс бала, кекпенбек тұлыптаі бол қозғала алмай жатқан көрінеді, — деді.

Кініп, жарты күрешке ыстық сүтті апылғұптыл іше сап, Бапай шалдың үйіне мен де жеттім. Аян есік жактағы темір пештің түбіне төселген құрым киіздің үстінде кір-кір жұка құрак көрпе жамылып жатыр екен. Бір жамбастаған күйде қозғала алар емес. Қамшы мен тепкі тиген денесі кекпенбек бол құлқілдеп ісіп кетіпті. Бет-аузы да ісінкі. Көзі кішірейе жылтырап, жаутандап жатыр. Домбыға кезерген ернін жалап қояды. Мен оның жанына кеп отырдым. Ол да үнсіз, мен де үнсізбін, бір-бірімізге жалтақтап қарай береміз...

Әлден уакытта басын кетерінкіреп маган:

— Анау пальтоны әперші, — деді төрде ітулі тұрган кара пальтоны нұскап. Мен осы үйдегі жалғыз орындыққа шығып пальтоны алыш, оның алдына әкелдім. Аян басын жастыктан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп күшірлана піскеп-піскеп алды да:

— Тез іліп кой, әйтпесе ұрсады, — деді.

Онан соң шалқасынан түсіп көзі бажырайып, кірпік какпастан үйдің тебесіне тесіреіле карап ұзак жатты. Қалың ойда жатқан сияқты. Өні сұрланып, дірілдей дем алады. Ап-арық, шырпының жінішкелігіндегі колымен домбырқан ісіктерін сипады. Бір кездегана:

— Ағам келеді ғой жақында әлі. Сонда көрсетеді Тұржанға, — деді.

Он шакты күннен кейін Аян тесектен турып жүре бастаны. Тобығы тайған аяғын жер сызығандай көлдененінен сүретіп солтақтап басатын болды...




1. Аян айткан ертегіде қандай киял-ғажайып кейіпкерлер кездеседі? Олармен бұрын таныс па едіндер? Топ ішінде өзіміздің сүйікті ертегі кейіпкеріміз туралы ой бөлісейік.
2. Тұржан неліктен Аянды сонша таяқтың астына алды? Оның қандай кінасі болып еді?
3. Аянның Бапай үйіндегі жағдайы қалай деп ойлайсындар? Ойымызды мысалдар келтіре отырып нақтылайык.



1. Автордың таяқка жығылған Аянның жағдайын қандай көркемдегіш құралдар арқылы көрсеткенін аныктайык.
2. Тұржан қандай кейіпкер? Өзіміз оқыған шығармаларда Тұржан сияқты кейіпкерлер типін көзлестірлік пе? Эрекеттері арқылы Тұржанның мінезін аныктайык.
3. Теменделгі сыйбаны пайдалана отырып, үзіндегі Аянның жағдайы мен көңіл күйінің езгеру динамикасын аныктайык.

## Көніл күй графикасы



1. Ауылға алғаш келген кездегі Аянның портреті мен осы үзінділегі портретін салыстырайык.
2. «Дал қазіргі сәтте сол үңгіртаудың ішінде жалғыз көзді дәу қорқырап үйқыда жатқан секілді. Оның қорқырай алған демінен шошак тау тұндігін жет шайқаган киіз үйдегі көтеріліп-басытып жеттілден. бірде ары-бері тенселіп, қозгатып турған сияқты көрінді» деген сөйлемде кандай көркемдегіш күралдар бар? Сендердің ойларынша, балалардың осылай ойлауына не себеп болды?
1. Балалардың Аянға қарайламай кашып кеткендеріне сендердің көз-карастарын кандай? Егер сол балалардың бірі болсаңдар кандай әрекет жасар едіндер?



Достар, согыс деген сүйк сөздің талай баланың жүргегіне жара салғанын оқып, үлкендер айтқан әнгімелерден естіп немесе қинолардан көрген де боларсындар. Ал Аянның осы кезде кандай күйге түсіп, инейдей сезімде болғанын автор қалай суреттейші екен, бірге оқып.

## Қимастық немесе көңілсіз қоштасу

...Жаз ортасы. Анызак жел үйткі соккан ыстық күннің бірінде біздің ауылға тағы бір қаралы қағаз келді. Бұл жолғы қаралы қағаз ешкімнің үйінен зарлы жоктау айтатын дауыс шығарған жок. Бұл жолғы қаралы қағаз, көшеде ойнап жүрген балалардың ен сонында, белі бос штанының ауын бір колымен көтере ұстап, сол аяғын келдененінен сүйрете солтактай жүтірген күйде: «Ей, тоқтандаршы, мен сендерге кешегіден де кызық ертегі айтамын», – деп жалына дауыстай жүтірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзак отырып екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышкыр калтасына тыкты. Онан соң ойнап жүрген балалардың жанына кеп, әдетінше алыс-жұлысты сырттай қарап кызықтап

тұрды. Тек балалар үйді-үйіне тараған кезде, ол ауылдың шетіндегі ат кораға барып кірді. Сонынан мен де бардым.

Сарысу іркілген ат қораның іші тұншығардай қапас, тымырсық еді. Тастан қарангы. Төбесіне ұя салған торғайлардың, олардың шырылдаған қызылшака балапандарының үні құлақты тұндырады. Құжынаған шыбындардың ызыны бір басқа. Қаранғылыққа көзім үйренгенше есік алдында тұрдым да, онан соң кабырганы жағалап түкпірге қарай жүре бастадым. Аяқ асты сазданып басқан сайын шұрқ-шұрқ етеді. Түкпірге де жеттім. Аян қарангы бұрышта біруыс бол бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзак жылады. Онан соң көзін сұрті де, қорадан шықты. Сыртқа шықкан соң көрдім, көзі қып-қызыл бол кетіпті. Маған қарады да, өз-өзінен жымып күлді.

— Күн ыстық, ә, — деді.

Осыдан кейін бір жеті откен соң, ертегісін он шақты қозылақты тауға қарай өргізіп жіберіп, кайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыныра балалар осы арада екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде, шеттеу тұрған Есіkbай сыйырлап қана:

— Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, — деді.

Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырганын кайта-қайта айта береді. Ал кемпірі кеп Аянның бетінен сүйді, көзіне жас алды.

— Қарағым, жолың болсын, — деді жыламсырап. — Жаксыдан қалған түяқ ең, кайда жүрсөн де аман бол. Адам болсаң тауып келерсін әлі...

Бапай да кеп Аянның бетінен сүйді.

— Аман-есен барып орналасқан соң хат жаз, — деп койды.

— Алатын адам болмай тұр, мына коныр сиырды дереу сатып, акшасын қалтана салып берер ем. Кейін қолым тисе, базарға айдаң барып сатып, акшасын салып жіберем ғой...

— Е, койшы әрі, сен де осы, не болса соны айттай. Сатқаны несі? Ертең ержетіп келе қалғанда мал керек емес пе Аянға... — деп киіп кетті осы тұста кемпірі.

— Қарағым, бұл алжыған атаның сезін тындарма. Әлі өзің кейін үлкен жігіт бол келгенінде коныр сиырынды өсімімен колына тапсырамын...

Аян балалардың бәрімен қол алысып коштасты.

— Мен әлі бәріне де хат жазып тұрамын, — деді күлімсіреп. Есіkbай арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды.

Арбадан түсіп қап, кара жолдың үстінде сексиіп ұзак тұрды. Қайта келгенінде өте көнілсіз еді. Садық ойнайык деп еді, ол:

— Мениң басым ауырып тұр, — деп үйіне кетті.

Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз жок, көнілсіз едік. Көз ұшында бұлдырап арба кетіп барады. Қара жолдың шанын бұркылдатып барады. Аян басқиімін алып бізге бұлғап қояды...



1. Қараты қағаз алған Аян не істеді?
2. Аянның басына қандай кіліндік түссе де, мойымауының себебі нede деп ойлайсындар?
3. Бапай карт пен кемпірінің арасындағы диалог не туралы болды? Олардың әнгімесінен мінез-құлыктарын тани аламыз ба?
4. Аманат сөзін калай түсініміз? Мұғалімнің, ата-анамыздың көмегімен ол сөздің қандай жағдайда айтылатынын біліп алайык.
5. Автор неліктен шығарманы «Жусан пісі» деп атаған? Бұл шығармасы арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастайды?



1. Аңызак, тымырсық, қапас сөздерінің мағынасын түсініп, олардың қандай сөздермен тіркесетінің айтайык.
2. Неліктен Бапайдың кемпірі Аянға «жаксыдан калған тұяқ ен» деді. Мұндай сөз қандай жағдайда айтылады деп ойлайсындар? Осы тіркестер Аянның қандай қасиеттерін ашатындығын талдаң айтайык.
3. Аян мен балалар арасындағы диалогке талдау жасайык.
4. «Пирамидалық талқылау» әдісі бойынша талдау жасайык:
  - Аян бойындағы қасиеттерді (рухани дүниесінің дамуы) есу ретімен жалғастырайык;
  - Аянның көрген тауқыметін (материалдық жағдай) кему ретімен жалғастырайык.
- 6.
- 5.
- 4.
3. Ертегіні жақсы айтады
2. Ешкіммен байланыспайды
1. Ұқыпты



1. Жетім калды
2. Тобығы шықкан
3. Еркін ойнай алмайды
- 4.
- 5.
- 6.

5. Концептуалды кесте бойынша кейіпкерлердің іс-әрекетін талдайык.

Кейіпкерлер	Хіккайдагы рөлі	Іс-әрекеттері	Мінездері
Иманжанов			
Бапай мен кемпірі			
Есікбай			
Аян			
Тұржан			
Қосым			
Асылбек			



Достар, калай ойлайсындар, осыдан кейін Аянның тәғдирі не болады екен? Ол кайтадан ауылға келеді ме? Әнгіме қалай аяқталуы мүмкін? Өз болжамымызды ұсынайык. Автор бұл жайында не дейді екен? Хикаянын сонын тындайык (6-а аудио).



1. Аянның қандай касиеттерін өзімізге үлгі етіп алуға болады деп ойлайсындар?
2. Хрестоматиядан шығарманың толық нұсқасын оқып, Аянның әр кездерде айтқан сөздеріне ез көзкарасымызды білдірейік. Мысалы: «Жылауды әркім біледі, мықты болсаң жылтамай бақ» т.б.
3. Аянның шылдамшылығы суреттегетін үзіндін оқып, жұбымызben талдап, бага берейік.
4. Егер сендер автор болсандар шығарманың кай тұстарына өзгерту енгізер едіндер? Неліктен? Шығармадан мысал келтіре отырып, ез нұсқамызды ұсынайык.




1. Аян сияқты балалардың тәғдиріна арналған басқа қандай шығармаларды білесіндер? Ой белісейік.
2. Хикаядағы балалар мен бүтінгі балалардың балалық шағын салыстырып көрейік. Қайсылары бакытты деп ойлайсындар? Неге?

Хикаядағы балалар	Бүтінгі балалар

3. Соғыс кезіндегі жетімдер мен бейбіт замандағы ата-анасыз калған балалардың тәғдиріна Вени диаграммасы арқылы жан-жакты салыстыру жасайык.

Соғыс кезіндегі жетімдер      Бүтінгі ата-анасыз балалар



### Артық болмас білгенін

Жазушыларга «Сіздің кейіпкерініздің прототипі, яғни өмірдегі түп бейнесі кім, ол қазір кайда?» деген сұнды сұраптар жіп қойылады екен. Расымен де, Аянның прототипі кім екен? Бірге білейік!

Аян тәғдиріна көпшілік автордың өзі: «Бұл біздің аудиодагы соғыс кезіндегі балалардың барлығының тәғдиринан жинақталған» деген екен. Ал жазушының ғұмар досы: «Сенің «Жусан пісі» атты әнгімен бар емес не?! Міне, соны оқыған біздің ауылшын Тәжібай, Науқан деген ағайынды механизатор екі жігіттің улкені: «Бұл мен туралы жазылған екен», – дейді. Оны естіген кішісі: «Жок, мұндағы Аянның тәғдирі тұра маган ұксайды», – деп оған қарсылығын білдіреді...» – деп айтканда. Сайын ағанын жүзіне еріксіз күлкі үйрілген еді. Әнгіменің тым шынайы жазылғандығы да шығар, жерлестерінің от шығарманың ен бойынан өздерін іздең, өз болмыстарын танып жатқандығы.

**Зерттейік!**

Бүгінгі балалар ертегі айта ма?» тақырыбында сауалнама жүргізейік. Сынып ішінде сауалнама нәтижесімен бөлісейік.



1. «Баяғыда бір жетім бала болышты...» деп басталатын өз ертегімізді жазып көрейік.
2. Өзіңің және бүгінгі күнгі балалардың жағдайын хабарлап, Аянга хат жазайык.
3. Аянның одан аргы тағдырын калай елестетесіндер? Өзімізді бір сөт жазушы сезініп, шығарманы өзімізше аяктайык.
4. Өзімізді толғандырган шығарма кейіпкеріне қатысты бес сұрак жазып, авторға хат түрінде жолдаіык.
5. Шығармадан көркемдегіш күралдарды теріп жазып, магыналарын ашайык.

**Шығармашылық зертхана**

Достар, С.Мұратбековтің жары Мариям апайдың жазушының шығармашылық құпиялары туралы айтқан естеліктерінен үзінділер оқи отырайык.

- Сайын көбіне түнде отырып жазатұғын. Ой үстінде жүреді де, ұшып барып бірдене тұртіп қоятын. Түні бойы жазуға ден қойып, ертесімен жуынып-шайынып, таңғы асын ішіп жұмысқа женелетін...
- Қаламының ең бір жүйрік кезі күз кезі еді. Жаңбырдың себелеп, қардың жапалақтап тұрғаны оған ерекше көніл күй сыйлайтын. Қоңыр күздің салқын самалы ескен күндері көтерінкі күймен жүретін...
- Сәкең көп сейлемейтуғын. Өзі де бір томпиган, ешкімге жаттығы жоқ жан еді... Кім-кімге де қол ұшын беріп, көмектескеннен кетері емес еді. Абай атамызша айтқанда, «ақырын жүріп, анық басатын» адам дер едім.

**Кері байланыс: «Қызық. Қын. Құнды»**

Жапырақ бөлімдеріне Сайын Мұратбековтің «Жусан пісі» әңгімесін оку барысында біз үшін қызық, қын, құнды болған тұстарды жазып, ой корытайык.

**ОРАЛХАН БӘКЕЙ**  
(1943–1993)

**Оралхан Бекей** – жазушы-драматург, журналист, Қазакстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

**Өмір жолы.** Ол 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазакстан облысы, Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. 1961 жылы С.Торайғыров атындағы орта мектебін бітірген соң, Алтай совхозында тракторшы болып жұмыс істеген. 1963–1969 жылдары Оралхан Бекей С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыды.



1965–1968 жылдары «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары, Шығыс Қазакстан облысының «Коммунизм туы» («Дидар») газетінде әдеби қызметкер болды. 1968 жылы республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің шакыруы бойынша Алматыға келеді. Оның журналист, жазушы болып калыптасуына Шерхан Мұртазаның ағалық камкорлығы ерекше әсер етті. Өмірінің сонына дейін ол журналистика мен жазушылықты қатар алыш жүрді.

О.Бекей 1993 жылы кенеттен қайтыс болды.

**Шығармашылығы.** 1970 жылы жазушының «Қамшыгер» атты алғашкы жинағы жарық көрген. Содан кейін «Үркөр» (1971), «Қайдасын, қасқа құлымым?» (1973), «Мұзтау» (1975), «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркөр ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелері мен повестері жарық көрді. 1986 жылы оның «Құлымым менін» деп аталатын драмалық шығармалары, 1987 жылы «Үйкім келмейді» деп аталатын әңгімелері кітап болыш шықты.

«Құлымым менін» (1974), «Текетірес» (1976), «Кар қызы» (1982), «Зымырайды поездар» (1984), «Жау тылышындағы бала» (1985), «Мен сізден коркамын» (1987) пьесалары қазак және орыс тілдерінде республикалық театrlарда қойылған.

Оралхан Бекей шығармалары орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, араб, кытай тілдеріне аудар ылған.

## «ТОРТАЙ МИНЕР АҚ БОЗ АТ» ХИКАЯСЫ

АҢДАТПА

Достар!

• Қазақ халқы жылды малын ерекше қадірлеп, оны ер жігіттің канатына балаған. Сондыктan қазақ тілінде аттың сынына, түртүсіне байланысты сездер оте көп.

• Зерттеушілердің айтуыша, жылды түсіне қатысты шамаман 350-ден аса сез бар екен. Ал біз жылды түсіне қатысты қандай және канша сездер білеміз?



Шығарма атауына қарап, өз болжамымызды ұсынайык. Әңгіме не туралы болуы мүмкін? Хикаядан үзінді оқып.

Біздің ауыл Салықсалғанның нығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қонырсалқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не сұық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде, төбенмен кекпенбек болыш төнкеріліп тұрар аспанға карағайдың бүршігін лактырып ойнайсын.

**Тірек сездер:**

- ✓ жетім бала
- ✓ ертегі
- ✓ ақ боз ат
- ✓ арман
- ✓ кітап
- ✓ ауыл
- ✓ әңгіме
- ✓ ұялу

Канша құласаң ауырсынбайтын, канша құласаң жапырылмайтын құлтеленген күренсө балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тилюші еді-ау. Теніз бетінен қаншама биік болғанмен, осы Салыксалғанның кез келген жеріне жерошак кассан, келкілдеген су шыға келетін. Әсіресе жаңбырлы құндері қырдан құлаған лайсанға айналып, шошайтып-шошайтып қарағай бөренеден кынып салған үйлердің мазасын кетіретін. Ол кезде колхоз. Колхоздың спыры күніне үш рет сауылады.

Ал әр сауынның арасында шөп шауып, оны маялайтын. Кеште, тіпті түні бойы сеператорға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қыз-келіншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің шуағына жылынып, сыйылта ән салатын. Тау арасында жылтылдатып от жағып, ән шырқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жаландатып күй шертіп, тау-тасты күнірентіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер – балалар, күні бойы егіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ спыр сауғызамыз. Ымырт үйріле алтыбакан құрган азаматтардың манайында арпалысып, тиіп-кашып ұлардай шулап ойнап жүргеніміз.

Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Әке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сәл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншак еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі – таңертеннен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тындар абызымыз сықылды.

Тортай, әсіресе мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Әкем – ферма менгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан бір, жолынан екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдаң, тамак үшін дос болмайтын, кайта: «Мен аш жүргенім жок, әкеле берме», – деп ұрсатын-ды. Өз бейілі мен көніл қошы болмаса ләм деп аузын ашпайтын әрі құлағы какас естіпін болған сон, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен гана онаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.

Бір күні мен Тортайды кеп іздел әрен таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, ұрсып куып жіберіпті. Салыксалғанның ұшар басындағы қалың тас корымның үнгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Мені көрген сон, куанып қалды. Орнынан атып тұрып:

– Мені қалай таптын, ей? – деді.

— Сенің үйің – осы тас күркө емес пе?

Тортай тас күркені ұядай қылыш жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекенине айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қып нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Тер алдына ешкінің терісі төсеген. Қарағайдың жуан кеспелтек шәркесінен стол жасап, майшам қойыпты. Тастан қаланған жерошакта маздал жанған от. Сіркіреп жанбыр жауды. Үнгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйріліп, көз байланған бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаңаяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: «Ракмет!» – деді. Үні біргүрлі көнілсіз, карлығынқырап шықты. Ешкім жокта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызыарып, домбырып тұр еді.

— Әке-шешен іздел журер, үйіне кайт, корыксан мен шығарып салайын, – деді Тортай. «Әке-шешен» деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал әке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім.

— Сенің жанына жата кетсем кайтеді? – дедім оттың шаласын ысырып.

— Қайтасың! – деді ол міз бақпай. Мен бүтін оны мұлдем танымай отырмын. – Қайтасын, әке-шешен менің басымды жарады.

— Жармайды. Сен мені кума, дос емес пе едік.

— «Ораза-намаз – тоқтықтағана» деген. «Ток бала аш баламен ойнамайды» деген.

Мен жауап бере алмадым, үндемеген калпы мынкишп отыра бердім. Тортай мен-зен. Лаулаған отқа тесілген күйі курсінді. Содан кейін нардан карғып түсті де, тас үнгірдін тесігінен сыртқа үнілді.

— Жауын ұзак жауатын тұрі бар. Тенірек тұтасып алыпты. Қонғын келсе, қонағой, – деді маған. Өзі тізесіне салып ку бұтакты сындырыды да, отқа тастанады. Мен әкелген ірімшікті бір асап, нарға кайта мінді. Содан соң «Аласталған Алітет» деген кітапты қолына алып әрі-бері аударыстыруды да, ірге жакқа лақтырып жіберді. Жанбыр толастар емес, құлакқа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыйдырысбыдыр үн естіледі. Күркіреп, сарқырамай ұрлана жауған нөсер, кайдағы-жайдағыны еске түсіріп, киял дүниесіне жетелейді немесе маужыратып үйкіны келтіреді екен.

— Босағада отырғанын не? – деді Тортай. Бағанадағыдай емес, көнілденейін депті. – Кел жаныма, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп мұрнынды кекке көтермейсін, карапайымсын.

Тасошактағы оттың сәулесі қабырғаларға түсіп, конырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамшы тамады бір жерден. Біз ертекті ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, біргүрлі жылағым келді.

— Тортай, — дедім.

— Ау, — деді.

— Әнгіме не ертек айтшы.

— Баяғыда бір жетім бала болыпты, — деп бастады... — баяғыда бір жетім бала болыпты... ары қарай күнгір-күнгір, күбір-сыбыр ертекке айналды. Бүтінде менің есімде Тортай айтқан ертектін көбі қалмаган, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек, «баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталушы еді, ал қалай аяқталынын білмеймін, мұлдем есімде жок, қалай аяқталушы еді?..

Менің жадымда тамаша сакталғаны, ол тас үнгірде шеп төсеген нардың үстінде жатып, оқыған кітаптары мен өзінің арман-киялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әнгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алыш, ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді.

— Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ак нәрсем бар, ол — кітап, — дейтін. — Экем де, шешем де сол — кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығын, жетімдігін, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмакты өмірте сапар шеккендей боламын. Эттен, жағдай келсе, окуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайынши, кітап жазып, жазушы болғым келеді.

Акжауын сіркіреп тұр. Тасошактағы от коламталанып, үнгірдін ішине коркыныш ұялап, қаранғылана бастаған. Тортай әлі сейлеп жатыр, сейлеп жатыр ...

### Сөзсіры

**Нар** – 1) жалғыз өркешті асылтуқымды ірі түйе; 2) ауыспалы мағынада: үлкен, мықты, үздік, ерекше тұлға деген. Бұл жерде: адам отыруға, жатуға арнап ағаштан жасалған тапшан, сәкі, сөре.

**Ұлар** – таудың биік шындарын мекендейтін түсі сүрғылт, еті дәмді ірі құс.

**Жемтір-жемтір болу** – сын есім: жулма-жұлма, арса-арса, яғни ескірген деген.

### Жас ғалымға кемек


**Пейзаж** (франц. ел-жер деген мағына береді) – әдеби шығармаларда жаратылыстың, яғни табиғаттың әсем көрінісі, көркемдік бейнесі. Көркем шығармаларда суреттелең табиғат көріністерін, яки пейзажды адам образын толықтыра түсетін тәсіл деуге болады. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл күйінен тыс ешқандай пейзаж болуы мүмкін емес.



- Оқиға кандай елді мекенде өтеді? Ол Қазақстанның қай аймағында?  
Картадан көрсетіп, айтып берейік.
- Ауыл адамдарының тіршілігі кандай? Ондағы қыз-келіншектер немен айналысушы еді? Бүтінгі адамдар сондай жұмыстар істей ме?
- Ол кезде балалар не істейтін еді? Біз казір не істейміз?
- Тортай кім? Ол неліктен таскорымда тұруши еді?
- Оның басқалардан ерекшелігі неде?
- Ұзінділегі оқиғага ұксас басқа кандай шығарма оқыдык?



- Шығармадан төменде көрсетілген көркемдегіш күралдарды тауып, олардың кандай қызмет аткарып тұрғандығын аныктап жазайык.
  - Тенеу.....
  - Эшпіт.....
  - Тұракты сез тіркестері.....
  - Макал-мәттелдер.....
- Жинакта уәдісі арқылы Тортайға сипаттама берейік.



- Табиғат құбылыстары мен кейіпкердің ішкі сезімдерінің салыстырыла, катар суретtelген эпизодтарға талдау жасайык.



- Тортай мен Аянды салыстырып, оларға тән үқастық пен ерекшеліктерді шығарма мазмұны арқылы көрсетейік.
- «Әттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымыды айтайныши, кітап жазып, жазуыш болғым келеді», – дейді Тортай. Сен нені армандаисын? Өзіміздің арманымыз бер Тортай арманын салыстыра отырып, «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген тақырыпта әнгімелесейік.



- Тортайдын «Тоқ бала аши баламен ойнамайды» деуіне не себеп болды деп ойлайсындар? Осы макалдың қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік баға берейік.



- «Бұл әулиеде пір тұттар жалғыз-ақ, нәрсем бар, ол – кітап», – дейді Тортай. Біздер нені пір тұтамыз? Неліктен? Дәлел келтіре отырып, шағын ойтолғау жасайык.
- Тас күркеде қамықкан Тортайға дем берер жылы тілектерімізді білдіріп хат жасайык.
- Тортайдын күркесін кез алдымызға елестете отырып суретін салайык.



Достар. Тортайдын басқа кандай арманы бар, ол сол арманына жете ме? Оны біту үшін, әнгі менің жалғасын тындайык (7-аудио).



1. Тындалған үзіндіде кандай оқиға сөз болады?
2. Тортай кандай арманымен беліседі?



1. Табиғатты суреттеуде акын қолданған троп түрлерін тауып, дәптерімізге жазып алайык.



### Артық болмас білгенін

Казакта жылды түсіне байланысты айтылатын сездер өте көп. Қазак тіліндегі жылды гүстерін өзге тілге аудару өте күни. Ақ боз атты кей жағдайда кек ат деп те атайды. Ақ боз атты қадірлеу мен боз биенін сүтіне шомылшыру – ежелден келе жаткан дәстүр.



Тортайдың тағдыры калай болды? Ол армандаған ақ боз атын мінді ме екен? Оны білу үшін әнгімені әрі карай оқпык.

...Тортай кезі жайнап, астындағы жакпартасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалға құладап кетеді екен деп зәре-құтым қалмайды.

– Ақ боз ат демекші, түнде түсімде кек өгізім аргымак болып, жер тарпып кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге кәперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады.

– Тортай, сен түбі сол ақ боз атка мінесін, – дедім мен шын көніліммен.

– Қайдан, – деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. – Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы котыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін.

Күз жакындаған, фермадағы барлық бала жайланаудан ауылға окуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде, ол маған ен сүйікті кітабын сыйласап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атка сен мінерсін».

- Сенің өз ақ боз атың бар емес пе?
- Жок, менің мандайыма кек өгіз жазылған.
- Онда мен ақ боз атымды саған сыйға тартамын.

\* \* \*

Содан бері көп жылдар өтті. Мен «Тор тайды да, ақ боз атты да әлдекашан ұмытқанмын. Бір рет ауылға барғанымда, азamatтар сез кылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкери жақтан жуастау бір кызға сойлеседі. Сонда кыз: «Жекебасынды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жаксы болса да әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзін алдарынан өтіп қайт», – деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, кыздың үйіне барады. Сәлем

алысқан сон, калыңдықтын әкесі: «Кімнің баласысын, шырак?» – деп жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: «Малдан келдім, ата», – деп койып қалса керек... Шал: «Санырауға қызыымды бермеймін», – деп, ит косып қуып салыпты.

Елге енді бір рет барғанымда естідім. Тортай үйлентен. Екінші баласы бар. Қой бағады екен. Былтыр жазда демалыс алып, ауылға тағы бардым. Әкемнің төрт белмелі, бау-бакшалы үйінде еркін сайрандалап, тоғып жеп, тасырандалап жүрмін. Шешем бәйек болып: «Не ішесін, не жейсін, құлыным», – дейді зыр жүтіріп. Түске жақын жұп-жұмсақ диван үстінде шалқамнан түсіп серейіп, газет оқып жатыр едім. Алдыңғы бөлменің есігі әндептіп ашылды да, алдекім кіргендей болды. Көрші-коланың бірі шығар деп, аса мән бере койғаным жок. Әйтеуір, шешеммен сейлесіп отырды. Әнгіме күнгірлеп еміс-еміс естіле берген сон, есіме баяғы бір қоныр үн түсіп, еріксіз құлағымды түрдім. Келген Тортай екен...

– Тәте, айып етпеніз, әншайін Орашқа амандастын деп, өзімсініп келип едім...

– Ол ұйықтаң жатыр, – деді шешем. – Ояттай-ак коялық. Төрге шық, отыр.

– Жо-жок, о не дегенініз, тәте, ракмет, маған осы босаға да жетеді, әншайін Ораш келді деген сон амандастын деп, баяғыда... бала кезде бірге естік... талай рет бұзау жайып едік; енді, міне, ел таныған азамат болды... айып етпеніз, мен қазір кетемін, тәте... Ораш келді деген сон... жалғыз ұлын ғой, құдай қуат берсін... бізді койшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... ракмет, тәте, төрге шықтай-ак кояйын... осы жерге отырып-ак тамак ауыз тиейін... Ал, тәте, Орашың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... кол койцырып алайын деп мына бір кітабын койныма тыға келип едім, тағы да соғармын... малдан кол тие бермейді... қыстай жемдеген торы атты управляющий алып койған, тәте, мың салса бір баспайтын тағы бір тыракысын берді, «саган осы да жетеді, торы атты озат шопан мінеді» дейді... ал кеттім, ракмет, тәте... келді-кетті деп сөге жамандамаңыз; әншайін Ораш келді деген сон, үлкен кісі ғой... бірге ескен, сәлем берейін деп... мен келді деп, тіпті айтпанызышы, тәте, ұят болар, ал сау болыныз, ракмет... итіндең баяғы өзініз билетін Салықсалғанға жеткенше түн ортасы болар... өзініз білесіз, Салықсалған алыс, ете алыс... Монголияның бер жағында...

Мен сұлап жатқан орнынан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым – Тортайдан ұялдым. Батыльм бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме «баяғыда бір жетім

бала болыпты...» деп басталатын ертектің калай аяқталары оралды. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай...

Тортай мінер ак боз ат... менің тақымымда кеткендей еді... несіне қайтаруга кеш еді...



1. Эңгіменің негізгі идеясын тірек сөздері колдана отырып айтайык.
2. Эңгіме неліктен «Тортай мінер ак боз ат» деп аталған? Өзіміздің бірнеше нұскамызды ұсынайык.
3. Төмендегі «Неліктен?» деп басталатын сұрақтарға жауап бересіндең, кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Тортай Орашты жаксы көретін еді.

Ораш: «Тортай мінер ак боз ат менің тақымымда кеткендей еді», – дейді.

Неліктен?

Тортай: «Менің мандайыма кек өгіз жазылған», – дейді.

Ораш Тортайды да, ак боз атты да ұмытты.



1. Тобымызбен ақылдасып, әңгіменің композициясын күрайык.



Оқиғаның шешімі

Оқиғаның шарықтау шегі

Оқиғаның шиеленісуі

Оқиғаның байланысуы

Оқиғаның басталуы

2. «Мен сұлап жатқан орнынан белім кеткендей тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұядым – Тортайдан ұядым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады» деген жолдарда автордың неліктен ұлғанын топпен талқылап анықтайык.
3. Не себепті С.Мұратбеков пен О.Бекей шығармасының кейіпкерлері жетім балалар деп ойлайсындар? Авторларға мұның катысы бар ма? Тобымызбен талқылап, анықтайык.
4. Жеті жетім деген сез тіркесіне шағын зерттеу жұмысын жасайык.



1. «Жусан пісіндегі» Аян мен «Тортай мінер ак боз аттағы» Тортайды салыстырып, оларға тән ерекшелік пен ұқсастықтарды анықтайык.

Салыстыру аймағы	Аян	Тортай
Сырт келбеті		
Мінезі		
Арманы мен қызығушылықтары		
Ерекше әрекеттері		

2. Үлгі-кестені пайдаланып, бүтінгі балалар мен Тортайдың арман-максаттарын салыстыра отырып баға берейік. Пікірлерімізді мысалдар арқылы дағелдеп көрейік. Тәмендең үлгіштегідей өз графикалық мәтіні-мізді ұсынайык.

### ТОРТАЙ

Неге қызығады?

Нени армандайды?

### БҮТІНГІ БАЛАЛАР

Неге қызығады?

Нени армандайды?

3. Егер сен Ораштың, яғни автор-баяндаушының үйге келгенде не істер едін? Өз позициямызды орнында болсан, Тортай ұсынайык.



1. Айналамызда Тортай снякты балалар бар ма? Олардың әлеуметтік жағдайы қандай? Осы сұраптарды негіз ете отырып, «Бүтінгі күннің Тортайлары не істеп жур?» деген тақырыпта синни хабарлама жазайык.
2. Тортайды көз алдымызға елестетіп шығарма негізінде суретін салып көрейік.

### Шығармашылық зертхана

Менің балалығым сан оқиғаға толы, адамдардың қулықты үйренбеген адада аңқау кезінде, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған елуінші жылдары өтті. Әлі есімде, әкем соғыстан аман-есен оралған. Бүкіл отбасымызбен көл-кесір қуанышқа кенелдік. Бала кезімізде дүкеннен сатып алатын ойыншықтың не екенін білмедік. Барлығын ағаштан, сүйектен өзіміз жасайтынбыз, сосын әдемілеп бояп, бір дорба етіп арқалап жүретінбіз. Әкемнің оқ пен оттың ортасынан аяқ-қолының бүтін оралғанына қуанғаным соншалық, әлгі әдемі ойыншықтарымды ағаш жәшікке салып, мықтап шегелеп, адресін жаздым. «Москва, Кремль, Сталинге». Сейтіп, балалығымның ең қымбат заттарын Бұқтырма деп аталатын тау өзеніне ағызып жібердім. Ондағы ойым, Бұқтырма өзені ағызып-ағызып Ертіс өзеніне, одан әрі Москваға апарады деген үзілмес үміт...<sup>1</sup>

### Артық болмас білгелін

Достым, жазушының есімі неліктен Оралхан аталғанын білеміз бе?

Оралханның әкесі Бекей көп сейлемейтін, сейлей қалса өз ойын дәл жеткізетін, рухы мықты, жаны таза адам болған. Анасы Күлия да көреген, аузын ашса кемейі көрінетін ашық кісі екен. Үнемі топ бастап жүретін, қажет жерінде кылнан кыстырып өлең де шығарған, әнші де болған. Отбасында бір ұл – Оралхан, бес кыз – Шолпан, Әймен, Ләззат, Мәншук, Галия. Оралхан дүниеге келгенде соғыс жылдары болғандыктан, әкесі Оралға енбек майданына аттанған кез екен. Анасы Күлия әкесі аман-есен оралсын деп, сәбідін атын Оралхан қойған.

<sup>1</sup> Бекеев О. Өз отынды өшірме. Кітапта: Сөзстан. Құрастырган З. Серіккалиев. 5-кітап. Алматы: Жалын, 1984.

### Кері байланыс: «Бес саусак»

Ақ парапқа алақанымызды қойып, жиегін айналдырып бастырайық.  
Салынған саусактарға төмендегі сұрактар бойынша жауап жазайык.

**Бас бармак** – басты мәселе. Такырып бойынша ен күнды мәселе кандай болды?

**Балалар үйрек** – бірлесу. Мен топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?

**Ортап терек** – ойлану. Мен кандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шұмек** – шынайылық. Маган шыгарма ұнады ма? Неліктен?

**Кішкентай бебек** – көніл күй ахуалы. Мен осы тақырыпты оку барысында өзімді қалай сезіндім?




### ҚАЛМАҚАН ЭБДІҚАДЫРОВ (1903–1964)

Қ.Әбдіқадыров 1903 жылы 15 сәуірде Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылында дүниеге келген. Ол сол кездегі ауыл балалары сияқты, алдымен ауыл молдасынан оқып, хат таниды. «Әкем – ғаріп. Оның кемтаршылығы болғандықтан, он жасынан былай жұмыска үлкен кісідей катыстым», – деп жазады ол өзі жайында<sup>1</sup>.

Қалмақан өленсөзге, ел ішіндегі акын-жыршылар шерткен әнгіме-хикаяларға бала күннен үйр болған. Оның өз жанынан өлең шығарыш айтуы он үш жасынан басталған еken. Бертін келе ауыл ішінде «акын бала» атанип, ол шығарған әзіл-оспақ өлендерді ел ішіндегі қыз-жігіттер жаттап алғып айтып жүреді. 1918 жылдары Сыр бойында болған ашаршылықтан ата-анасы, бір қарындасы қайтыс болады. Қалмақан, кішкентай інісі, қарындасы – үшеуі жетім қалады. Қаршадайынан жоқшылық көріп, кісі есігінде жалданып жүрген күндеріне нәлет айтқан Қалмақан 1922 жылы «Қырсықпен айтыс» деген өлең шығарады.

Қ.Әбдіқадыровтың Қызылордада жазылып, алғаш баспа бетін көрген өлеңі «Сырдария» (1925) деп аталады. 1927 жылы «Жалшы» атты тұнғыш өлендер жинағы шығады. Бұл жинақка енген 25 өлеңінің тақырыбы – ауылдағы жалшы-кедейлер өмірі, олардың әлеуметтік ортаға араласуы болып келеді. 1936 жылы «Тәтті қауын» атты әнгімелер жинағы жарық көрді.

1938–1939 жылдары Жамбыл акынның әдеби хатшысы болады.



<sup>1</sup> «Әдебиет майданы» журналы. №9, 1935.

1939 жылы Қалмақан өзі сұраныш әскер катарына алынады. Содан соғыстың соңғы сағатына дейін ишінде автоматты мен қолынан қаламын түсірмеген. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң Алматыға келіп, жазушылыққа біржолата дең кояды.

Жазушының балаларға арнаап жазған шығармалары өз алдына бір тәбе. Онын «Әзімбектін бакшасы», «Тапқыш», «Амантай», «Алғашкы айқас» және т.б. шығармалары осыған дәлел.

1951–1958 жылдары Қ.Әбдікадыровтың «Келес кызы», «Қажымұкан», «Тандамалы әнгімелері» атты кітаптары жарыққа шыкты.

Қ.Әбдікадыров аударма саласында да біраз еңбек еткен. Ол езбек әдебиетінің классигі Әлішер Науашін тандамалы елеңдерін, Евгений Шварцтың «Бірінші кластиғы қыз» повесін, дүниежүзіне белгілі «Мын бір тұн» хикаяларын казак тіліне аударды.

## «ҚАЖЫМҰКАН» ПОВЕСІ

### АНДАТТА

**Достар!**

- Қажымұкан есімін осы уақытка дейін естіген бе едіндер? Ол кім?
- Ақын Сырбай Мәуленов Қажымұканға арнаап:

Атагы болып кеткен аныз ердін,  
Кол соккан түрегеліп Париж, Берлин.  
Брюссель, Рим, Лондон газеттері  
Палуанның жазған теріп әр іздерін, –

деп жазған болатын.



Ал жазушы Қ.Әбдікадыровтың Қажымұканды қалай суреттейтіндігін біту үшін, повестен үзінді оқылык.

### Кар күреген бала

#### Тірек сездер:

- ✓ қора
- ✓ қар
- ✓ сексен тының
- ✓ жалишылық
- ✓ жас бала

Ақпан-кантардың сақылдаған сары аязы. Қылмыктап қырау ұшқындалап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кігізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық бір көшесіндегі корада үлкен сарайдың темір какпасы кен ашылып, ішінен «науппалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат-шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алтып еді. Отыз пүт<sup>1</sup> май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс – солардың үні. Қораны басқан карды күреуге жалдаған он алтыдағы жас бала сарайға қайта-қайта карай берді.

<sup>1</sup> Бір пүт – 16 келіге (килограмға) тең.

- Ей, сенің әкенін аты кім? — деді бүрме кара тонды қойманын баскарушысы.
- Оны қайтесін?
- Сұраймын,
- Куда түсейін деп пе едін?.. Айтатынныңды айта бер, — деді кішкене кара көзін жымнита караган бала.
- Сен онда неге қарайсын? Қарынды күре де, тиісті тын-тебенінді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылыш қараудың саған канша керегі бар? Соншалық сарайдың есігіне қарай бересін...
- Сен балдырламай, маган сонда не істеп жатканыңды түсіндірші.
- Тау көтеріп жатыр.
- Сонда, сарайға кірген тау көтерілмей жатқаның ма? Шуылдан басымды ауыртты. Өздері адам ба, шепті — «сыргауыл көтеріп келдік» деген бақсының жыны ма?!
- О-хо-хо. Мынаның сөзі отыз пүттан гөрі ауыр жатыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқаның не екенін көрсін, — деді тұлышты көмілтіп киіп, какпа аузында тұрған саудагер.
- Ей, бар енді. Эне, мырза көріп тұр.
- Көрсе немене... — деп қар куреген бала есік алдында тұрғандарды қаңбактай қактырып, сендей соктырып, қаға-маға сарайға кіріп келді. Басканы бүрліктірген аяз оған шыбынсыз жаз сиякты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, баскімін колына ұстап, кимылдан жүрген кіслерге анырая карады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге әрен жылжыған кеспектің қасына жақындалап, пығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.
- Көтерілмейтін тауларын осы ма?
- Саған жеп-женіл көрініп тұр ма?
- Эй, тәйірі-ай... Соны да сөз деп айтып тұрсындар-ау. Тау дегенге таныркансан, бұл шелектей-ак ыдыс қой. Он кісі жабылып қаланы «наппалап» бастарына көтеріп жүргендерін осы ма? Өздерін шетке ысырылып, тиейтін шананды есік алдына әкеле беріндер. Эй, әдемі тұлыштылар, калбалактап жүріп, бір жерлерінді қактырып аларсындар, кейін қаш!
- Мынаның сөзі кандай дөрекі! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сейлейді, — десті мұртына мұз катқан жұмысшылар.
- Оны қоя тұр. Алдымен ауылдын алансасарының күшін көре-ік! — деді іргеге қарай ысырыл ған екі мырза .



К.Мұнаітпасов

Бала еңкейе беріп, кеспекті нығымен нығырақ тіреп қағып жіберді.

Астына салған ломдар мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағысып, бастары шошандасты да, отыз пүт тоңмай күйған кеспек екі-үш қакканда желге ұшқан ебелектей домаланып сарайдың есігіне барып та қалды. Шой табан екі завод атын жеккен жүк шанаға қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенің көрмей тұрмысың! Оның орнынан козғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды.

– Айтайын дегенім ол емес-ау, кожайын, тегі осы қәдімгі адам ба?..

– Енді кім?

– Бір жактан келген дію ма, пері ме, бірдене шығар өзі.

– Не де болса, оның кетере алмағанды бір өзі кетере салды, жарайды.

– Міне, саған елу тын, – деді май салған кеспектің кожасы.

– Жиырма тынды мен берейін, – деді Масликов кен барқыт шалбарының қалтасына баржиган семіз колын сұғып жатып.

– Майлыш бай, қанша корбандасан да колына бір сомдық сарышұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі әзілмен қағысып.

– Сен енді байыдын. Қар күргеніне тын алма, – деді кораны күретіп жатқан камбашы.

– Былшылдамай, уәделескен он бес тынды әкел. Мен бай кісі емес, ол маған тамақ болады. Жетпіс тынды ауылдағы тарығып отырған әжеме жіберем, – деді жалпақ қайың күрекпен шөмелеп карды биік корадан асыра атып жатқан, беті бүркыраған термен буланған бала.

– Орлій, сен маган мырзасынған былшылынды айтпай, мына казакты колына түсіріп ал. Кірекешіне мұндай адам керек кой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасына карашы, буыны қатпаған бала, шойыннан күйған алыптардың ескерткіші сиякты...

– Өзім де соны ойлап, жиырма тын сыйлаап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын да іshedі ғой. Өзің айткандағы буыны қатпаған бала, созыла беретін резенке қанар сиякты болады.

– Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабагы жетпей ме? Бере бер астырып...

– Я, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырскадай шұбыртып, жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе ұзак сапарға таптырмайды.

Бала кары н күреп болып, тынын алған сон, Масликов койын-дәптерін алыш, балаға жымия қарап әнгімеге кірісті.

— Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі?

— Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.

— Әкеңнің аты кім?

— Мұнайтпас Ернаков.

— Өз атын кім?

— Мұкан. Оны қайтесің?

— Сенімен тамыр болғым келіп тұр.

— Тамыр болып ат мінгізесің бе?

— Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласын, дұрыс па?

— Болайын, айына не бересін?

— Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің кімін жок, кім берем, сондай айлық берем, — айын бір сом сексен тын.

— Ей, тамыр, оның аз той. Рас, мен жұмыс іздел келдім. Әжем, әке-шешем бар, кедей кісіміз. Ен болмаса менін тапқаным солардың кант, шай, нанына жететін болсын, аздап косынкыра.

— Менен басқа кісі саған сексен тыннан артық бермейді. Мен сені аяп үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне, мына алпамсадай денене, оны киіммен жабдықтауга, ішетін тамағына екі-үш жігітке беретін каржым артық шығатынын білесің бе?

Бала ойланып тұрып-тұрып, келісімін берді.

Келешектегі әлемдік палуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп жалшылыкка тұрды.

\* \* \*

Мұқан Масликовтың үйіне келген күні жалпы кіреші жалшылар жататын жатакханаға орналасты. Сабан төсөліп, пеш койған сарайдын бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Мұқанды өз үйінің ауыз бөлмесіне шакырып, отыз пүт кеспекті доп кылып домалатқан дәуді өзінің катын-балаларына, конактарына керсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындал, салмағын өлшеп, Масликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.

— Бұл қадай отыз пүт көтереді? Бойы жарым кез<sup>1</sup>, салмағы 200 қадақ<sup>2</sup>, рас, мойны, кол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пүт жүкті көтеруі мүмкін емес, — деп есепшісі өзінің өгіз өлшейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

<sup>1</sup> Кез – бір метр.

<sup>2</sup> Бір қадақ – 400 грамга тен салмак.

— Жарайды, ендеше Мұнайтпасовтың кереметін кейін көрсіндер, — деді.

— Ал, бала, қалай үйыктадың? Жатакхана жылы ма екен? Жігітердің арасы көнілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнаиды. Шынында да, біздің үйден сендердің жатакханаларын қызық...

Қажымұқан біргүрлі көнілсіздік кейпін көрсетіп:

— Кожайын, мен оншалығын білмеймін, тұнімен үйыктағаным жоқ.

— Неге? Ішінде ұрыс, жанжал көп пе екен? Жанжалдасса, төртеубесеуі жиылып отыз пүт болмайды, лактырмайсын ба, шетінен...

— Жоқ, айта көрменіз... әжем ұрыскан, жаман болады, — деген. Менің тәбелес, жанжалға жаным қас.

— Енді неге үйыктай алмадын?

— Үйыктай алмағаным, төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Олардың шиқылдаған даусын естісем, зәрем кетеді. Масликовтың үй іші, өзі косылып карқылда, көздерінен жас акканша күлді. Оның коркатыны жататын жердегі тышқан екенін енді ұққан қожайын ойланға қарап, сездің сонында күлген жоқ.

— Міне, отыз пүт көтерген палуан... Тышқаннан басқа тағы неден корқасын?

— Онан басқа еш нәрседен корыкпаймын.

— Қасқырдан ше?

— Ой, тәйірі, қасқыр, аю, кабан дегендер — ит емес пе, иттен кісі корқа ма? Тек мына, адам жататын жерде тышқанның шиқылдағаны жаман...

Мұқанды асүйінің ауыз бөлмесіне жататын етті де, өзіне екі ат, бір шана беріп, шөп, отын әке ліп түру жұмысын тапсырды.

### Сөзсүры

*Kiresін алу* – ат-көлігін жалдама жұмысқа беру.

*Кеспек* – жуандай келген ағаш.

*Kire* – жалдамалы күш көлігі.

*Городовой* – қала бастығы.

### Жас ғалымға көмек

**Метонимия** (грек. metonymia – ауыстыру, қайтадан атап) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды колдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. Мысалы, әйелді – ақ жаулық, әскерді – қол, бүркітті – ақыны, мұзбалақ, қылышты наркескен деп айтуда метонимияға жатады. Метонимия сез образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында колданылады. Мысалы, Абай

«Үйі мәз бол қой сойды, Сүйіншіге шапқанға» дегенде сүйінші сұраған жандардың баспанасын емес, адамдарын айтады.

**Троптың** бұл түріне байланысты А.Байтұрсынұлы: «Арасында жақындығы бар екі нарсенің атын ауыстырып, бірінің орнына бірін айту түрі болса, ондай ауысу, алмастыру», – деп, төмендегідей мысалдар ұсынады: 1) «Анау үйдің құдасы келіп жатыр» дейміз. Құда үйдікі емес, ол үйдегі адамдік, үй мен үй иесінің арасы жақындығынан бірінің орнына бірін айтамыз; 2) «Ауыл ұйқыда жатыр» дейміз. Ауыл ұйықтамайды, ауылдың адамы ұйықтайды. Ауыл мен ауылдағы адам екеуінің арасында жақындық, барлығынан адамның орнына ауылын айтамыз.



1. Қажымұқанға байланысты төменгі сұннытарда қандай шығарма оқығанымызды еске түсіріп көрейік. Қажымұқан туралы қандай шығармалар, аппараттар білеміз?
2. Оқиға кай мезгілде орын алған?
3. Мұқанның бойындағы қасиеттерді шығармаға сүйеніп санамалап шығайык.
4. Тақырыпты басқаша қалай атауға болады? Өз иүскамызды ұсынайык.



1. «Күш атасын таныма» деген мақалды қалай түсінеміз? Топпен талқыладап шікірлесейік. Сөзіміз дәлелді болу үшін, үзіндіден мысал келтірейік.
2. Ұзіндідегі Мұқанға мінездеме берейік.
3. Шығарманы оқығаннан кейін Мұқанды көз алдымызға қалай елестетеміз? Нобайын салып көрейік.



1. Мұқанның әрекетіне баға берейік. Қазіргі таңда осындағы алғы күш нелері бар ма? Дәлел келтірейік.
2. «Күш білекте емес, жүректе» деген мәтеп шығармамен ұштаса ма? Өз дәлелімізді ұсынайык.
3. Ұзіндінің каншалыкты мұқият оқығанымызың байкау үшін «Қажымұқан» сөзжумбағын шешейік.

1. Баланың ауылды.
2. Кіреші байдын фамилиясы.
3. Қар күргеген бала қаша тұнды ауылдағы ажесіне жіберемін деді?
4. Оқиға өткен кала.
5. Үстінде ..... жыртық шапан.
6. Бала Мұқаның әкесінің аты кім?
7. Қажымұқаның салмағы 200 .....-ка неге тең болды?
8. Болашак палуан Масликовтың үйіне кім болып келді?
9. Койманың песі кім?

	2		4		6		8	
1		3		5		7		9
Қ	А	Ж	Ы	М	Ұ	Қ	А	Н

## Жаяу сүйреген шана



Достар, жазушының жаяу деп отырганы кім? Ол шанамен не сүйреп келді? Бұл туралы әнгіменің жалғасынан оқып білейік.



### Тірек сөздер:

- ✓ шөп
- ✓ жаяу
- ✓ ат
- ✓ шана
- ✓ ауыр жүк
- ✓ көмек

Сагаттын тіліндей айналған күн ете берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аныз болып айтылып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самарга бірнеше рет барып та кайтты. Бойы өсіп, буыны катая түсіп, он сегіздегі жігіт болды. Қыс ортасы ауыш, февральдың ішінде, үсті-үстіне төпеп қар жауыш, Қызылжар айрықша сұйтты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды. Айдың аяғына таман ішкі Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жыныраш шакырым жердегі шөпке, Мұқанның қасына төрт шана косып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй ішіне Мұқанның ауыр мінез, тілалғыш, тәртіп-тілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да, орынданап келуіне әбден сенді. Сондыктan:

— Митъка, (оны Масликовтың үй іші Мұқан деуді кын көріп «Митъка» деп атап кетті) мүмкіндігін болғанша шөпті тез жеткізуғе тырыс. Басқаларға карамай, шебінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, — деді қожасы.

— Жарайды, — деді тілалғыш Мұқан.

Тұн ортасы ауа жүріп кеткен шепшілер кар басқан сокпакпен журу ауыр болып аттарын болдыртып, әрен деп түсте шөпке кетті. Мұқан жаксы деген екі атты таңдал жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып таstadtы. Аяз сорып, әлсіrep келген жігіттер тебе болыш

кар басқан шөпті көріп үрейлері ұшты. Оның карын аршу үшін бір күн айналу керек сиякты. Жолдастары карды қай жағынан арсып, шөпті қалай тиесін көрсөп, әртүрлі тәсілдерін айттып көп тұруға айналды.

— Сүлдеміз сүйретіліп шебіне әзер жетіп едік, енді мұны арсып алу азабы шешпен бірге сүйегімізді шанаға салар, — деді тонып, жак жүні үрпіген біреуі.

— Масликовтың бір сом сексен тыны сол сүйегін үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдін бе? — деді шак денелі сары жігіт.

— Мұның өзін мына бір жерден ашу оңай болар: үйінді кардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбіне шейін, шана сыйғандай етіп, карын алсақ, төбесін басқан карды кейін көрерміз, — деп, тағы біреуі үйілген шөпті айнала басып, төбе болып кеткен карды төбесіне шығып көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті керініп тұрған бір бұрышына келді де жігінің арасына бастырықты ырғап-ырғап сұнгітіп жіберіп, инығымен кетеріп таставады. Шеп-мөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төнкеріліп түсті.

— Ой, мынау не істеді өзі... — десті, қалай ашып алудың амалын таптай, есі шығып тұрған жолдастары. Оған Мұқан жауап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып екінші кетеріп таставағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, шанасын дөғарып сүйреткен бойы жакындастып әкеп шөпті тией берді.

— Ей, сен не істеп жатырсын? Көмбе карда атты қалай жекпексін, батып кетеді ғой, — десті жолдастары.

— Менің оны өлшеп, ой тауысуга уакыттым жок. Қожайын айтты бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек. Осыдан басқа маган түктін керегі жок.

— Мына күртік кар атты кетере алмайды деп тұрмыз ғой.

— Атты кетермесе, мені кетереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой деп тұрмын.

— Соны қойшы, нан жеп, әл жинайық та, сонан кейін қалай тиеп алуды ойласармыз, әйттеуір, бала төбесін ашып, азапты женилдетті ғой, — десті, сүйнған бойларын жылдытқалы, беттерін уқалап, колын колына соғып, жүгіріп жүрген жігіттер.

Жолдастары нандарын жеп болғанша Мұқан шөпті таудай ғып тиеп болып, бастырығын тартып, жетегінен ұстап, ит шанадай сүйретіп, аттарының қастарына апарып қойды да, ол да нанын жеді.

\* \* \*

Мұқан атын жегіп, жет і-сегіз шакырымдай шыкқанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы сокқан карлы жел шеп арасын кетеріп, өнменінен итергендей тіреп, аттын аяғын кия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қаранғы тұн басталды. Мұқан шананы сүрелеп, атқа көмектесті. Айыр шаншып артынан да итеріп көрді. Шекеден аккан тери өніріне тамып, түйір-түйір мұз болып катып жатты. Қалаға жеті шакырым қалғанда бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төрт аяктап тұрып алды. Ыза кернеген шепші айырын шананың артына көмейлете шаншып койды да, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат жетек сынып бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайырылып сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша ол өліп кеткен еді. Шепші біраз демін алып отырды да, елген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып қеудесін кетеріп, шептің бастырығынан байлады да, басы кетеріліп салбырап тұрған бексерін нығына салып тұрып, шананың үстіне лактырып жіберді. Өзі бел көтергіш қайысты шанаға байлап, қалған атқа пар болып шепті сүреп, қаланың шетіне шейін алып келді. Қалаға кірген сон, ол ат та аяғын басудан калды. Оны шананың артына байлай салып, өзі жүкті сүррей берді. Ел тұрып, корасының айналасын күрей бастағанда, адам сүреткен дәу шана шөп, бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді.

Бұл алып күштің кім екенін білу үшін Масликовтың корасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шеп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалшы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

— Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы, — деп жан даусы шықты байдын.

— Жок деген атың шананың үстінде, бар атың шептің артында байлаулы, кожайын, далада қалған еш нәрсен жок, — деді бала. Кожайын өлген атты керіп:

— Шакырындар городовойды мына шошқага акт жасасын, — деді.

Екі городовой келіп:

— Сүйрет шананы, шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, — деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп полицмейстердің қорасына кетті.



1. Үзіндігі оқиға кай қалада етті?
2. Масликовтың үй іші Мұқанды қалай атады? Оларға Мұқан несімен ұнады?
3. Мұқан аязды күні кайда кетті?
4. Ол осы жолда қандай жағдайда бастап кешірді?



1. Үзіндіден метонимияға мысалдар тауып, оның аткарып тұрган қызметі туралы айтайык.
2. Үзіндіде кездесетін көмбө қар, күртік қар, омбы қар, үрінде қар, үйнде қар сынды қар түрлерінің қандай ерекшелігі барын аныктайык.



1. Мұқан мен жолдастарының арасындағы диалогті оқи отырып, оларға салыстырмалы мінездеме берейік.



1. Өлген атты көргендегі қожайының сездері мен әрекетін бағалап, пікір бердіңіз.

## Көптің көмегі

Мұқан полицмейстердің кенсесіне қарай шананы сүйрей женилгендे, оның сонынан қаланың үлкенді-кішілі жүздеген адамы шұбап бірге кетті. Городовойлар оларды серпілту үшін қанша түсін сүйтса да, жұрт оны елемеді. Балалар күртік карды қайыстай тіліп келе жатқан шананың артынан итерісп, Мұқанның ауыр жүтін женілдете түсті. Қорага жақындаған соң городовойлар шананың жанындағыларды қуып, енді бірі кенседегі бастығына кірді...

Бастық көше толған кісілерді көріп шошып кетіп:

– Бұл не үшін қаптап жүрген адамдар? – деп, жанында тұрган городовойға карады.

– Ұлы мәртебелі мырза, өзініз білмейтін не бар... Еріккен ел жаяу шана сүйреткенді қызық көріп жиналған той.

– Неге қумайсындар бұларды?..

Городовойдың біреуі елді таратада алмаған соң, солардың «дәу» туралы әнгімесіне өзі де араласты.

– Бұл, шынында, дәу... мына шөп кемінде қырық пүт. Арасына кірген қары бес пүттан қалай кем болар екен... Ал анау ат он бес пүт кайтсе де болады. Сонда 60 пүт жүкті жеті шакырым жерге жаяу сүйрекені той. Тегі жай бала емес, – деді...

Есіктен сейлей, тұлышка оранып кенсеге Масликов кірді.

– Аттарымның ішіндегі асылтұқымды ен жаксы атым еді...

– Баланстағы күны бір жұз сексен сом екен. Жалшылықпен өтеуге бұл иттін өмірі жетпейді...

– Ай, Масликов, сенде ар бар ма? Осы бала шанадағы шөпті жаяу сүйретіп келмесе, қорадағы барлық атын қырылады. Сенің орнында мен болсам осыған жұз сом берер ем, – деді жуан жұдырығын түйе сейлеген мал союшы Петька .

— Шуылдамандар, атты төлейді, — деді полицмейстер, — оған дейін ат өлтірушіге кепіл керек!

— Оған кепілдің керегі не... Тарыдан — тау, тамшыдан теніз тұрғызған кеп емес пе бұл, — деді біреу.

— Атты канша тұрады екен?

— Бір жүз сексен сом...

— Шыгарындар бір сомнан. Атты түтіл, Масликовтың әкесінің құнына жететіндегі акша жиналсын!

Жұздеген кол койын-конышына сұғынып, мә, мә десті.

Біруыс акша Масликовка ұсыныла берді.

— Осындаи мейірімдерін болмаса, ел деп кім айттар еді... — деді бір карт...

Қалған акшаны қолына ұстап шөпші бала көше толған кепшіліктің ортасында кете барды.



1. Қаланың жүзге тарта адамы көшеге не үшін шықты?

2. «Тарыдан — тау, тамшыдан теніз тұрғызған кеп емес пе бұл» деген сейлемші қалай түсінесіндер? Автор осы арқылы не айтпақ болды деп ойлайсындар?



1. Городовойцын Мұқан туралы «Тегі жай бала емес» деуін шыгармада сүйене отырып, өз сөзімізben түсіншірейік.



1. Оқыған екі үзіндінің сюжетін, ондағы кейіпкерлердің көnl күйлерін салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын *T* кестесіне салайык.

### Ұқсастықтары

### Айырмашылықтары



1. Эңгімедегі Масликовтың әрекетіне баға берейік. Шыгармада сүйеніп өз дәлелімізді ұсынайык.

2. Достар, сендерді «... Қалған акшаны қолына ұстап көше толған кепшіліктің ортасында кете барған шөпші баланың » әрі қарайғы тағдыры қызықтырады ма?



Жалшылыктан әлем таныған палуан болғанға дейін жігіт Мұқанның қандай жолдардан өткенін білгіміз келсе, «Ұлы Петрдің қаласында» атты хикаятын жалғасын тыңдайык (8-аудио).



1. Мектепке келген Қажымұқанды не танғалдырыды?

2. «Әдессіз көп күш — канатсыз дағана аққан қардың сұы сияқты » деген мектеп баскарушының сезін қалай түсінесіндер?



1. Тыңдалған эпизодтағы Дубный атты кейіпкерге мінездеме берейік.

2. Косымша ақпарат көздерін пайдаланып, Дубныйдың прототипін аныктайык.



1. Хрестоматиядан повестін толық нұсқасымен танысып, Дубный мен Мұқан арасындағы және Мұқанның өзге палуандармен карым-катаңасын бағалайық.



Мұқанның спорттын қандай түрлерін мемлекетте калай өнер көрсеткендігін білемін десек, хикаятын жалғасын оқып.

...Хат танымайтын Мұқанға палуандық өнердің ең ауырларын үйренуге тұра келді. Ең женил дегені – лом темірді мойнымен шіп, үш пұттық екі тасты екі қолымен жоғары көтеру еді. Ауырлары: он екі пұттық рельске жиырма бес адам мінгізіп пығымен көтеру, кеудесіне қойып төрт пұттық тасты балғамен ұрып уату, екі ат жеккен арбаның қайыс божысын білегіне іліп токтату, кеудесіне тақтай қойып, пар ат жеккен жүкті арбаны үстінен жүргізу. Елу пұт жүті бар арбаны тісімен тарту, оған қосымша французша күрестің алуан әдісін үйрену болды. Оның бәрін кішкене белшектен үйреніп, екі жыл ішінде шегіне жеткізу керек еді. Оған Мұқанның шыдамы жетпеді. Бойына біткен алып күшке жүктеп, уақытпен санаспады. Құні-тұні үйренетін залдан шықпай, кара терге малынып, ауырды көтеріп үйрене берді.

Қол-аяғын жарадап, жосадай қанға батқан күндері көп болды.


### Париже

Эстония, Латвия, Австро-Венгрия, Польша, Швейцарияны арадап, талай күресті көрген Мұқан әбден шынығып, жауырыны жерге тимеген атакты палуан болды. Талай палуанның атағын естіп кездесуге құмарткан болса, талай палуандарымен күресіп те, кездесіп те жүрді. Тұған даласын сағынған жігіт:

Болып естім несібем мениң түзден,  
Кім бар екен елінен кудер үзген.  
Есіме тұган елім түскен уакта,  
Жас домалап түседі екі көзден, –

деп елең айтатын болды. Денесі толысып, жасы отыздан асты. «Енді елге қайтпаса болмас», – деп жургенде, Дубный Ригадан бір топ палуандарымен келді. Оны көргенде туысқаның көргендей қуанатын Мұқанның әдеті еді, екеуі сайрандал, әнгімелерін соктырды.

– Мұқан, енді ұзамай Парижге жүреміз. Онда жержүзінің атакты палуаны тутел қатысатын болыпты. Біз күресіп көрмеген Францияның Паушины, Италияның Струменті, Австралияның Роз-Баки, Германияның Фон-Кенигі, Ганс-Каваны, Англияның Лон-Пулы, Түріктің Қара Мұстафасы, Қажығали, Индияның Прохфы,



Яп онияның Сар-Кеккі<sup>1</sup> келмекші еken. Солармен күресіп, дүниежүзілік палуандар алдында құшіміздің мөлшерін көреміз, – деді. Кездесе алмай жүрген палуандарының атын естіп, Мұқан қатты куанды. Сағынған елді де ұмытып, жүретін күнді асыға күтті...

Күрес басталды. Палуандар Париж халқына неше алуан құштің көреметін көрсетті...

Сонғы екі палуан осындағы ауыр заттарды көтере келіп көпшілікке құштерін көрсетіп өткеннен кейін, басында айыр калпағы бар, үстіне ала жібек шапан киіп, жалпылдақ жұнді үлкен айыр өркеш атанға мінген біреу шыкты. Бұл көрініс Еуропа еліне Шынғыс хан тіріліп кайта келгендегі болды. Балалар шуылдал, үлкендердің сокқан колдары онын аты-жөнін айтуга да мұрша бермеді. Отырғандар орындарынан тұрып, бірінің нығына бірі асылып, таныркай қарап, көпшіліктің дүбірінен цирктиң іші дауыл сокқандай болды. Бірақ онымен палуанның жұмысы болмады. Түйеден түсे қалыш, оның алдынғы екі аяғын балтырымен қағып жіберіп:

– Шөк, – деді. Иығынан қапсыра ұстап, тұқырта баскан құдіретті қол атанды «мынқ» дегізіп, шөгеріп таstadtы. Жундес сирактарының бүкtesіне кайысты іліп жіберіп, бауырына салған мықты қайыстан ұстап, түйені өз нығына қағып салды да, көтерген бойымен циркten қайта шығып кетті. Көзін қадап, анталап тұрған жұрт қалай көтеріп әкеткенін де білмей қалды. Палуанды қайта шакырған көпшіліктің үні цирктиң ішін жаңғыртып жіберді.

<sup>1</sup> «Бұл адамдардың аттары Кажымұқанның өз айтуы бойынша жазылған», – дейді автор.

— Қайда әлгі алып? Шақыршы өзін, анықтап көрейік! — деген дауыстарға:

— Сабыр етініздер, келеді казір, — деп бұлықты басқарушы.

Қайта көруге асығып, есікке қарай үнілген ел палуанның ак калпағы көріне бергенде-ак, колдарын соғып ширктің ішін барабанның шанағындай гүрсілдедті.

Ағаштың үтіндісін тесеген орталық аланға әкеліп салған тектайды сүйемдей жерге батыра, арбаны тісімен тартқан алып ортаға келіп тұра қалды. Арбаға жабылған ак жабудың төрт жағына бірдей етіп төрт тілде карамен жазған жазу бар.

«Арбаның салмағы жетпіс бес пүт» деген жазу айқын көрініп тұр.

— Шығыс Еуропаның үздік атағын алған Россия палуаны Мұқан Мұнайтпасов... — деді басқарушы.

— Бұл орыс емес, — манғул ғой өзі... — деген дауыстар тұс-тұстан шықты.

— Я, не мангул, рус, из казахской степи, — деді коныр дауысты палуан. Музика жайлап алуан түрлі үнмен ойнай бастады да, үн ырғағымен орыс палуандары өнерлерін көрсете берді...



1. Қажымұкан қандай спорт түрлерімен шұғылданы?
2. Осы эпизодта автор палуанды қандай етіп сипаттайты?
3. Ол жүртшылықты несімен таңғалдырды?
4. Қажымұканның қандай арманы болды?
5. Егер Қажымұкан XXI ғасырда әмір сүрсө, спорттың қандай түрлерімен айналысадар еді деп ойлайсындар?



1. Шығармада кездесетін кала, мемлекет аттарын анықтап, тәмендегі сызбаны толтырайык.

Қажымұкан болған қалалар мен елдер	
Мемлекеттер	Қалалар

2. Үзіндіде кездесетін көркемдегіш күралларды тауып, жазушының оларды колданудағы мақсатын анықтайык.
3. Өзімізге ерекше ой салған оқиға туралы жұбымызбен ой белсейік.



1. Үстазымыздың көмегімен Қажымұкан мен бүтінгі казак спортшыларының жағдайын салыстыра отырып, тәмендегі сұраптар төнрегінде ой белсейік.
  - Қажымұканның жетістікке жетуіне қандай қасиеттері көмектесті деп ойлайсындар?
  - Бүтінгі палуандарга керек басты қасиеттер деп нені атар едіндер?
  - Қажымұканның бойынан казактың жігітіне тән қандай ерекше қасиеттерді байқадындар?

- Қазақстанды әлемге танытып жүрген қандай споршыларымызды білесіндер?
2. Повестің алдынғы белімдеріндегі Мұқан мен кейінгі белімдердегі Қажымұқанды (сырт келбеті, мінез-құлқы, іс-әрекеттері) салыстырып, палуанның есу жолын көрсетейік.



### Зерттеік!

1. <https://www.youtube.com/watch?v=hHBF6QEsnfs> сайтынан «Қажымұқан Мұнайтпас» атты деректі фильмін көріп, хикаятағы оқиғалармен салыстырып, зерттеу жасайык.

2. Қажымұқанның:

Каласын кездім талай дүниенін,  
Таныттым мені туған казак елін.  
Үстімнен жүкті автобус жүрген уакта  
Сонда да қайыспаган қайран белім, –

деген өз айтканын негіз ете отырып, палуанның ерекше өнерлері туралы акпараттар жинап, достарымызбен бөлісейік.



- Палуан неліктен: «Я не мангут, рус из казахской степи», – деді? Қажымұқанның осы сезіне тарихи түрғыдан баға берейік.
- Калай ойлайсындар, Қажымұқанның енбегі толық бағаланып жүр ме? Қазак палуаның танытуда әлі де қандай іс-шаралар жасау керек деп ойлайсындар?
- «Сейле сурет» айдарымен берілген суреттерді Қажымұқан палуаның өмірімен байланыстырып сөйлетеік.



Өміре Қашаубаев пен Қажымұқан



Шымкент қаласындағы Қажымұқан ескерткіші



Қажымұқан «Алаш» партиясы мүшелерімен бірге.

Оңнан солға қарай отырғандар : А.Байтұрсынұлы, М.Жәкежанұлы, К.Жанатайұлы, Т.Абайұлы, Ж.Әтікеұлы.

Оңнан солға қарай түрегеліп тұрғандар : Ж.Балғынбайұлы, М.Дулатұлы, К.Мұнайтпасұлы, С.Кадырбайұлы, Е.Омарұлы. Семей, 1918.



1. «Осы біз Қажымұқанды білеміз бе?» деген тақырыпта шағын ойтолғау жазайык.
2. «Мен таныған Қажымұқан» атты тақырыпта әдеби эссе жазайык.

#### Артық болмас білгенін

- Қажымұқан – дүниежүзілік көлемдегі тұнғыш кәсіби казақ спортшысы. Ол Еуропа, Азия, Оңтүстік Америка елдерін шарлаған. Өлемінің 28 мемлекетінде күресіп, 56 медаль пеленген.
- Қажымұқан «Ямагата Мухунурі», «Мухан», «Іван чёрный», «Қара Мұстафа» деген лакап аттармен күрескен. Өйткені ол әлемдік спортта орыс балуандары сапында өнер көрсеткен.
- Қажымұқан Ыстамбұлда атакты түрік палуанын женип, түрік байдарынын ризашылығына бөленеді. Сейтіп, олар палуанға құрмет ретінде қаснетті Меккеге қажылыққа апарады. Қажылықтың шарттарын түтел орынлаған Мұқан сол себептен де Қажымұқан атаныпты.
- Қажымұқан жетпістен асқан шағында да үстінен адам толы жүк көлігін еткізіп өнер көрсеткен.
- Соғыс басталған кезде Қажымұқан екі жылға жуық жүріп ширк өнерін көрсетіп, 1944 жылы осы шоулардан жиналған акшаға үшак сатып алғып, оны А.Иманов атымен атауды өтініп. Женіс корына аударды.
- Профессор Әуелбек Коныратбаевтың дерегі бойынша оның салмағы – 174 кг, бойы – 195 см, аяккімі 54-өлшем болға н.

<http://zhasorken.kz>

## Шығармашылық зертхана

Соғыс ардагері, халқымыздың көрнекті қаламгері Қалмақан Әбдіқадыров өмірінің соңғы жылдарын өзі туып-өсken Қызылорда өніріндегі Шиелі топырағында өткізді. Бір жолы Қ.Әбдіқадыровқа редакторымыз Д.Смайлов: «Қалеке, Әлем әдебиетінің алтын қоры «Мың бір тұнды» қайдан тауып, қалай аударып жүрсіз?» – деп сұрады.

Қалмақан аға сәл жеткірініп<sup>1</sup> алып, әңгімесін бастады.

– Шырақтарым, осы кезге дейін тіршілігімде қырық бестей кітабым шыққан болса, солардың ішіндегі шоктығы биігі – «Мың бір тұн» ғой. Төрт томға лайықтап аударған бұл аудармаға талай өткелден өтіп келдім. Менің ең бір бақытым – он жасынан бастап арабша және парсыша сауатымды ашқандығымда. Бұған тікелей әсер еткен жағдай – әкемнің Тәшімбет деген сопы досының қолында кішкентайымнан қолбала болғандығымда. Негізгі кәсібі қәуап пісіріп сату болса да, әдебиетке жаңы құмар адам еді. Оның қолына түскен соң арабшаны да үйреніп, Тәшекең жинаған қиссаларды оқып естім. «Мың бір тұннің» аңыз-әңгімелерін де алғаш сол кісіден естідім. Арман алғашында содан бастау алды. Есейе келе осы қиял жүзеге асты деп білем<sup>2</sup>.

### Кері байланыс: «Зерде»

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесін оку барысында алған акпараттарымызды тұжырымшап, өз жетістігімізге бага берейік.

**Білім** – такырып бойынша алған акпараттарым.

**Эмоция** – сабактағы көніл күйім.

**Бага** – жетістігіме беретін бағам.

**Сын** – өз бойымда нені дамытуым керек?

**Идея** – маған келген жана ой.



<sup>1</sup> Жеткірініп – тамағын көрнеп, қырнап, жөтелінкіреп деген мағынада.

<sup>2</sup> Сопыбеков А. Қалмаканның хаты. «Ана тілі» газеті. 8 мамыр, 2008.

# ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҰНҒАН ҰЛЫ ҰФЫМ

Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын корғау үшін төгілген елшеусіз қаны мен терінің өтеуі.

Тәуелсіздік – кешегі батыр бабалар өситеттей Қазақстанның қасық қаны қалғанша корғау жөніндегі әрбір азаматтың қайсар шешімі.

*Нұрсұлтан Назарбаев*



## ТӘҮЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҮНГАН ҰЛЫ ҰҒЫМ

«Тәу елсіздік – қасиет түнган ұлы ұғым» тарауында біз:

- Еліміз егемендік алған жылдарда жазылған ақын Е.Жұністің «Менің атым тәуелсіздік» өлеңінен еркіндіктің кадірін тусініп, тәуелсіздіктің бағасын білуге талпынамыз.

- Қазак жастарының рухы оянған 1986 жылдың 16 желтоқсаны – тарихымызда ең айтулы дата. А.Алтайдың «Прописка» әнгімесін оқыған оқырман халық басынан өткен тарихи оқиға мен оның салдарынан хабардар болмақ.

- Тұған тіліміздің баға жетпес байлық, табылmas қазына, дертімізге дауа екендігін Р.Фамзатовтың «Ана тілі» өлеңін оқып күэ болсак, «Менің Дағыстаным» әнгімесінен тұған жерге деген сағыныштың қашшалықты терен сезім екендігіне тағы бір көз жеткізем із.

### ЕРЛАН ЖУНІС (1984 жылы туған)



Ерлан Жұніс Төсбайұлы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы мемлекеттік «Дарын» сыйлығының пегері. Ол Алматы облысы, Жамбыл ауданында 1984 жылы дүниеге келген. Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетін бітірген.

Е.Жұніс 2001 жылы «Абай оқуларының» Бас жүлдесін немделген. 2006 жылы Халықаралық «Шабыт» фестивалінде Президент Кубогі мен Гран-при және 2009 жылы Баянауыл такырыбында жазған «Үздік журналист» Алтын белгісін алған.

Әдебиетке 2000 жылдардан кейін келген жас ақын Е.Жұністің патриоттық, философиялық, тарихи тақырыптарға жазған көптеген елеңдері бар. Мысалы: «Отан», «Қара шаңырак», «Дала – жүрек» және т.б. Ақынның алғашкы жыр жинағы «Жыр – перзент» деген атпен жарыққа шыққан (2001). «Кпелі түндердің дүғасы» (2011), «Twinbook» форматында (Егіз кітап. А.Елгезековпен бірге, 2014), «Үміт жырлары» (2014), «Арманшыл таннның бұлттары» (2017) атты кітаптары жарық көрген.

Ерлан Жұніс «Қазак әдебиеті», «Айқын» газеттерінде, Жазушылар одағында әдеби консультант қызметін атқарған. Қазіргі таңда «Тәуелсіздік. Әдебиет. Жастар» (ТӘЖ) әдеби-интеллектуалды клубының жетекшісі.

**«Менің атым тәуелсіздік» өлеңі**

АНДАТПА

Достар!

- *Тәуелсіздік* леген сөзді естігенде қандай сезімде боласындар?



«Менің атым тәуелсіздік» өлеңін оқың.

Алып корғанның құлағанын көрдім,  
Небәрі алты жасымда,  
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,  
Бастарын сүйеп гасырга.  
Алып таулардың шайқалғанын көрдім,  
Алты жасымда соны ұқтый:  
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,  
Кіп-кішкентай халықтын.  
Алып кітаптар торықканын көрдім,  
Сол сәтте-ак одан безінгем,  
Алып ойлардың қорықканын көрдім,  
Ең бір нәзік сезімнен.  
Алып сағаттар токтағанын көрдім,  
Өлшенді уақыт жаңадан,  
Алып жүректер акталарын көрдім,  
Алты-ак жасар баладан.  
Алып күрліктар тенселгенін көрдім,  
Темір бұғаулар тозғасын,  
Алып зандардың кемсендіеуін көрдім –  
Імперияның көз жасын!  
Алып мұхиттар толқығанын көрдім,  
Бір тамшы суга байланып,  
Алып тәждердің балқығанын көрдім,  
Елтанбаларға айналып.  
Алып мұсіндер кираганын көрдім,  
Сұлаған жаудай жебеден,  
Алып саналар жиналарын көрдім,  
Тұрғызу үшін жана әлем!  
Құрыштардың да шірігенін көрдім,  
Сен боса, болат, тас егіл!  
Темір шымылдық түрілерін көрдім,  
Сахнага шықты жас өмір!  
Алты жасымда!  
Жылаған жоқпын, сұраған жоқпын анамнан,  
Сол күні жана әнұран айтып оралған,  
Сол түні неге үйықтамай маған бір аныз айтып шыққанын

**Тірек сөздер:**

- ✓ алып
- ✓ халық
- ✓ уақыт
- ✓ алты жасар бала
- ✓ тарих
- ✓ темір бұғау
- ✓ бодандық
- ✓ тәуелсіздік

Ұл жайлы Күннен жараган.  
 Тұсінбесем де тыңдаймын,  
 Онсыз да оны жесірлік салған жасытқан еді мұн-қайғы.  
 Көзінің жасы сейлеген түнді үкпасам да,  
 Аныз ұнаған

Жараган Күннен Ұл жайлы!

Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:  
 Сен тұсін, дәуір, сонау бір қанды жыл кешір!  
 Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте  
 Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.  
 Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездікті,  
 Ұстатқан калам, ұстаппады ол кездікті,  
 «Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,  
 Көп сейлеген жоқ. Сөз бітті.

Ал бүтін, енді,

Тарихты өзім білемін,  
 Жолдарды сезем жонаркамменен мынжылдар өткен ұлы елім.  
 Ұлылық жайлы ойлайды басқа,  
 Жап-жас шак  
 Ұлы корғандардың күйреуін көрген жүрегім –  
 Алты-ақ жасында акырын көрген алыптың!

Тәнелсізлік ше?

### Сөзсүрү



**Торығу** – адамның жабырқауы, жабығуы, мұнауы, сарыуайымға түсүі

**Бодан** – бағынышты, тәуелді, бір елдің отары деген мағынада.

**Бұғау** – еркі, құқы жоқтық, құлдық, басыбайлылық.

**Кездік** – мүйізбен сапталған пышақ. Кездік былғарыдан, қайыстан немесе көннен жасалатын болған. Ертеректе жауынгерлер, аңшылар мен малшылар ұстаған.

### Жас ғалымға көмек

**Кейіптеу** – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жануарларды немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы: «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп аталады», – дейді.

Мысалы: Абайдың «Қыс» атты өлеңінде қыс мезгілі мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген. М.Жұмабаевтың «Жел» деген өлеңінде желді мазасыз, дамыл алмай жүгіріп журген тентек бала кейпінде кескіндейді.



1. Өлең не туралы? Ақын осы өлең арқылы не айппақ болды деп ойлайсыңдар?
2. Тірек сөздерді колданып өлең жолдарының негізгі шеясын макал-мәтел, канатты сөздермен түйиндейік.
3. Бодандық, бұғау, кісен, темір шымылдық, құлдық сөздерінің синонимдерін тауып, мағынасын түсініп алайык.
4. Өлең жолдарын бірінші жактан мазмұндаңдар.
5. Сендердің ойларынша *тауелсіз* ет деген кандай ел?
6. Тауелсіздікке арналған кандай өлеңдерді білеміз?
7. Ақын өлеңін жаттап алайык.



1. Төмендегі сызбаны өлеңдегі *алып* сезімен байланысты сөздермен толькытайық. Екі топқа белініп, сөз тіркестердің мағынасын талдаң, түсіндерейік. *Улғи*: Алып корған тіркесі. Біздің ойымызша, ақын *алып* қорған деген Кенес Одағын айттып отыр.



2. Ақын неліктен *алты жасар баға*, *алты жасында* деген сөздердің кайталануынаны? Автордың алты жасында Қазақстан өмірінде кандай тарихи оқиғалар болуы мүмкін?
3. «*Алып тұлғатар жылаганын көрдім, Бастарын сүйеп гасырга*» деген жолдардың мағынасын түсініп, *тұлға* сезінің баламасын табайык. Осы тіркесті кімдерге қатысты колданууга болатыны туралы ақылдасып, мысалдар көлтірейік.
4. Төмендегі сызбаны пайдалана отырып, өлеңдегі автор бейнесі мен авторлық ұстанымының калай көрінетіндігін анықтайык.
5. Ақын колданған көркемдегіш құралдарды анықтап, мысалдар көлтірейік. Автордың мұны колданудағы мақсатын түсіндірейік.
6. «*Темір шымылдық түрілерін көрдім, Сахнага шықты жас өмір!*» деген жыр жолдарын калай түсінеміз? Тарих пәнінен алған білімімізді пайдаланып, осы жолдардың мағынасын ашайык.

Автор еткен оқиғалардың калай есіне алады?  
 Автор тауелсадының неге балайды?  
 Автор тауелсіздікке не күтеді деген ойтасыңдар?



### 1. Ерлан Жұністін:

...Алып мұсіндер кираганын көрдім,  
 Сұлаған жаудай жебеден,  
 Алып саналар жиналарын көрдім,  
 Тұрғызу үшін жана әлем!  
 Құрыштардың да шірігенін көрдім,  
 Сен боса, болат, тас егіл!  
 Темір шымылдық түрілерін көрдім,  
 Сахнага шықты жас өмір! –

деген шумагын ақын Калкаман Сариннің:

Еркіндігім,  
Каспеттім,  
Кастерлім,  
Өзін барда өзегімде жок шер-мұн!  
Кеше сениң келбетінді арманғыш,  
Боданына бұғауландық басқа елдін.  
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,  
Аналардың жанарына жас бердін!  
Уа, Еркіндік, қош келдін! –

деген жыр жолдарымен салыстыра оқынык. Ақындарда ортақ ой бар ма?

2. Тарих пәні мұғалімінің көмегімен Казакстанның 1986 жылға дейінгі және Желтоқсан көтерілісінен кейінгі жағдайын салыстырайық.



1. Қалай ойлайсындар, еркіндіктің күнын өлшеуте бола ма? Сендер еркіндікті қалай, немен бағалар еліндер?
2. «Мениң алты жасымда» деп бастап, өзіміздің алты жасымызды сезімшерімізді елендегі кейіпкердің сезімімен, оймен салыстырайық.
3. ... Тәуелсіздік ше?

Ол – менің тегім,  
ұлдарыма оны дарыттым.

Тәуелсіздік – мен,  
ол – менің асқақ аңызыым,

Болмысы ол ұлдың өзінен тұган, Жарық, Күн! –

деген жыр жолдарына катысты өз көзкарасымызды темендеңі сұрақтарға жауап берे отырып білшірейік:

- Тек, болмыс деген сөздерді қалай түсінеміз?
- Біз өз тегімізді білеміз бе?
- Ұстазымыздың көмегімен тексті, тексіз деген сөздердің мағынасын түсініп, осы ұғымдарға катысты өз пікірімізді білдірейік.



1. Боздақ, бодандық, тарих, тәуелсіздік сөздерінің мағынасын түсініп, осы сөздерді катыстырып «Тәуелсіздікті сактап қалу үшін не істеуіміз керек?» деген такырыпта сынни хабарлама жасайык.

2. «Тәуелсіздік және менің отбасым» атты такырыпта әдеби эссе жазайык.

### Шығармашылық зертхана

Егер ақындығына келсек, Ерлан – таза лирик, мен тіпті мөлдір лирик дер едім. Бұл жағынан ол испан ақындары Хименес пен Гарсиа Лоркаға ұқсайды. Оның сейлемдері мен бейнелері аудан бөлініп, сол күйінше қағазға түсетін сияқты.

Әуезхан Қодар

[https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_auezkhan\\_kodar\\_blog](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_auezkhan_kodar_blog)

### Артық болмас білгениң

*Достар, алты жасар баланың сезімі мен арманын шынайы көрсөткін қазақша қандай көркем фильмдерді білесіңдер? Егер білмесеңдер, «Алты жасар Алтамыс» («Алтамыс мектепке барады») атты фильмді көргөз көңес береміз.*

Өліппесін күшактап алып, ауыл балаларымен бірге мектепке барғысы келетін Алтамыс балакай туралы киноны көрмеген жаң жоқ шығар. Фильмнің жарыққа шықканына қырық жылға жуық уақыт өтсе де, ол өз көрерменін жалыктырган емес. Себебі, бұл фильм өтіріктен аулак, тұнық сезімдерге толы.

1977 жылы Рига каласында өткен Бүкілоддактық кинофестивальда бұл фильм бас жүлдөн женіп алды. Аталмыш фильмнің режиссері – Абдолла Қарсақбаев.



### Кері байланыс: «Білім кемесі»

Кеме желкенін сәйкес түске бояп, тақырып бойынша өз жетістігімізге баға берейік.

**Жасыл түс** – толық түсінік пен белсенділік.

**Сары түс** – кыныңдық пен толқыныс.

**Қызыл түс** – түсініксіздік пен аландашылық.



### АСҚАР АЛТАЙ (1963 жылы туған)

А.Алтай 1963 жылы 12 акпанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан каласында дүниеге келген. 1984 жылы Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университетін бітірген.

Асқар Алтай – әңгіме жанрына түрақты түрде араласып жүрген жазушылардың бірі. Оның «Қыр мен қала хикаялары» атты повестер мен әңгімелер жинағы (1998), «Алтай новелласы» атты прозалық жинағы (2001), «Казино» әңгімелер жинағы (2008) жарық көрген. Жазушының «Тараншы Жолбарыстың сатқындығы» (2001), «Кентавр» (2002), «Альпинист» (2004) және т.б. әңгімелерінен мазмұндышқы ерекшеліктер байкалады.

«Қызыл бөлтірік» кітабы Халықаралық Сорос корының бас жүлдесін женіп алған (1997).

ХХ ғасырдың сонындағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің күғін-сүргінін көрген жазушының «Сібір офицері» мен «Прописка» әңгімесіне кеңестік жүйенің ыдыра уына, қазақ елінің тәуелсіздік



алуына себеп болған Желтоқсан көтерілісі негіз етіп алынған. «Прописка» әңгімесіндегі Арқаттың прототипі Аскар Алтайдың өзі<sup>1</sup>.

«Қызыл бәлтірік» кітабы (повестер мен әңгімелер, 1997) Халықаралық Сорос корының бас жүлдесі – грантын женип алған. А.Алтай – Қазақстан Жазушылар одағының Жастар арасындағы прозашылар форумының (1989, 1990), Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.

### «Прописка» әңгімесі



Достар, әңгіме эпиграфында автор: «Желтоқсанда із-түзсіз кеткендердің руҳына бағыштаймын», – дейді. Қалай ойлайсындар, желтоқсан мен прописка сезінің арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Қаламгердің не айтпак болғанын білмек үшін әңгіменің үзіндісін оқыңыз.

#### Тірек сөздер:

- ✓ аяз
- ✓ автобус
- ✓ жолаушы
- ✓ бес жұз сом
- ✓ прописка
- ✓ желтоқсан
- ✓ боран

Күн ұзарған, түн қыскарған көкектің кәрі қыздай қылтын-сылтын басы. Өскеменнен түсте шықкан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ак шығуға бел байлаған. Көкек келсе де, наурыз жылымының қайырма қызыл шұнағы қала ішин дірдек кактырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзак жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай кек мұз. Алды-арты бірдей тартатын шағын сары автобус ішіндегі азғана жолаушыларды селкілдете ұрып, соқтырып келеді. Күн аяздан шаңытып тұр. Автобустағылар өзді-өзімен шүйркелесіп, кайсыбірі жорта калғыш отыр. Жолаушылар арасында нәресте күшактаған жас келіншек қынқылдаған сәбін уатумен әлек. Ен артқы орындықта отырған Архат олардың іс-әрекетіне көз жіберіп, көнілсіздеу күйде көзін жумған.

Ұйыктайын деп ойлаған, бірақ көзі ілінбей-ак койды. Амалсыз қырау тұрған терезеге таянып, ыстық демімен алақандай жерді ерітіп тыска үнілді. Ұлан асуына кетерілер тұстағы тау ішіне дендеп енген екен бұлар. Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере кар. Алты ай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы. Өлі дүниедей. Бойында бірақ белгісіз бір сес бар... Өзі кеше ғана аттанған Алматыны еске алды. Көкек астанада күшіне еніп, қызуы қоламтадай жұз шарпығалы Алатаудың да биік бауырындағы қалын кар лас лайсанмен апыл-ғұп ыл аттанып кеткен еді ғой...

Ұйыктайын деп ойлаған, бірақ көзі ілінбей-ак койды. Амалсыз қырау тұрған терезеге таянып, ыстық демімен алақандай жерді ерітіп тыска үнілді. Ұлан асуына кетерілер тұстағы тау ішіне дендеп енген екен бұлар. Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере кар. Алты ай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы. Өлі дүниедей. Бойында бірақ белгісіз бір сес бар... Өзі кеше ғана аттанған Алматыны еске алды. Көкек астанада күшіне еніп, қызуы қоламтадай жұз шарпығалы Алатаудың да биік бауырындағы қалын кар лас лайсанмен апыл-ғұп ыл аттанып кеткен еді ғой...

<sup>1</sup> XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001–2011 жж.). Ұжымдық монография. Алматы: Арда.

Суыр малақайын кеңжелкесіне ысырып, автобустын қабырғасына шалқая отырып Архат ойға батты. Жолаушылар автобус іші жылы болса да қымтана түсіп, күбір-сыбырлары азайған. Кедір-бұдыр сүргіленген тактайдай тасжол іші-бауырды солқылдатып, адамның зықысын кетіре лок-лок ұрып кояды. Жол ұзак. Кемінде алты сағат жүру керек. Адамды отыра беруден кажытып-ақ жіберді. Жеткенше зарығып боласын!.. Бұл Куршімге асырып та келеді. Туган жеріне жеті жылдан астам уақыт өткенде оралды-ау бұл. Эне келем, міне келем деп жүріп, өмірдің ағымымен келе алмаған. Жол түскені – бүгін. Онда да төрт ай бойы сергелденге түсіріп, құрдастары «сергелден сері» атаған паспортка отыру мәселесі болмаса, әй, келе коймас еді. Тірлік деген сол.

Мұнда бірақ ұзак болмас. Ары кетсе – үш ай. Екі қолға бір жұмыс: табылса – женіл-желі кызмет, табылмаса – кара жұмыс. Көнілге демеу. Шірікаякта тұратын үлкен ағасы, сонын үйінде тұрмак. Ол да ауру: әйтеуір, ептеп-септеп елмен бірге күн кешіп жүр. Женгесі орысша өскен, шайпау болатын. 1979 жылы жазда әкесі қайтыс болғаннан кейін бұл аға-іні, жалғыз анасымен Алматыға көшкеннен бері тұнғыш көргелі отыр. Қазір екі баланың анасы, бәлкім езгерген де шығар. Арасласпай кеткелі де қай заман: аттай жеті жыл... Аға-женгесі бірақ сыртқа теппес. Бауыры ғой. Басына іс түсіп келеді ғой, басқа қайда барады? Қаны емес пе?! Қайдам, ондай қылыш танытуы да ғажап емес. Қазір екі туып, бір қалғанына да қигаш қарайтын болып кетті ғой. Егер ауырсынып жатса, ен көбі бір кластасының үйінде пәтерге тұрап. Ер жігітке сол да сын болып па? Ен бастысы – паспортка «пропискаға» отырып, бес жұз сом ақша тауып, Алматыға кайту. Ағасы, әрине, бес жұз сомды бере алмайды. Ол – анық... Осы бір бес жұз сом болмағанда, Алматыға кызметке орналасып-ақ кетер еді. Бәрінен де төрт ай бойы сергелденге салынғанын айтсаншы. Сол бір Желтоқсанның бүрқағы болмағанда, күда да тыныш, құдағи да тыныш, Алматыға іргелес ауылына паспортқа отыра кояр еді. Сол бір сүмдік кетеріліске тайқы мандайы тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалын тұманда адастып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары армиядан «запастағы офицер» болып оралған мұны да қарыды ғой. Ақыры, астана түгілі, манындағы өзі тұрған ауылға да тұрактай алмады.

Тұрактатпады ғой... көрші-қолаң «желтоқсаншы» екен деп шыгармағанда, ал Николай бригадир мұның тұган ағасы Даурениен өшін бір алуға қолайлы сәт туды деп: «Інісі әскерден келе салып 17 желтоқсаннан 21-іне дейін үйінде қонған жок. Ел «декабристермен бірге Алматыда болыпты» деп жүр... Анық -канығын аныктаныздар!

Ағасы коммунистік партия мүшелігіне кандидат болса да «сенімсіз адам», інісінің іс-әрекетін жасырып отыр. Тексерініздер!» деп «донос» жазып, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер орнына жазбағанда құйрығына калжуыр байланбаған болар еді. Өкініш жок, бірақ көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейлеп ертіп барып тұрып катысты. Тақты да жеді... жегізді де! Көнілде ғана әлдекандай алан, шарасыздығына налу ғана бар. Ал органдағылар Қаскеленде тергеп-тексеріп үш сағат ұстады. Дәлел болмағандықтан коя берді. Ана бір Базиев деген капитан, өзінің ұлты балқар екен, сол қол ұшын берді... Иә, енді, міне.. .


### Жас ғалымға көмек

**Монолог** – кейіпкердің көшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, есiet-уағызы. Сөз енерінде жи қолданылатын монологтер кейіпкердің ішкі жай-қүйін, сырт ортасын өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады.

**Диалог** – екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогте сұрақ қою арқылы сұхбаттасуыш өзі күткен мәліметті ала алады.



1. Тобымызben бірлесе отырып, төмендегі сұрақтарға жауап берейік:
  - Эңгіме кейіпкері кім?
  - Ол не үшін жолға шықкан еді?
  - Оқиға қай мезгілде, қай жерде өтеді? Кездесетін жер-су атауларын Қазақстан картасынан тауып көрсетейік.
2. Көкек, жылтымық, сірге, ат құлагы көрінбес боран, амбы қар сөздерінін мағынасын білеміз бе?
3. Архат кандай тарихи оқиғаларды есіне алады? Ол оқиғалар туралы не білеміз?



1. Ұстазымыздың көмегімен *паспорт, пропискага отыру, коммунистік партия, Ішкі істер, орган сөздерінін мағынасын түсінейік*. Олардың кейіпкер тәғдірына кандай катысы барын аныктап айтайык.
2. Ұзіндіде кездесетін көркемдегіш құралдар мен тұракты сөз тіркестерін тауып, олардың кандай қызмет атқарып тұргандығын аныктайык.
3. Тарихтан білетінімізді пайдаланып, автордың *желтоқсанның бұрқагы, желтоқсанның ызгары, декабрист, желтоқсанның сөзі мен сөз тіркестері* арқылы не айтпақшы болғанын түсіндірейік.
4. Архат не себепті туған жеріне жеті жылдан кейін оралды? Кейіпкердің іс-әрекеттері арқылы оған мінездеме берейік.
5. Осы үзіндіге ат койып, шығарма сюжетін екі-үш сөйлеммен түйинделеп айтайык.



1. «Бойында бірақ бейтісіз бір сес бар...» деген жолшарды қалай жалғастырап едіңдер? Окнға желісін өзіміз жазып көрейік.
2. Архаттын іс-әрекетіне сүйене отырып, оған өз тарапымыздан мінездеме жазайык.



Әңгіменің жалғасын әрі карай оқынык.

...Кенет сары автобус бір жағына қиқан ете лықси беріп, бір жамбасына карай ошарыла құлады. Бағанадан бері сыр білдірмей шыдап отырған жұрт у-шу болған күйде сол жактағылардың үстінен ауды. Сол қабырғасына қисая құлаған автобустың моторы өшіп, едені көтеріліп кеткен. Үлкендер мен кыз-келіншек, әйелдердің улап-шулған даусын баса, капот үстінен мойнын соган шофер ақырып жіберді: «Токтатындар паниканы! Жігіттер, мен есікті ашамын казір, басқалардың шығуына көмектесіндер! Автобусты тезірек тұрғызып алудымыз керек. Қар басып қалса, қайран болмай қалады. Давай, жігіттер!»

Артқы есік ашылған бойда тыстағы боран ішке лап койып, аждаһадай үйтқып ала жөнелді. Қарындаі қырындап қалған есіктен қүйылған кар Архаттын да ашық өніріне сау етіп, мойны мен алқымын мұздай карыды. Архат бірінші болып қырынан жаткан автобустың үстіне көтерілді. Ат құлағы көрінбес боран орай да борай борап, екпінімен қанбақ құрлы көрмей жұлып түскісі бар. Тыска тағы бір жігіт шықты. Қалғандары іште. Іштегі жігіттер көмектесіп, жолаушылар көкке қарап қалған жылы автобустың есігінен біртіндеп шыға бастады. Ең сонынан шофер көрінген.

Жас балалы келіншек пен үш-төрт картан әйелдерден басқалардың бәрі де шофердің айтуымен автобусты аяғынан тік тұрғызуға кірісті. Алдымен он жак дәнгелектер көтеріліп кеткен жолдың сорабы екі тік күрекпен жанталаса тазаланды. Бұған төрт жігіт тартылған. Автобустың ұзына бойы белуардан ойылды. Ондағы мақсат: бір қырынан жаткан автобусты түзеген кезде төрт дәнгелегі тен басуы үшін. Іле-шала қисая қырындаған автобустың сол жағынан омың карды тізеден кешкен отыз шақты адам жабыла ырғып, шофердің айтқанындаі өз орнына дік еткізді. Қожанасырдың моласындаі қисайған көлік қалыпка келісімен, бәрі де куаныса қауқылдастып, жабық есік аузына жақындағы. Шофер есікті ашып, жолаушылар ішке еткен. Машина оталмаса да, шофер Архат пен тағы бір жігітке автобустың алдын аршуды бүйірді. Ол екеуі лып ете түскен. Эп-сэтте үйкүтін боранмен арпалыса тазалаған болып, қайта ішке енди. Шофер автобусты оталдыра коймапты. Капотты ашып тастап, әлденені шұқылап жатыр. Іші бағанағы жумак жылуынан айрылыпты. Кейбіреулер аяғын резенке төсөлген еденге сатырлата соғады.

Архат шофердің касына келді. Ол төмен қарап түкшында жатып, мұның келгенін андағандай етеп қарап койды. Сосын: «Карбюраторға бірдене болған-ау деймін, шешуге тура келеді», – деді акталғандай үнмен. Архат үндемеді. Бұрылыш кетіп арт жактағы орына жайғасты. Откен жылы әскерде журген кезінде қантардағы осындаі бір оқиға көз алдына келді... Жұрт моторды уайымдаپ «Енді кайттік! Қатып қалмасақ игі еді!» деп жатқанда да, бағана алғаш үрей шакырған егде адамның тағы да «Жолға шығарда қарамай ма, қайдан ғана отырып едім, енді келмеспін бұл жакқа» деген шофердің кінәлаған дауысын жактырмаса да, Архат өз ойымен оңаша отырған. Оның ойына ешкім де, ештеңе де тосқауыл бола алmas. Адам ойы – ерікті, әй, бірақ әумесер де... Әйтпесе төрт ай бойы тепсे темір үзетін бұл сергелденге түсер ме, осы бейнетті кешер ме? Әскер катарынан келген кезде Алматыда болған Желтоқсан көтерілісіне бола «пропискаға» отыра алмай қанғырмас еді қанбақтай... Ал Архат айлас қанғыды.

Бірақ ол казір Ленинград манындағы қар жамылған калың орманда «ЗИЛ-131» машинасымен «Р-141» радиостанциясы үшін екі жігіт үш күн бойы жалғыз қалғанын еске түсіріп отырған. Совет армиясында байланыс ротасының старшинасы болған Архат әскери дайындық кезінде «ЗИЛ» моторының кесірінен Ямов деген жауынгер жолдасымен орманда қалған еді. Сонда үш күн бойы ашық аланқай ортасында үйкі-кулкісіз күні-түні от жағып, моторды жендеген. Ладогадан соққан дымқыл сұық лепке дірдектеп шыдап бакканды. Бір-ак күнде жәндейміз деген жорамал сенімдері акталмай, үш күн жатып, радиостанция ішінде қатып қалған какпыш нанды талғажау еткен. Әскери емірдің ашы-тұщысын Архат мұғалімдер даярлайтын институтты бітірген соң татты ғой. Институт бітіріп, катарынан кеш қалып барған қалай дегенмен де жаныңа батады екен. Армияның аты – армия. Оның өз заны бар: уставсыз да. Бәрін де бастан кешуге тура келді ғой... Оған да, бірақ өзі сұранып, Қаскеленде «рапорт» жазып, Ауганстан соғысына қатысам деп кеткен-ди. «Сұрап алған аурудың емі жок» емес пе?! Осы бір кызба да адал мінезінен кересіні көріп, талайына тартылмағанды өзі тілеп алып жүр ғой. Әйтпесе әскерде несі бар?

Ал әйгілі Желтоқсанның жөні тіптен бөлек. Ол үшін өліп кетсен де арман жок. Қойша қамалып, тырнаша жұлынған, кек мұз аланда жер жастанған кай жайсан кыз-жігітten жаның артық?!

Кенет шу шығып, Архаттың ойы бөлініп кетті. Әзірде ғана, жамбасына қысайған автобусты түзеуге күш салған үш жігіт малакай-ларының құлағын түсіріп, мойынорамалдарын тартып, жолаушы-

лардың «қалындар» дегеніне карамастан кетүге ынғайланыпты. Архат танырқады да қойды, басу да айтпады. Түтеген боранга бас тіксе – бара берсін сынайлы... Тұрғылықты азаматтар ғой, адаса қоймас. Адасса да Алтай өздерінікі. Паналар жер табылар. Бәрінен бұл секілді ашық күнде адаскан ашы екен... Лайым, олар адаса коймасын!

Уш жас жігіт жиналмалы есікті айқара аштыра бере тыста құтырынған карлы құйын ішке карай котарыла құйылсын. Бірақ ана үшеуі ештеңені елемегендей іле-шала шығып кетті. Олар кетісімен іштегілер жолдарының он болуын тілесіп, аз уақыттан кейін үндемей калысты. Боран баксыңай автобусты айнала асыр салып үйріледі. Шофердің қасында егделеу бір адам мен тағы бір жігіт көмектескен болып жатыр. Басқалар күдікпен күтулі: ішінде өзім де бар...

Далада бөрідей ышкына ұлыған боран, іште ызғарлы аяз. Архатты үзік-үзік ойлар жайлаған. Көnlі камырықты...



1. Жолаушылардың жаппай далага шығудағы мақсаты не?
2. Автор аязды күнді қалай суреттейді?
3. Неліктен үш жолаушы автобустан түсіп кетті деп ойлайсындар?
4. «Сұрап алған сұрудың емі жоқ» дегенді қалай түсінеміз?
5. Кейіпкердің көnlі күш қалай суреттелген?



1. Табиғат көрінісі мен Архаттың ішкі жан күйзелісін талқылайык. Өзара үндестік бар ма?
2. Бәрінен бұл секілді ашық күнде адаскан ашы екен ... Бұл жолдар арқылы автор не айтқысы келді? Жұппен талдайык.
3. Шығармадан өзімізге ұнаган эпизодтарды тауып, ондағы автор колданған ерекше тіркестерді аныктайык.
4. «Адам ойы – ерікті, әй, бірақ әумесер де...» деген пікірмен қаншалықты келісесіндер? Ойнымызды тұжырымдайык.



1. «...әйгілі Желтоқсанның жөні тіптен бөлек. Ол үшін өліп кетсөң де арман жоқ. Койша қамалып, тырнаша жұлтынған, көк мұз атаңда жер жастаңған қай жайсаң қызы-жігіттен жасың артық ?!» деген кейіпкер монологін Желтоқсан көтерілісіне катысты тарихи деректермен салыстырайык. Қалай ойтайсындар. Архат пікірінде шындық бар ма? Ой бөлісейік.
2. Кейіпкердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырайык.



Архаттың осы сәтте қандай оқиғаны есіне түсіргенін білу үшін әнгімендің үзінді тындаібы (9-аудио ).



1. Тындаған үзіндідегі диалог кімдердін арасында етті?
2. Олардың әнгімесі не туралы болды?
3. Архатты ауылға не үшін «пропискаға» отыргызбады?



1. Автор осы диалог арқылы не айтпак болды деп ойлайсындар? Шығарманың негізгі идеясын аныктайык.

2. Төмөндегі сұркартарға жауап берे отырып, кейіпкерлерге мінездеме берейік.

Архат

- Не істеген?
- Қайда келген?
- Арманы не?

Қакатаев

- Неге күмілжі?
- Неден корқады?
- Неге көмектеспейді?

Подполковник

- Архатты қалай карсы алды?
- Неден күтінеді?
- Не себепті көмектеспейді?

3. Диалогтің казақша-орысша аралас берілу себебін қалай түсіндірер едіндер? Жұбымызбен көркем шығармада өзге тілдің колданылуы турасында ой бөлісейік.



1. Архат пен подполковниктің Желтоксан көтерлісі мен оған катысушылар туралы пікірлерін салыстырайык.



1. Екі топка белініп, подполковник пен Қакатаевтың әрекеттеріне катысты шағын дебат құрайык.

1-тап. Тарихи тұрғыдан бағалап: «*Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман батса, оның замандасының бәрі виноват*» (Абай) тақырыбымен подполковниктер әрекетін актайды.

2-тап. Бүтінгі күн тұрғысынан бағалап, «*Адам бол келдім өмірге, Адам бол өту – тілегім*» тақырыбымен оларға карсы шығады.

2. «Ыстық орындық» әдісі арқылы шығармадан түйгенимізді ортага салайык.

3. Төмөнде берілген сұзба бойынша толғандырған сұркартарды жазып, жұбымызға ұсынайык. Шешу жолдарын бірлесіп іздейік.



1. Шығарманың қалай аяқталғанын қалар едіндер? Өзіндік кезқарас тұрғысынан дамыптым жазайык.


2. Шығарма желісіне сүйене отырып, кейіпкерге жігерлендіру хатын жазайык.



Оқиғаның қалай аяқталарын білу үшін әнгімені әрі қарай оқынык.

...Автобус оталалмай ызын-дызын етіп түрді да, тауды жанғырыктыра оқыс құлаған жартастай дур ете түсті. Екі сағаттай тағаты таусылып, тонған аяқтарын еденге тарсылдата тықыршып отырған халаіық та көтеріліп калған. Кейінгі төрт айдың жүзінде паспортқа тұрактанам деп талай жайға тап болған Архат ойы қалған хикаяларына қайырылып үлгермеді... Шофер жігіттің шакыруымен қасына танымайтын бір жігіт ағасын ерте сыртқа шыкты.

Боран автобусты белуарынан басып тастапты. Екі жігіт жанталаса кимылдаған. Алдынан да қарды аршип, жиырма кадамдай жол сорабын салған болды. Донғалактары орнығып қалған автобус арлыберлі ыргалып алып, қыс бойғы тығыз қарды жалдай жүріп кетті...



шешім

Сары автобустағылар Самарға сағат жетіден аса жетті. Шофер асуда бой бермей кетіп калған үш жігіт жайлы тиісті орынға хабарлады... Інір ілінген. Мұнда екі-үш адамды түсіріп тастап, екі-үш жолаушыны отырғызып алыш тартып кетті. Олар Ертіске жеткенде түн түнегі кымтап, ай тұған. Кәрі өзен үстінде аяз күшті болушы еді, бүгін, бірақ қалын қар мен көк мұзды астынан солқылдата ерітетін өлкек соғып түр екен. Әлі тусе коймаган мұз үстінен қызыл су жүріп, жылым пайда болып, жарық ай сәулесі мен көтерілген селдір бу арық майдын шарбысындай жұп-жұка перде тұтыпты.

Алып өзеннің аргы жағасы көрінер емес. Ол жакта бұларды күтіп тұрған да еш келіктің жыпылықтатқан жарығы кезге ілікпеді. Сары автобустан түскен жолаушылар кәрлі Ертісті бойлай соккан өлкек пен мамыражай жайылған қызыл суга қарап тұрды да, амалсыз автобуска енді. Жас балалы әйел жылаған сәбінін емізіп алуға жолаушылардың орын-орындарына түтел жайғасуын күтті...

Елдін артынан енжарлау енген Архат қана. Қызыл су жүріп жаткан ұлы Ертістің аргы бетіне ете алмады. Өлі мұз жібіп, жетер жеріне жеткізбеді. Өткелсіз өзенге не шара?! Бұл бір алмағайыпта Алматыға сыймаса да, атамекені Алтайна табанын тіреп, ертен-ақ ал көнілі бүрлеп шыға келер.

Жолаушылар мінген автобус Самарға көрі қайтты. Оған кекаяз тасжолға шағылған жалғыз ай ілескен. Асуда бүрқақ, өзенде өлкек соккан күбылмалы күн түнге ауысқан. Архат Күршімге күнбе-күн жете алмады. Ал бүрқакта бұланытып кеткен бұландай жігіттер сол бойы оралмады... Архат ымырт аязынан тітіркен іп койды.

### Сөзсіры

**Жылым** – 1) өзен мен көл бетінің қыстығуні қатпай, қабыршақтанып жатқан жері, терең жері, иірім; 2) теңізден балық аулау үшін қолданылатын ау, тор; 3) қамысты көлшіктердің бетінде қалқып тұратын кілегей тәрізді көк шалам.

**Шарбы** – 1) қарынның сыртындағы жұқа май; 2) селдір, сирек.



1. Үзіндіде кандай жер-су атаулары кездеседі?
2. «Елдің артынан енжарлау енген Архат қана». Неліктен?
3. Үзіндіде кандай көркемдегіш қураддар колданылған?



1. А.Алтай әңгімесінің өзіміз оқыған басқа шығармалардан кандай тілдік ерекшеліктері бар? Өзімізге түсініксіз сөздер мен тіркестерді теріп жазып, мағынасын ашайык.
2. «Әдеби лотос» үлгі-кестесі арқылы шығарманы толығымен талдайык.

Шығарма аты	Кейіпкер (портреті, мінезі, әрекеті)	Оқиға желісі	Түйінді ой	Қазіргі заманмен салыстыру

3. Берілген сұзбаны пайдаланып, шыгарма оқиғаларын ретімен орналас-  
тырып композициясын күрайык.



Оқиғаның шешімі

Оқиғаның шарықтау шегі

Оқиғаның шиеленісуі

Оқиғаның байланысуы

Оқиғаның басталуы

4. Шыгарма бойынша бізді ойландырган бес сұрак құрастырайык.



1. Е.Жуністің «Менін атым тәуелсіздік» өлеңі мен А.Алтайцың «Прописка» әнгімесінің такырыбын салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылыктарын атап айтайык.



1. «ПОПС» формуласы бойынша шыгармадаға өз пікірімізді білдірейік:

- Мениң ойымша, ....
- Біріншіден, ....
- Екіншіден, ....
- Корытындылай келе, ....

2. Ойлаудың алты қалпағы бойынша өз бағамызды берейік.



**Сүр қалпак** – шыгарма дағы акпараттарды аныктандар.

**Қызыл қалпак** – шыгармадан қандай эмоцияларды сезіне адлындар?

**Қара қалпак** – шыгарманың ұнамаган тұстары.

**Сары қалпак** – шыгармадан қандай позитивті ой түйіндідер?

**Жасыл қалпак** – бұл шыгарма сендерді қандай шыгармашылыққа жетеледі?

**Кек қалпак** – осы шыгар ма арқылы қандай шешім қабылдаудыңдар?



1. «Тәуелсіздік, тәтті үмітім едің сен...» атты такырыбында әдеби эссе жазайык.
2. «Мен азат елдің ұланымын » такырыбында үндеухат жазайык.

### Артық болмас білгенің...

Аскар Алтай шыгармашылығында жіп кездесетін *Алтай* сезінің қандай мағына білдіретінін білеміз бе?

Түркі және монгол тілдерінде *Алтай* сезі аттын деген мағына береді. Күллі түркі жұртының алтын бесігіне айналған Алтай тауын монгол халқы *Алтынтау* деп атайды.

Бір кезде ата-бабамыз ту тігіп, тутін түтеткен Алтай елкесі тағдыр талкегімен казір төрт белікке бөлінген. Устінен төрт елдін: Казакстан, Монголия, Қытай және Ресейдің шегаралары отіп жатыр.

## Кері байланыс: «Сана түнелі»

Аскар Алтайдын «Прописка» әңгімесін оқып, талдағаннан кейін сендерде қандай мәселе туындалы? Берілген жүйе бойынша мәселеңін шешімін тауып, жана идея ұсынайык.



### РАСУЛ ФАМЗАТОВ (1923–2003)

**Фамзатов Расул** – белгілі авар ақыны, Дағыстанның халық ақыны. Ол 1923 жылы 8 кыркүйекте Дағыстанның Хунзак ауданы, Цада селосында дүниеге келген. 1939 жылы Авар педагогикалық училищесін бітірген. 1941 жылға дейін орта мектептің мұталімі, театр режиссерінің көмекшісі, газеттерде, радиода журналист кызметтерін атқарған. 1951 жылдан өмірінің сонына дейін Дағыстан жазушылар үйіндегі жетекшілік еткен.



Р.Фамзатов алғашқы елеңін он бір жасында жазған. Ақынның тұнғыш өлеңдер жинағы «Пламенная любовь и жгучая ненависть» 1943 жылы жарық көрген. Ақынның барлық шығармаларының желісі – халықта қызмет ету үлгісі, үлкен жауапкершілік пен ерлікке бағытталған.

Расул Фамзатовтың жырлары казақ жүртішілігінде да жақсы таныс. «Жарық жұлдыздар», «Менің Дағыстанным» кітаптары казақ оқырманына таныс. «Тау кызы» театр сахнасында койылды. «Менің атам» бүлдіршіндердің сүйікті шыгармасы болды. 1937 жылдан жариялана бастаған «Біздің таулар», «Атамекен», «Туган жылым», «Ағаға арнау», «Дағыстан көктемі», «Жарық жұлдыздар», «Сонғы баға» жыр жинактарында, «Әкемен тілдесу», «Тау кызы», «Ананы аяландар» поэмаларында туган жердің сұлулығын, халық даналығын, ұлттық дәстүр ерекшелігін сүйіспеншілікпен жырлаған. «Жарық жұлдыздар», «Менің атам», «Тырналар» атты поэмалар мен өлеңдер жинағы, «Менің Дағыстанным» повесі казақ тілінде жарық көрген.

Ақын шығармаларында тұған өлкесінің әдемілігін, достыкты, махаббатты, халық даналығын жырлаған. «Горянка» (1958) атты поэмасында Р.Ғамзатов Дағыстанның әлеуметтік өмірін, яғни таулыктардың психологиясын, сонымен катар жастардың ескілікке карсылығын, әйел теңсіздігін жырлайды. Ол авар тіліне А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, В.В.Маяковскийдің және т.б. авторлардың шығармаларын аударған. Р.Ғамзатовтың ез шығармалары әлемнің 78 тіліне аударылған. Көптеген өлөндөрі Дағыстан, Кавказ, Ресей композиторларының назарларына іліккен. «Мелодия» баспасы бірнеше рет ақынның сездеріне жазылған өлөндерді пластинкаға, дискіге басып шығарған.

Әдебиеттегі үздік жетістіктері үшін Р.Ғамзатов Дағыстан, Ресей және әлемдік деңгейдегі көптеген мемлекеттік сыйлықтар мен атақтарға не болған.

### «Ана тілі» өлеңі

**Аннатина**

**Достар!**

- Жазушы-драматург Дулат Исабеков: «Жазушы қай тілде тұс көрсө, сол тілде жазу керек», – дейді. Ал сен қай тілде тұс көресің?

- Адам қай тілде тұс көрсө, сол тілде ойтайтын деген пікір бар. Осы пікірмен келісуге бола ма?



Р.Ғамзатовтың «Ана тілі» өлеңін ақын Саги Жиенбаевтың орысшадан аударған нұсқасынан оқып.

#### Тірек сездер:

- ✓ адам
- ✓ тұс
- ✓ қабір
- ✓ әңгіме
- ✓ Ана тіл
- ✓ авар тілі

Адам деген не көрмейді тұсінде,  
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.  
Дағыстанның кен анғары, күн ыстық  
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып,  
Жұрт тараған жалғыз мені қалдырып.  
Мен жатырмын үнсіз тұған жерімде,  
Жер болады балғын тәнім менін де.

Мен жатырмын кара жерге табына,  
Көрмейді ешкім, келмейді ешкім маңыма.  
Тек қырандар шанқылдайды шың жакта,  
Бұғылар кеп ынырсиды бір жакта.

Кетті ғой деп қыршын ғана жасында,  
Жыламайды ешкім молам басында.  
Анам кайда, досым кайда күндеғі,  
Жарым қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,  
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.  
Естідім мен осы арадан үнін де  
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын кара жерде көз жұмып,  
Мына екеуі қубірлейді сөз қылыш.  
Ғасан деген бір кісінің кұлығын,  
Әли деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сезін ана тілімнін,  
Бойым жылыш, лезде мен тірлдім.  
Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін,  
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Өзге бір тіл емдер басқаларынды,  
Мен онымен айта алмаймын әнімді.  
Егер тілім ертең болса құрымак,  
Мен дайынмын өлуге де бүтін-ак...

### Жас ғалымға көмек

**Пафос** – (грек. *pathos* – сезім, құмарлық), құлшыныс, құштарлық, асқақтық, қуатты сезім мен терең шабыт мағынасында қолданылған. Осыған байланысты пафос, көбінесе азап шегумен тоғысып, ым, ишарада, жоғары эмоционалдық сөйлеуде және т.б. көрініс береді.

- !**
1. Өлең не турали?
  2. Ақын өлеңіне қандай оқиғаны арқау етеді?
  3. Қазактар өз тілін неліктен *ана тілі* деп атайды? Қалай ойлайсындар, анамен байланысты басқа қандай ұғымдарды білесіндер? Топ болып талқылайык.
  4. Ана тіліне арналған қандай өлеңдер білесіндер?
- 
1. Өлеңнің негізгі ішегасын анықтап, ойынызды тақырыпка сай макал-мәтеддермен түйіндейік.
  2. Автордың көніл күйін кай үзіншілер арқылы көрсете аласындар?
  3. «*Балгер де емес, дәрігер де емес емдейтін, Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін...*» деген өлең жолдарында автор бейнесінің қалай көрінетінін төмендегі сұзба арқылы көрсетейік.

### Автор бейнесі

Сыртқы  
бейнесі

Іс-әрекеті

Сөзі, пікірі

Көніл күйі

Мінезі



- Ақынның осы өлеңін өзіміз билетін казак ақындарының тіл туралы өлеңдерімен салыстырайык.
- Темендең екі пікірдің біреуін ұстанып, өз ойымызды айтайық. Дәлел ретінде ақындардың өлеңдерінен үзінді көлтірейік.

Ұлтка қызмет ету үшін, ен алдымен, ана тілін білу керек

Ана тілін білмей-ак ұлтқа қызмет етуте болады

• Дәлеліміз

• Дәлеліміз

Ортақ шешім



- Ақын ана тілін қалай бағалайды? Сендер өз тілінді неге тенер еліндер?
- Егер тілім ертең болса құрымак.  
Мен дайынмын өзүге де бүгін-ак, –  
деген жолдардан автордың қандай касиеттері көрінеді?*
- Ақынның осы пікірін өз кезкарасымыз тұрғысынан бағалап, сұраптарға жауап берес отырып пікірімізді білдірейік.
  - Тіл қандай жағдайда құруы мүмкін?
  - Оны сактап калу үшін біз не істеуіміз керек?



1. «Мениң тілім қандай тіл?» такырыбына сынни хабарлама жазайык.



Р.Гамзатовтың «Ана тілі» өлеңінің жалғасын тыңдайық (10- аудио ).



- Өлеңнің жалғасы не туралы?
- Ақын Махмұд деп кімді айтып отыр?
- Сендер өлеңге қандай атау беретін еліндер? Ойымызды дәлелдейік.
- Ассамблея естілмесін сезі де,  
Ана тілім – ұлы менің өзіме.. –  
деген жолдарды тарихи жағдаймен байланыстыра отырып түсіндірейік.*



1. Ақынның тұган тіліне деген махаббаты өлеңнің кай шумактарынан анық байқалады? Топпен талқылайык.

2. Темендең сұраптарға жауап берейік.

- Ассамблея деген не?
- Авар тілінде кімдер сейлейді?
- Ол тілдің казіргі жағдайы қалай?

3. Ақын өлеңінің әсерлі шығуына негіз болып тұрған сездер мен сез тіркестерін анықтайык.



1. Темендең суреттер мен езге де акпарат көздерін пайдаланып, казак пен авар халықтарының мәдениеті мен салт-дастуріндегі ұксастықтарды салыстырайык.



1. «Әр үттө өзінің ана тілінде гана бақытты » деген пікірге көзқарастарын калай, ұштаса ма? Бүгінгі казак тілінің орнын калай бағалар еліндер?
1. Досымызға осы елең жолдарын оку туралы ұсыныс хат жазайық. Хатта осы өлеңге тән негізгі үш ерекшелікті санамалап көрсетейік.
- Расул Фамзатовтың «Менің Дағыстаным» повесін түсініп оқылық (Аудармашы Кенжеболат Шалабаев).

### «Менің Дағыстаным» повесі

...Күндердін күнінде Парижде бір дағыстанның суретші кездес-тірдім. Революциядан кейін іле-шала Италияға окута кетіпті де, итальян кызына үйленіп, еліне кайта алмай қалыпты. Тау ішіндегі дәстүрге үйреніп калған әлгі дағыстанның жігіт көпке дейін өзінің жана отанына үйрене алмай жүріпти. Жержүзін талай шарлап, алыстағы бетен елдердің жарқ-жүрк еткен астаналарында да болыпты. Бірак қайда барса да, туған елін ансан, зарықкан сезім сонынан қалмай-ақ қойыпты. Осында сезімнің бояу арқылы бейнеге қалай айналдырылғанын көргім келді де, өзің салған суреттерді көрсетші деп етіндім.

Бір суреттің аты «Елді ансау» еken. Суретте байыргы авар кімін киген итальянка (суретшінің әйелі) бейнеленген. Ол тау ішіндегі

Расуя Гамзатов

Менің

Датыстасым



бұлактын басында тұр, колында – атакты Гоцаттан шеберлері нақыштап жасаған күміс күмыра. Тау баурайында – қайғырып, тұнжырап тұрған авардың тас ауылы. Ауыл үстіне төніп тұрған таулар бұдан да бетер қайғырып, тұнжыраулы. Тау тәбесін тұман баскан.

– Тұман, – деді суретші, – ол – таудың көз жасы. Таудың баурайын тұман басқанда, тастың тілім-тілім әжімін бойлап, мәлдір тамшы ағады ғой. Тұман – бұл мен.

Екінші суреттен тікенек бұтаның басында отырған құсты көрдім. Ал бұта болса, жалаңаш тасты как жарып шығып өсіп тұр. Құс сайрап тұр да, оған өз үйінің терезесінен қайғылы бір тау қызы қарап тұр. Менің суретке назар аударғанымды байқап қалды да:

– Бұл аварлардың көне анызының желісі бойынша салынған сурет, – деп түсіндірді суретші.

– Қандай аныз бойынша?

– Құсты ұстап ап, торға қамап койыпты. Торға түскен құс күні-тұні бірдей «елім, елім, елім, елім, елім» деп каксай беріпти... Сонғы жылдар бойы тап осылай қаксап журген мен сиякты... Құс несі ойлапты: «Мұның елі қандай еken, ол қайда болды еken? Мүмкін мұның елі гүл жайнаған тамаша бак секілді шығар, жұмактағы ағаш өсіп, жұмактағы құс мекендейтін. Мен осы құсты далаға коя берейін де, оның қайда ұшып кеткенін көрейінші. Сонау алыстағы ғажап елдің жолын көрсетсін маған». Сейтіп, ол тордың қакпағын ашыпты да, құсты босатып жіберіпти. Құс он қадам ұшып барыпты да, жалаңаш тасты как жарып тұрған тікенек бұтаға коныпты. Осы бұтаның жапырағының арасында ұясы бар еken оның. Мен де өз еліме, өзімді-өзім қамаған тордың терезесінен қарап жүрмін ғой, – деп аяқтады суретші әнгімесін.

– Елге неге қайтыныз келмейді сіздін?

– Кеш кой. Кезінде туған жерімнен жанып тұрған жас жүргімді алып кетіп едім. Енді еліме тек қаудыраған ку сүйегімді қайтаруға хакым бар ма менін?

Парижден оралысымен-ак, әлгі суретшінің туған-туысқандарын іздел тауып алдым. Танғалғаным сонша, оның шешесі тірі еken әлі. Суретшінің туған-туысқандары жиналышп, өздерінің елден безген, туған жерін жат жерге айырбастап жіберген ұлы жайындағы әнгімемді күніреніп, қайғы-касіретпен тындалды. Бірақ ұлы на ке шір ім

еткен секілді боп көрінді маған. Олар оның тірі жүргеніне қуанды ма, қалай, әйтеуір, кенеттеп шешесі:

- Сендер аварша сейлестіндер ғой? – деп сұрады менен.
- Жок. Біз тілмаш арқылы сейлестік. Мен – орысша, ал сенің ұлың – французша.

Ұлының өлгөнін жана ғана естігендей боп, бетін қара орамалмен жауып ала койды суретшінің шешесі. Үйдің шатырын тырсылдатып, далада жаңбыр жауып тұр. Біз Аварияда тұрмыз. Ал жердің екінші жағында, Париже, Дағыстанның адасқан ұлы да, мүмкін, жаңбырға құлак салып отырған шығар тап осы сәтте. Біраз үндемей отырғаннан кейін суретшінің шешесі айтты:

- Сен категестін, Расул. Менің ұлым баяғыда өліп қалған. Сенің көргенін – менің ұлым емес. Менің ұлым өзім үйреткен, авар анасы үйреткен тілді ұмытуға тиіс емес...



1. Шығармаға қандай оқиға арқау болған?
2. Оқиға қай жерде, қашан өткен?
3. Әңгіменің басты кейіпкері кім? Од немен айналысады?
4. Суретшінің салған суретінде қандай аныз бейнеленген?
5. Сендер қандай анызды білесіндер?



1. Автор суретші образын ашуда қандай көркемдегіш күралдарын пайдаланғанын анықтайык.
2. «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтение жақсы сөйтесең, ол – сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтение жақсы сөйтесең, ол – күйініш» деген Халел Досмұхамедұлы пікірін шығарма мазмұнымен байланыстыра отырып талдайык.
3. Дәйектемелерімізде ұсына отырып, улғі-кестесін толтырайык.

Атауы	Жанры	Негізгі идеясы, тәрбиелік мәні	Менің түйген тұжырымы

4. Төмөндегі сұраптарға жауап берे отырып, суретшіге мінездеме берейік.

«Тұман – бұт мен», – дейді.

Суретші азылъына  
кайтпайды.

Here?

Еліме тек қаудыраган  
ку сүйегімді кайтаруга  
хакым бар ма? – дейді.

5. Егер сендер суретшінің орнында болсаңдар не істер едіндер?



1. Суретшінің өзі салған екі суреті мен сезімдерінің арасында байланыс бар ма? Сурет пен әңгімете ортақ тақырыптарды тауып жазайык.
2. Р.Гамзатовтың өзіміз оқыған екі шығармасының арасында ортақ ойлар бар ма? Салыстырып көрейік.

3. Берілген макал-мәтеддер мен Гамзатов шығармаларында байланыс бар ма?
  - Тілін бітмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.
  - Тілі елген ел – тірі елген ел.
  - Тіл – өлшеусіз казына, өрісі кен әлем.
  - Тіл коса алар жер мен көктің арасын, тіл айырар анасы мен баласын.
4. Вени диаграммасы арқылы суретші бейнесі мен аныздагы құстин бейнесін салыстырайык.

Айырмашылығы

Үқастығы

Айырмашылығы

Суретші бейнесі

Аныздагы құс бейнесі



1. Суретшінің ана тілі – авар тілін ұмытып, француз тілінде сөйлесуін қалай бағалар едіндер? Кейіпкердің мұндай әрекетіне не себеп болды деп ойтайсындар?

2. Өнгімедегі суретші сияқты адамдар бүтінгі біздін қоғамда да бар ма? Оларға қандай тілек немесе өтініш айттар едіндер?

3. «Егер тілім ертең болса құрымақ. Мен дайынмын өтуге де бүгін-ақ» деген Р.Гамзатовтың сөзі мен суретші анасының сезін салыстырып, тілдін өз өміріміздегі орнына баға берейік.



1. Р.Гамзатов «Менің Дағыстаным» атты бірінші кітабында: «... Мен үшік халықтардың тілдері аспандағы жұлдыздар сияқты. Бартық жұлдыздарды бір қосып, аспанның қақ жартысын атып жетатын жардай жалғыз жұлдызы жасаудың керегі жоқ. Ол үшін Күн бар. Біраз жұлдыздар да жарқырай берсін. Әр адамның өз жұлдызы болсын. Мен өз жұлдызымы – өзімнің ана тілімді, авар тілін жақсы көремін. Кішкене тауда да көп аттын батуы мүмкін деген геологтерге қосылтамын мен. Құдайым сенің баталарыңды ана тілінен айырсын деп қарғаган еken бір әйелді бір әйет», – дейді. Сынып ішінде осы пікірді талдаң, «Мен өзімнің ана тілімді жақсы көремін» деген тақырыпта эссе жазайык.

2. Дағыстандық суретші жігітке кенес беру хатын жазайык.

3. Теменде берілген суреттер мен шығармадағы негізгі ойцы байланыстырып шағын ойтолғау жазайык.



## Шығармашылық зертхана

«..Мен Расул өлеңдерін көптен аударып журмін. Алғашқы кезде тек өзім үшін ғана аударғанмын. «Ана тілі», «Тырналар», «Жұз қызыға ғашық болдым мен» сияқты жырларды қызық үшін қазақшалағанмын. Мен оның дүрілдеп шыққан атағына да қызықкан жоқпын, өлеңдерінің қарапайым сүйкімділігіне қызықтым.

Оз басым аудармаға құрметпен қараймын, оны үлкен өнер деп білемін. Жыр деген – ақынның перзенті. Оны өз перзентідей көрмесең, аударып әуреленудің де керегі жоқ. Қайта өз дүниенен гөрі оған көбірек жаңың ашыса керек. Өйткені ол бейтаныс басқа жүртқа перзент болуға бара жатыр...

Расул өлеңдерін аудару арқылы өзім де көп нәрсені көңілге түйгендеймін. Шамам келгенше әрлі жырды әлсіретпеуге тырыстым. Эрине, дәл өзіндей қайдан болсын. Бірақ ақындық намыс деген бар, үлкен суреткердің көлеңкесінде қалғым келмей, жарысып кеткен жерлерім де жоқ емес...<sup>1</sup>»

### Артық болмас білгенін

Дагыстан – Ресей Федерациясының құрамына кіретін автономиялық республика. Ол Солтүстік Кавказда орналасқан. 1921 жылы 20 қантарда құрылған. Астанасы – Махачкала.

Дагыстанда лезгин, ногай, орыс, украин, еврей, авар және т.б. ұлттар тұрады. Ұлттардың ішінде ең көбі – аварлар.

Дағыстан әдебиеті авар, құмық, дарғын, лезгин, лак, тат, табасаран, ногай және орыс тілдерінде дамыған. Солардың ішінде Дағыстан әдебиетін авар тілінде дамытқан ақындардың бірі – Расул Гамзатов. Әкесі Гамзат Цадаса да Дағыстанның халық ақыны (1877–1951). Оның шығармаларының озық улгілері орыс тілі арқылы көптеген елдерге тараган.

### Кері байланыс: «Жетістік ағашы»

Расул Гамзатовтың «Ана тілі» өлеңі мен «Менин Дағыстаным» повесі тақырыптары бойынша алған біліміміз бен іс-әрекетімізші калай бағалаймыз? Жетістік ағашынан өзімізді тауып бояп, корытынды тұжырымшарымызды жазайык.



<sup>1</sup> Жиенбаев С. Расул Гамзатов – жырлары. Кітапта: Тырналар. Алматы: Жазушы, 1981.

## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бабалар сөзі: Жұзтомдық. Т. 76: Новеллалық ертегілер. Астана: Фолиант, 2011.
2. Қыраубайқызы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том: Ежелгі әдебиет. Томды баспаға әзірлегендер: Г.Аскарова, Н.Мәтбек. Астана: Өнер, 2008.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Атамұра, 2005.
4. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы: Раритет, 2011.
5. Жеменей И. Түркі халықтарының әдебиет тарихы. Алматы: С.Демирель университеті, 2014.
6. Маңырыұты С., Қыраубайқызы А., Құрманбай К. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2016.
7. Машани А. Әл-Фараби көпірі: Макалалар. «Әл-Фараби» роман. Алматы: Алатая баспасы, 2005.
8. Дербісалиев Ә. Әл-Фарабидің эстетикасы. Алматы: Издание КазГУ, 1980.
9. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы: Рауан, 1995.
10. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. 1-том. Құраст.: М.Магаунин, М.Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1989.
11. Абай (Шбраһим) Құнанбайұлы . Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том: Өлеңдер мен аудармалар, карасөздер. Алматы: Жазушы, 2005.
12. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. Құраст.: Б.Мамраев, А.Еспенбетов, Қ.Ергебеков. Алматы: Фылым, 1993.
13. Коныратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том. Алматы: «МерСал» баспа үйі, 2004.
15. Ыскакұты Д. Әдебиет альштары. Астана: Фолиант, 2004.
16. Мұратбеков С. Басында Ушқараның. Алматы: Қазақстан, 2010.
17. Бекей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. Алматы: Атамұра, 2003.
18. Карапов М. Қалмақан Әбдіқадыров: өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Қазақстан, 1997.
19. Әбдіқадыров К. Қажымұқан. Повестер мен әңгімелер. Астана: Фолиант, 2009.
20. XXI ғасырдағы казак әдебиеті (2001–2011). Ұжымдық монография. Алматы: Арда, 2011.
21. Алтай А. Казино. Алматы: Атамұра, 2008.
22. Жұніс Е. Үміт жырлары. Алматы: Хантәнірі, 2014.
23. Ганзатов Р. Менін Дағыстаным. 1-кітап. Аударған Кенжеболат Шалабаев. Алматы: Жазушы, 1971.
23. Ганзатов Р. Тырналар. Лирика. Орысшадан аударған Саги Жиенбаев. Алматы: Жазушы, 1981.

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР

1. Білім порталы – <http://edu.kz>
2. Шеберлік энциклопедиясы – <http://igrushka.kz>
3. «Балалар шығармашылығын дамыту орталығы» – <http://www.detkam.e-papa.ru>
4. Онлайн кітапхана – <http://www.e-books.kz>
5. «Ұлттық акпарттық орталығы» – <http://moodle.nci.kz>
6. Педагогтердің желілік көгамдастыры – <http://rusedu.net>
7. Танымдық-акпарттық портал – <http://www.kamshy.kz>
8. Танымдық-акпарттық портал – <http://www.massaget.kz>
9. «Білімді ел» республикалық журнал – <http://bilimdiel.kz>
10. Акпарттық-танымдық портал – <http://namys.kz>
11. Түсіндірме сездігі – <http://lugat.kz>
12. Акпарттық порталы – <http://abai.kz>
13. Электронды кітапхана – <http://ikitap.kz>
14. Акпарттық порталы – <http://adebiportal.kz>
15. Балалар әлемі: сезжұмбактар, жұмбактар, макал-мәтеддер <http://balalaralemi.kz>
16. Танымдық портал – <http://balakai.kz>
17. Жаңалыктар порталы – <http://inform.kz>
18. Жаңалыктар порталы – <http://stan.kz>
19. Акпарттық-танымдық портал – <http://twig-bilim.kz>
20. Жаңалыктар порталы – <http://bad.kz>



*Учебное издание*

**Керимбекова Баян Даuletқановна  
Муканова Жанерке Жандаровна**

**КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА**

Учебник для 6 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Окулықта суретшілер *Б.Беймен, Т.Ордабеков, Р.Құлғабатыров, Б.Кышқаш, Д.Қастеев, Е.Мельник және фотограф С.Қызайбековтің* сносктері пайдаланылды.

Редакторы *Ж.Досбай*  
Көркемдеуші редакторы *Ж.Болатаев*  
Техникалық редакторы *Л.Садықова*  
Корректоры *Ж.Баймагамбетова*  
Компьютерде беттеген *Ж.Бекбосынова*

Баспаға Казакстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5688

Басуға 05.06.18 қол койылды. Пишиі 70·100<sup>1/16</sup>. Офсеттік кагаз.  
Карп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы 12.26.  
Шартты бояулы беттәнбасы 49,68. Есептік баспа табагы 10,14.  
Таралымы 50 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34  
E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)  
Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)

